

*«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы*

Қазақстан Республикасының  
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

**ҚЫЗМЕТ  
ХРОНИКАСЫ  
2002 ЖЫЛ**



АСТАНА 2012

УДК 342  
ББК 67.400.6  
Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

**Редакциялық-баспагерлік топ:**

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,  
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,  
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,  
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,  
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет  
хроникасы. 2002 жыл. — Астана: Деловой Мир Астана, 2012. — 346 б.

**ISBN 978-601-7259-42-6**

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 2002 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітаптың компакт-дискідегі мультимедиялық нұсқасы ұсынылған. Басылым көпшілік оқырманға арналған.

УДК 342  
ББК 67.400.6

**ISBN 978-601-7259-42-6**

© Қасымбеков М.Б., 2012  
© «Деловой Мир Астана» ЖШС. 2012  
© Барлық құқықтары қорғалған

# 2002

жыл Мемлекет басшысының стратегиялық басқару саласындағы, экономикалық даму тиімділігін арттыруға бағытталған институционалды жаңғыртулар мен экономика саласындағы болашағы бар жаңа бағыттарды іздеуге бағдарланған жаңа бастамаларға толы болды. Атап айтқанда, сол жылы Президенттің жарлығымен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы құрылды. Мұнай-газ саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру оның басым міндеттері болып белгіленді. Бірнеше компаниялардың бірігуі негізінде жаңа ірі компания құрудың маңызы ұлттық экономиканы дамытудың басты тірегі болып табылатын корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру мен республиканың мұнай-газ ресурстарының тиімді игерілуіне орталықтан бақылау жасау қажеттігімен айқындалды.

2002 жылы стратегиялық басқару саласы бойынша Президент әрбір жылды қандай да бір саланың немесе қызмет бағытының жылы деп атау тәжірибесінен бас тартуды және үш жылға арналған басымдылықтарды анықтап беруге көшуді ұсынды. Ол Үкіметтің жұмысына және оның әзірлейтін бағдарламаларына өз әсерін тигізді.

Бұл жыл И.Н. Тасмағамбетовтің төрағалық еткен Үкіметтің жаңа құрамының құрылуымен айшықталды, оған жаңа үшжылдық жоспарлау тәртібінде жұмыс істеу қажет болды. Мемлекет басшысы жаңа Үкімет құрамының алдына мемлекет үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық блоктың бірқатар кешенді міндеттерін қойды. Ол міндеттерді Президент ақпан айында өткен жаңа Министрлер кабинетінің алғашқы ұйымдастыру отырысында, сондай-ақ Үкіметтің 2002–2004 жылдарға арналған бағдарламасы талқыланған кеңейтілген үкімет отырысында жариялаған болатын. Отырыс барысында Н.Ә. Назарбаев денсаулық сақтау саласының, аграрлық сектордың дамуы, әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, импорт алмастыру саясатын іске асыру, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, шағын және орта бизнестің дамуы, кедейлікпен күрес және тағы басқа алға қойылған міндеттердің сапалы орындалуына баса назар аударды.

Сәуір айында Президент «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына Жолдауының басты міндеттерінен туындайтын мәселелер бойынша облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдерімен жұмыс кеңесін өткізді. Осы жылдың басты құжатында Мемлекет басшысы ауылды жаңғырту, болашағы бар аудандарды және барлық ауыл шаруашылығы саласын дамыту, басқару деңгейлері бойынша мемлекеттік функцияларды ажырату және ауылды жерлердегі билікті нығайту мәселелерін ерекше қадап айтты. Ауылдық өңірлердің экономикалық, демографиялық, көші-қон, әлеуметтік, экологиялық факторларды қозғайтын кешенді іс-шаралар, жалпы алғанда, мемлекеттің 40% халқының өмірін жақсартуға бағытталды. Алдағы 3 жыл ауыл қолдау жылдары болып жарияланды, осы жылдар ішінде ауыл шаруашылығы саласына бюджеттен қосымша 24 млрд. теңгеден астам қаражат бөлу жоспарланды. Бұл ретте, жоспар бойынша салынған қаражаттар өнімнің бес есе өсімін беруі керек болды.

Биылғы жылы Н.Ә. Назарбаев бірінші рет Қазақстан халқына Жолдауын бұрынғыдай республикалық бюджет құрылып болған соң емес, қалыптастырылу барысында жариялады, бұл депутаттық корпусқа Президенттің белгілеп берген міндеттеріне қажетті қаржы қаражатын бөлуді жедел түрде ескеру мүмкіндігін берді.

Мамыр айында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңесінің отырысында төрағалық етті. Кеңес отырысының шеңберінде жинақ портфелін басқару тиімділігін арттыру, Ұлттық қорды тұрақтандыру функцияларын нығайту, есеп саясаты мен қаржы қаражатын есептеу тетіктерін жетілдіру жөнінде тапсырмалар берді. Президент министрліктер мен ведомстволардың басшылары, архитектура және құрылыс компаниялары өкілдерінің қатысуымен Астана қаласын одан әрі дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Оның қатысуымен оңтүстік мегаполисті дамыту болашағына арналған әкімдіктің және Алматы қаласы қызметтері басшыларының кеңесі өтті. Тамыз айында Президент облыстардың, Алматы және Астана қалалары әкімдерінің қатысуымен болған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысып, сөз сөйледі. Онда мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002 жылғы бірінші жартыжылдық қорытындылары жасалды.

Қазан айында Н.Ә. Назарбаев Премьер-министр И.Н. Тасмағамбетов пен оның орынбасарларын қабылдады және тоғыз айлық жұмыс есебінің қорытындысы бойынша олардың алдында салық жүйесін жетілдіру, кедейлік және жұмыссыздықпен күрес, индустриялық саясатты зерттеу және қор нарығын одан әрі дамыту бойынша нақты міндеттер қойды. Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес Үкімет жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірісті дамытуға, сондай-ақ тұтынушылық нарықты көтеруге бағытталған Индустриялық саясат тұжырымдамасын жан-жақты зерттеу жұмысын бастады.

Желтоқсан айында Президент тағы да Премьер-министр И.Н. Тасмағамбетов пен оның орынбасарларын қабылдады. Олар 2003 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің қабылдануы және елдің басты қаржылық құжатының атқарылу шаралары туралы баяндап берді. Сондай-ақ Үкімет индустриялық саясат тұжырымдамасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс және Жер кодексінің Парламентте талқылану барысы туралы есеп берді. Бұл құжаттың маңыздылығы, онда бірінші рет ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншіктің белгіленуімен айқындалды.

және ол ауыл шаруашылығы саласындағы ғана емес, сондай-ақ ел тәуелсіздігі жылдарындағы бүтін экономика саласындағы ірі реформа болды.

Жалпы, жыл ішінде Президент орталық және өңірлік атқарушы органдардың жұмысын ерекше назарда ұстады және Үкіметтің отырыстары мен кеңестеріне белсенді түрде қатысты. Осы кезең ішінде Мемлекет басшысы бірнеше рет Премьер-министр мен оның орынбасарларын, Үкімет мүшелерін қабылдады, Ұлттық банк, Есеп комитеті, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, әкімдердің есептерін жиі тыңдап отырды. Бұл экономиканы дамыту бойынша жоспарланған барлық міндеттерді сапалы және уақытылы орындау қажеттігімен байланысты, республиканың дамудың жаңа деңгейіне шығу келешегі сол уақыттағы қойылған міндеттердің іске асу дәрежесімен байланысты болған еді.

Мемлекет басшысы дәстүрлі түрде халықаралық экономикалық ынтымақтастық мәселесіне айрықша назар аударды. Шілде және желтоқсан айларында Президент Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің отырысында төрағалық етті. Осы отырыстардың барысында Қазақстанның инвестициялық климатын одан әрі жақсартудың мүмкіндіктері, импортты алмастыру саясатын жүзеге асыру, жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау, сондай-ақ ДСҰ-ға кіру болашағы мен мемлекетті жаңа салымдарға тартымды ете алатындай шараларды табу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысының Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьермен, «Glencore International AG» швейцариялық компаниясының президенті В. Штротхоттемен, «Лукойл» АҚ ресейлік компаниясының президенті В.Ю. Алекперовпен, Дүниежүзілік банк президенті Дж. Вулфенсонмен, Дүниежүзілік экономикалық форум президенті К. Швабпен, «LNM Group» тобының төрағасы Л. Митталмен, «TotalFinaElf» франциялық мұнай тобының төрағасы Т. Демарзмен, Гонконгтың танымал бизнесмені, қоғам қайраткері және саясаткері Хо Стенли Хунмен, Басқарма төрағасының орынбасары Й. Цоларич бастаған «KRKA» (Словения) фармацевтикалық фирмасының делегациясымен, «Hurricane Hydrocarbons Ltd.» компаниясының Директорлар кеңесінің төрағасы Б. Исотьемен, «Харрикейн ҚұмкөлМұнай» ААҚ президенті Т. Марломен, «Газпром» ААҚ Басқармасының төрағасы А.Б. Миллермен, «Chevron-Техасо» корпорациясының Басқарма төрағасының орынбасары П. Робертсонмен, «British Gas» компаниясының атқарушы директоры Ф. Чапмэнмен және тағы басқаларымен кездесулері экономика саласындағы өзара халықаралық әрекеттерін одан әрі кеңейту мәселелеріне арналды.

Экономика саласында жеткен жетістіктер бірінші рет «даму мен әлеуметтік сенім бюджеті» деп атауға толық құқы бар бюджетті қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл ретте, өткен жыл еңбекақы төлеу мен әлеуметтік сақтандыру саясаты мәселелерінде межелі жыл болды. Ең алдымен, бюджет саласының қызметкерлеріне әсер еткен еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Осы жылдан бастап ТМД елдерінде баламасы болмаған «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заң қолданысқа енгізілді. 2002 жылы Қазақстан ТМД елдері арасында балаларға, жұмыссыздарға, мүгедектерге, зейнеткерлерге, студенттер мен тұрмысы кедейлік шегінен төмен адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуден көшбасшы атанғаны айқындалды. Әлеуметтік сақтандыру тармақтарына еңбекақы төлеу, зейнетақы төлеу мен кедейлікпен күрес мәселелері енді, сондай-ақ Қазақстан азаматтарының инфляция

кезінде жоғалтқан КСРО жинақ банкіндегі салымдарын өтеу жөніндегі теңдессіз акциясымен толықтырылды. Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде 2002 жылдан бастап жүзеге аса бастаған және 2005 жылды қоса ала отырып жүргізу жоспарланып отырған болашақ өтемақы жоспарын жария етті.

Жаңа экономикалық мүмкіндіктердің арқасында мемлекеттік саясатта кез келген елдің әлеуетін құрайтын денсаулық сақтау, ғылым және білім салаларына айрықша назар аударылды. Денсаулық жылы болып жарияланған 2002 жыл, шынымен де, денсаулық сақтау саласының дамуында бетбұрысты жыл болды, атап айтқанда, ана мен бала өлім-жітімі төмендеді, туберкулез және басқа да жұқпалы аурулармен күрес күшейтілді. Жыл ішінде 88 жаңа денсаулық сақтау объектілері қолданысқа берілді, қалалар мен ауылдарда 500-ден астам денсаулық сақтау объектілері жөнделді, сондай-ақ сырқат адамдарға диагноз қою үшін көптеген жабдықтар сатып алынды. Президент ғылым және білім мәселелеріне ерекше назар аударды. 2002 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында елдің жетекші ғалымдарымен кездесті. Ол қолданбалы ғылым Қазақстанның өндірістік күштерінің бірі болуы керек екенін атап айта отырып, нақты міндеттер шешілетін ғылым академиясы институттарын реформалау мәселесіне айрықша назар аударды.

Н.Ә. Назарбаев Үкіметке заң бойынша көзделген Ғылым қоры туралы ереже әзірлеуді және мақсатты түрде жұмсалатын қаржы қаражатын бөлуді тапсырды. Олар ең алдымен, жас талантты ғалымдарға, серпінді жобаларға, біздің мамандардың әлемдегі үздік ғылым орталықтарында сынамадан өтуге қолдау көрсетуге бағытталуы керек болды. Сондай-ақ, жастардың ғылым саласында тұрақтап қалуы және ресейлік ғалымдармен интеграцияны дамыту, біріккен ғылыми жобалар үшін орталықтар ашу мәселелері көтерілді. 2002 жыл қазан айында Алматы қаласында Қазақстан-Британия техникалық университетінің ашылуымен айшықталды. Университетті ашу идеясын Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынды, бұл елдің өнеркәсіп саласына жоғары білікті кадрларының сапалық санын арттыруға бағытталды.

Жыл бойы Мемлекет басшысы ел өңірлеріне жұмыс сапарларымен барды. Атап айтқанда, Ақтөбе және Атырау қалаларында болған облыстық активтердің кеңесінде Президент жаңадан тағайындалған облыс әкімдерімен таныстырды, сондай-ақ бірқатар өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарын аралап шықты. Шығыс Қазақстан облысында Президент құрылысы жүріп жатқан, Финляндияда сатып алынған жинау желісінің жөнделуі аяқталып қалған автокөлік жинау зауытында болды. Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысына жасаған сапары кезінде «Теміртау химия-металлургиялық зауыты» ЖШС-нде болып, марганец қорытпаларын өндіру бойынша бірегей цехты іске қосты. Қостанай облысында Президент қалалық балалар ауруханасына барып, медицина қызметкерлеріне 15 жабдықталған «Жедел медициналық жәрдем» автокөліктерін сыйға тартты.

Жалпы 2002 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан елдерінің қатарына енді: экономикалық даму қарқыны бойынша Қазақстан үшінші жыл қатарынан ТМД-ның, сондай-ақ Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропаның көптеген елдерінің ішінде көшбасшы атанып келді. Америка Құрама Штаттарының 2002 жылдың көктемінде Қазақстанға ресми түрде нарықтық экономикалы ел мәртебесін беруі соның жарқын дәлелі болды.



2002 жылы ішкі саясатта Президенттің ерекше назарында мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері тұрды. Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына мемлекеттік қызмет туралы заңға айтарлықтай өзгерістерді әзірлеп, енгізу міндеттерін қойды. Олардың қатарында, атап айтқанда, мемлекеттік қызмет сатысындағы конкурстық жүйеден қызметтік өсу жүйесіне көшу, сондай-ақ заңда орын алған барлық қайшылықтарды жою мәселелері де бар. Мемлекеттік қызметтің кадрлық қамсыздандырылу мәселесіне де айрықша назар аударылды. Астана қаласында өткен Қазақстан жастарының II Конгресінде сөз сөйлей отырып, Президент жаңа басқару элитасының қалыптасу маңыздылығын және берекелі, намысшыл, дамыған экономикасы мен жоғары мәдениеті бар Қазақстанды тиімді құру үшін мемлекеттік құрылымдарға жаңа күш ағыны қажет екенін атап өтті.

Осы кезеңде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы өкілеттікті ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеу жұмысын бастады. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік функциялар тізбесінің оңтайлы жобасы және олардың басқару деңгейлері бойынша аражігінің ажыратылуы даярлануы қажет болды. Осы Тұжырымдаманың әзірленуі өкілеттік пен жауапкершіліктің бір бөлігін орталықтан өңірлерге беру арқылы мемлекеттік қызметтің орталыққа тәуелділігін жою қажеттігіне, сондай-ақ тиімді басқару үдерісіне қол жеткізу мақсатында билік құрылымындағы сайланатын және тағайындалатын басқару позициясын анықтау мен белгілеу маңыздылығына негізделді.

2002 жылы Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі демократияландыру үшін бірқатар нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, Президент Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту жөніндегі тұрақты кеңес құру бастамасын ұсынды. Осы кеңес республикада азаматтық қоғам институттарын тарту арқылы маңызды басқарушылық шешімдерді қабылдау процесін келісудің жаңа пікір алмасу тетіктерін қалыптастырудың басы болды.

Сондай-ақ омбудсмен институты да құрылды, ол әлемдік деңгейде демократиялық тамырын тереңге тартқан Қазақстан үшін жаңа адам және азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі мемлекеттік институт болып табылады. Осы институтты құру Қазақстанның адамдар құқығы мен бостандығын қорғау мәселесіне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті.

Этникааралық және конфессияаралық қатынастардың саласы да дамудың жаңа кезеңімен айшықталды. 2002 жылы елдегі ұлтаралық саясат тиімділігінің сапасын арттыруға бағытталған Қазақстан халықтары Ассамблеясының Стратегиясы, сондай-ақ аталған органның құқықтық мәртебесін бекіткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының Ережесі қабылданды. Қараша айында Ассамблеяның IX сессиясы өтті, оның аясында кездесуге қатысушылар Мемлекет басшысының Ассамблея өкілдерін Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар құрамдарына депутаттарды сайлау науқанына қатысу үшін дайындықты бастау қажет деген пікірін мақұлдады.

Сондай-ақ бұл жыл қоғам мен мемлекет өмірінде БАҚ рөлінің айтарлықтай артуымен де есте қалды. Наурызда Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Журналистер одағы мен Қазақстанның Телерадиохабар тарату қауымдастығы ұйымдастырған Қазақстан журналистерінің I Конгресіне қатысты. Кездесуде билік пен

баспасөздің арақатынасы туралы өзекті мәселе сөз болды, Қазақстандағы БАҚ-ты дамыту жөніндегі маңызды мәселелер талқыланды және конгресс жұмысының қорытындысы бойынша қатысушылар қорытынды қарар қабылдады. Онда сөз және басылым еркіндігі «Қазақстанның демократиялық дамуының, оның азаматтық қоғамға қарай одан әрі қадам басуының өзгеріссіз шарты болуы керек» деп атап көрсетілді. Конгрестің маңызды қорытындыларының бірі Мемлекет басшысының 2002 жылғы 10 желтоқсандағы Жарлығымен өзінің жанында Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі қоғамдық кеңес құрылды. Кеңеске Мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастыруда Президентке қолғабыс ету, БАҚ саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, БАҚ мүдделерін және заңды құқықтарын қорғау, БАҚ саласындағы ақпараттық даулар мен басқа да қақтығысты жағдайларды шешуге қатысу мәселелері жүктелді.

Жыл бойы Президент БАҚ-тармен дәстүрлі түрде жоғары деңгейде өзара әрекет етті, атап айтқанда, бірқатар отандық БАҚ-тарға («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Хабар» агенттігі, «Экспресс К», «31 арна», «АСТВ» телекомпаниясы), сондай-ақ шетелдік басылымдарға — «The Washington Post» (АҚШ), «The Mainichi Shimbun» (Жапония), ресейлік «Известия» және РТР, британдық «Financial Times» және «The Daily Telegraph» және тағы басқаларына сұхбат берді.

Мемлекет басшысы мәдени даму мәселелеріне айрықша назар аударды. Жыл басында Н.Ә. Назарбаев Астана қаласында ТҮРКСОЙ түркі тілдес елдердің Мәдениет министрлерінің Тұрақты кеңесінің кезекті отырысына қатысушылармен кездесті, мамыр айында Ислам ғылым академиясының делегациясын қабылдады. Сәуір айында Алматы қаласында Қазақстанның ғылым және мәдениет өкілдерінің тобымен кездесу өткізді. Ғылымды мемлекеттік қолдау мәселесі Президенттің Ұлттық ғылым академиясында еліміздің жетекші ғалымдарымен кездесуінде сөйлеген сөзінің басты тақырыбына айналды.

Жылдың айшықты саяси және мәдени оқиғаларының бірі ретінде қазан айында Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Түркістанда өткен Бүкіләлемдік қазақтардың II құрылтайын атауға болады. Құрылтайға әлемнің шамамен 40 елінен 400-ден астам делегаттары жиналды. Құрылтай, шынымен де еліміздің іргесі нығайып, тәуелсіз мемлекетке айналғанын дәлелдей түсті, себебі ол бүгінгі күнді ғана ойлап қоймай, әртүрлі себептермен шетелдерге кетуге мәжбүр болған қандастарының тағдырына да алаңдайтынын көрсетті. Форумда «Шетелдегі отандастарға қолдау көрсету туралы» 2003–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның жобасы талқыланды.

Мәдениет саласындағы тағы бір жарқын оқиға ЮНЕСКО тарапынан қыркүйек айында өткізілген көне Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы болды.

Күзде сондай-ақ қазақтың соңғы ханы, тарихта Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттігі үшін күрескен қаһарман ретінде аты қалған Кенесары Қасымовтың 200 жылдығы тойланды.

Жыл ішінде Президент бірқатар мәдениет қайраткерлерін қабылдады, атап айтқанда, еліміздің халық әртісі, танымал әнші-сазгері Е. Хасанғалиевті, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Н.М. Оразалинді, халық жазушысы Ә.К. Нұрпейісовті, Абай атындағы Опера және балет академиялық театрының солисі М. Мұхамедқызын, Қазақстанның халық жазушысы Т. Әбдірахманованы және тағы басқаларын қабылдады.





Сыртқы саясат аспектісіндегі 2002 жылғы қорытындыларды бағалай келе, Қазақстанның 2002 жылғы сыртқы саясатының бағдары екі негізгі бағытқа түйіскенін атап өткен жөн. Бірінші бағыты шетел мемлекеттерімен өзара пайдалы негізде достық байланыстарды қолдау мен нығайтуға және көпжақты ынтымақтастықты дамытуға бағытталды. Екінші бағыттың маңыздылығы халықаралық жағдайдың күрделенуімен, халықаралық лаңкестік пен экстремизм белсенділігінің күшеюімен байланысты болды. Жаңа қатерлерге және осы заманғы қыр көрсетулерге қарсы әрекет ету өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұдан бұрын жасалған шарттар мен келісімдерді нақты мазмұнмен толықтыру бойынша тиісті шаралар қабылдауды талап етті. Осы үрдістердің үйлесімділігі, олардың өзара тәуелділігі дәстүрлі достық және бейбіт сипаттағы біздің мемлекеттің әлемдік қоғамдастықпен қарым-қатынасын белгілеп берді.

Барлық уақытта кез келген мемлекет үшін көршілерімен жақсы қарым-қатынасты сақтау мәселесі басты міндет болғаны белгілі, ол өзара қолдау көрсету мен ынтымақтастықтың алғышарттары болып табылады. Бұл ретте, жылдың сыртқы саясатындағы басты нәтижесі деп бүгінгі таңда Қазақстанның шекара бойымен сенімді «тұрақтылық белдеуі» барын айтуға болады. Өзбекстанмен мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы келісімге қол қою, Ресей Федерациясымен шамамен 80% шекара сызығы бойымен делимитациялау жұмыстарының аяқталуы үлкен маңызға ие.

2002 жыл бірқатар халықаралық сәтті бастамаларға толы болды және олар Қазақстанның әлемдік аренадағы өсіп келе жатқан беделін айқындай түсті. Осы жылы Қазақстан белсенді сыртқы саяси қызметінің арқасында халықаралық сенім білдірудің жаңа деңгейіне шықты және беделді халықаралық форумдардың және жоғары деңгейдегі көпжақты кездесулердің орталығы ретінде бекіді.

Алматы қаласында өткен әлем елдерінің қолдауын тапқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК) I саммиті қазақстандық дипломатияның маңызды серпілісі болды. Форум жұмысына АӨСШК-ке қатысушы 16 елдің өкілді делегациялары, БҰҰ, ЕҚЫҰ, Араб мемлекеттерінің лигасы, бақылаушы-елдер секілді халықаралық ұйымдар да қатысты. Мемлекет басшысы Азия елдері көшбасшыларының басын қосқан саммитті «Қазақстанның дипломатиялық доктринасының квинтэссенциясы», біздің мемлекеттің халықаралық ашық ынтымақтастыққа ұмтылысының бейнесі деп атады. Кездесудің қорытындысы бойынша маңызды құжаттар — Алматы актісі мен терроризмді жою және Азия құрлығындағы халықаралық қатынастар дамуындағы жаңа кезеңді айшықтаған және кеңеске қатысушылардың барлық салалар бойынша келісіп әрекет етуге іс жүзінде даярлығын көрсеткен өркениеттер арасындағы пікір алмасуға жәрдемдесу жөніндегі АӨСШК Декларациясы қабылданды.

Қазақстанның қол жеткізген тағы бір көрнекті жетістігі Алматы қаласында Давос форумы аясында өткізілген II Еуразиялық экономикалық саммиті болды, саммит барысында әлемнің 40 мемлекетінен саясаткерлер мен бизнесмендер таяу жылдарға арналған Орталық Азия өңірінің стратегиясын белгілеуге тырысты. Форум Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға, шетелдік іскер адамдардың қауымымен өзара пайдалы серіктестік байланыстарды дамытуға бағытталды, ал форум қорытындылары бойынша оған қатысушылар инвестиция жағынан өңірдің ең тартымды елдерінің бірі Қазақстан екенін атап айтты.

Қазақстанның сәтті өткізген тағы бір халықаралық бастамасы Алматы қаласында ірі халықаралық ұйымдардың қолдауымен өткізілген I Еуразиялық медиа-форум болды. Медиа-форум өткізу Қазақстанның өркениетаралық үнқатысуға, Еуразия халықтары арасында бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтауға белсенді түрде жәрдемдесуінің жарқын дәлелі болды, сондай-ақ жыл сайын Алматы қаласында дәстүрлі түрде медиа-форум өткізіп тұруға негіз қалады.

Өткен жыл өз кезінде Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған көптеген бастамаларының тиімді өміршеңдігін байқатты. Солардың бірі ЕурАзЭҚ болды, оның кезекті отырысы Астана қаласында 20 қыркүйекте болып өтті. Интеграцияның дамуын көздеген нақты мемлекетаралық экономикалық бағдарламалар кездесудің негізгі бағытына айналды. Күн тәртібіне жалпы алғанда 22 мәселе енді, олардың негізгілерінің қатарында жалпы кедендік тарифтің қалыптастырылуы, өзара сауда-саттықтағы антидемпингтік және өтеу шараларын қолданбау жағдайларында ішкі нарықты қорғау тетіктері, ДСҰ-ға кіру бойынша жұмсалатын күшті үйлестіру мәселелері бар.

2002 жылы Президент сондай-ақ бірқатар ірі халықаралық форумдардың жұмысына қатысты, олардың қатарында ОАЫ-ға мүше мемлекеттер басшыларының (Алматы қ.), ТМД мемлекеттерінің (Кишинев қ.) және Каспий бойы мемлекеттерінің (Ашғабад қ.) саммиттеріне, жаһандық «Таулы саммитке» (Бішкек қ.), ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне (Алматы қ.), Орталық Азия мен Ресей Федерациясы мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне (Ақтау қ.), ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына және ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесінің отырысына (Мәскеу қ.), ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесі отырысына (Санкт-Петербург қ.), БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитіне (Йоханнесбург қ.), ЕурАзЭҚ-тың кезекті отырысына (Астана қ.), Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінің отырысына (Прага қ.) қатысты.

2002 жылы Мемлекет басшысы бірқатар шетел мемлекеттеріне ресми және жұмыс сапарларын жасады. Президент Ресеймен ынтымақтастық мәселелеріне айрықша назар аударды және осы жыл екіжақты ынтымақтастық бағытындағы жаңа жетістіктермен есте қалды. Жыл бойы Мемлекет басшысы Ресей Президенті В.В. Путинмен көпжақты және екіжақты кездесулер аясында бірнеше рет кездесу өткізді. Мамыр айында Қазақстан мен Ресей президенттері Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімнің хаттамасына қол қойды. Желтоқсан айында Мәскеудегі кездесу барысында Қазақстан және Ресей көшбасшылары 2003 жылды Ресейдегі Қазақстан жылы деп жариялау туралы бірлескен шешім қабылдады. Қазақстан мен Ресейдің басшылары көптеген кездесулер барысында Қазақстан-Ресей қарым-қатынасы мәселелерін талқылады, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелерінің өзекті проблемаларын қарады, өзара сауда-экономикалық әрекет етудің келешегі және ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК шеңберіндегі ынтымақтастықты дамыту жөнінде пікір алмасты.

Желтоқсан айында Мемлекет басшысы Қытайға екіжақты ынтымақтастықтың келешегіне жаңа мүмкіндіктер ашқан мемлекеттік сапарын жасады. Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминмен, ҚКП ОК Бас хатшысы Ху Цзиньтаомен, ҚХР Мемкеңесінің премьері Чжу Жунцзимен және Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының Тұрақты комитетінің төрағасы Ли Пэнмен кездесті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен ҚХР арасындағы жақсы көршілестік қатынас, достық және ынтымақтастық туралы Шартқа, сондай-ақ терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрестегі ынтымақтастық туралы; қауіпті әскери қызметті тоқтату туралы; екі елдің ауыл шаруашылығы министрліктерінің шегірткеге және басқа да ауылшаруашылық зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте өзара ынтымақтастығы туралы келісімдерге қол қойды. Сапар барысында Мемлекет басшысы ақпараттық және консалтингілік қызметтерін көрсету есебінен екі елдің сауда-экономикалық байланыстарын нығайтуға жәрдемдесетін Қазақстан-қытайлық ақпараттық-консалтингілік орталықтың ашылу салтанатына қатысты. Содан соң Н.Ә. Назарбаев екі елден 150-ге тарта қатысушылар жиналған Қазақстан-қытайлық іскерлік форумының жұмысына қатысты.

Ақпан айында Президент ресми сапармен Үндістанға барды. Үндістанның Премьер-министрі А.Б. Ваджапамен кездесу барысында терроризмге және өңірлік қауіпсіздікке қарсы тұру мәселелері талқыланды. Үнді Премьері қазақстандық АӨСШК бастамасын жоғары бағалады. Қазақстан мен Үндістан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері келіссөздердің маңызды құрамдас бөлігіне айналды, атап айтқанда, Үндістан жағы Қазақстаннан Үндістанға мұнай құбырының құрылысын бастауға мүдделестік танытты.

Сондай-ақ жыл ішінде Мемлекет басшысы бірқатар еуропалық мемлекеттерге де сапар шекті. Қараша айында Н.Ә. Назарбаев Нидерланды Корольдігіне алғашқы ресми сапарын жасады. Сапар қорытындысы бойынша бірнеше құжаттарға, олардың қатарында инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы, екі ел Үкіметтерінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы және тұрақты әуе қатынасы туралы келісімдерге қол қойылды. Сондай-ақ қарашаның аяғында Н.Ә. Назарбаев Бельгияда болды, оның астанасы Брюссель қаласында орналасқан Еуроодақтың штаб-пәтерінде ЕО Кеңесінің Бас хатшысы, бірлескен сыртқы және қорғаныс саясаты мәселелері бойынша Жоғары өкілі Х. Соланамен және Еурокомиссияның Президенті Р. Продимен кездесті. Кездесу барысында тараптар халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылады, Қазақстан мен Еуропалық Одақтың ынтымақтастығын кеңейтудің келешегін қарады.

Шығысеуропалық бағытта Президент Словения мен Польшаға ат басын тіреді. Мамыр айының аяғында Мемлекет басшысы Словенияға жасаған ресми сапарының барысында сол елдің Президенті М. Кучанмен кездесті. Кездесу барысында президенттер сауда-экономикалық, фармакологиялық салаларда және құрылыс өнеркәсібіндегі байланыстарды кеңейтуге ерекше назар аударды. Сондай-ақ халықаралық саясат мәселелері, Орталық Азия және Балқан өңірлеріндегі жағдай да тілге тиек етілді. Содан соң Мемлекет басшысы Польшаға ресми сапарын жасады және ел Президенті А. Квасьневскиймен кездесті. Келіссөздердің қорытындысы бойынша 3 келісімге: ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы өзара қатынас туралы; Варшава мен Астана қалалары арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімдерге қол қойылды. Сапарлар барысында Президент Н.Ә. Назарбаевқа Словенияның Жоғары мемлекеттік награда-сы — «Бостандық» алтын ордені мен Польшаның — «Ақ бүркіт» орденін тапсырды, өз кезегінде Мемлекет басшысы екі елдің көшбасшыларына I дәрежелі «Достық» орденін табыстады.

Жыл ішінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға сапармен келген мемлекет басшылары — Хорватия, Иран, Грекия, Словения, Өзбекстан президенттері С. Месичпен, С.М. Хатамимен, К. Стефанопулоспен, М. Кучанмен, И.А. Каримовпен кездесті. Келіссөздер барысында тараптар транзитті-көлік саласындағы, мұнай-газ кешеніндегі, телекоммуникация, туризм, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы қатынастардың келешегін, сондай-ақ өңірлік ынтымақтастық пен екіжақты қарым-қатынасты бұдан әрі белсендіру мәселелерін талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша әртүрлі құжаттарға қол қойылды. Олар Қазақстанның аталған елдермен бұдан әрі көпжоспарлы, өзара табысты ынтымақтастығына жаңа серпін берді.

БҰҰ Бас хатшысы К. Аннанның Қазақстанға қазан айында жасаған ресми сапарын ерекше атап өту қажет. Бұл БҰҰ бас хатшысының тарихында Орталық Азия еліне жасаған алғашқы сапары болды. Әңгімелесудің негізгі тақырыбы әлемдегі және Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі болды. Бұл ретте, Ауғанстандағы жағдай және оның халқына елді қалпына келтіру бойынша барынша көмек көрсету туралы пікір алмасты. Н.Ә. Назарбаев БҰҰ-ға Ауғанстанда бейбіт өмір орнату үшін қазақстандық мамандарды және гуманитарлық көмекті қоятын қоймалар мен базаларды орналастыру үшін Қазақстан аумағын ұсынды. Сапар қорытындылары бойынша К. Аннан атап айтқандай, Қазақстан «әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға көшу бағытында үлкен жетістіктерге қол жеткізді, ел ішінде тұрақтылықты сақтап қала білді, өңірлік қақтығысулар барысында көшбасшы ретінде өзін қалай ұстау қажет екенін көрсетті, ядролық қарусыздану мәселесінде нық ұстанымын байқатты».

Жыл ішінде Мемлекет басшысы Қазақстанға келген Ресей Премьер-министрі М.М. Касьяновты, Премьер-министрдің орынбасары — Түркияның Мемлекеттік министрі Д. Бахчелиді, Үндістанның Премьер-министрі А. Ваджпаиді, ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы — Португалия Сыртқы істер министрі А. да Крузты, ЕурАзЭҚ-тың Бас хатшысы Г.А. Рапотаны, Ресей Президенті Әкімшілігінің Басшысы А.С. Волошинді, Франция Сыртқы істерінің Мемлекеттік хатшысы Р. Мюзельені, АҚШ Конгресі өкілдері палатасының мүшесі Р. Векслерді; лорд Уэйверлидің жетекшілігімен Ұлыбритания парламентарийлерінің делегациясын, Абу-Даби әмірлігінің мұрагер ханзадасы, БАӘ Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысының орынбасары шейх Халиф бен Заид әл-Нахаянды, АҚШ Орталық басшылығының Бас қолбасшысы генерал Т. Фрэнксті, Әзірбайжанның Мәдениет министрі — ТҮРКСОЙ Үйлестіру комитетінің төрағасы П. Бюль-Бюль Оғлыны және тағы басқаларын қабылдады.

Президент Қазақстан Республикасындағы Сауд Арабиясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Әли бен Мұхаммед әл-Хамданнан, Румынияның Төтенше және Өкілетті Елшісі В. Соареден, Үндістанның Төтенше және Өкілетті Елшісі В. Вермадан, Ватикан нунциінің Төтенше және Өкілетті Елшісі апостолдық архиепископы Ю. Весоловскиден, Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Тошио Цунодакиден, Корея Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Тэ Сок-Воннан, Италияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Л. Лонгодан, Израильдің Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Кахмиден, Нидерландының Төтенше және Өкілетті Елшісі П.В. Леувеннен, Ұлыбританияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Л. Шарптан, Ауғанстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі Саид Захир Шаха Акбаридан сенім грамоталарын қабылдады.

◆ ◆ ◆

Жыл бойы халықаралық қауіпсіздік және өңірлік тұрақтылық мәселелері Президенттің ерекше назарында болды. Бұл орайда өткен жылы Каспийдің құқықтық мәртебесін реттеу мәселесі Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің маңызды басымдығы болып қала берді. Сәуір айында Ашғабад қаласында Каспий өңірі — Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан мемлекеттері басшыларының саммиті өтті. Бұл оқиға, ең алдымен, әр тараптың Каспий өңірінде бейбітшілік, тұрақтылық және жақсы көршілестік қатынастарды сақтағысы келетінін паш етті. Одан басқа Ашғабад саммиті Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мен оны ұлттық секторлар бойынша бөлу мәселесі бойынша Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан мемлекеттері ұстанымдарының жақындығын анықтады. Бұл осы елдер арасында екіжақты негізде келісімдерге қол қоюдың негізін қалады.

Сол кездері Орталық Азия өңірінде орын алған күрделі процестердің салдарынан 2002 жылы Н.Ә. Назарбаев ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, терроризммен, діни экстремизммен және есірткі бизнесімен күрес мәселелеріне айрықша назар аударды. Мамыр айында Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысты. Сессияда қатысушы мемлекеттердің көшбасшылары Шартты халықаралық өңірлік ұйым ретінде қайта құру туралы ортақ пікірге келді және хатшылыққа осы мәселені пысықтау тапсырылды. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Санкт-Петербург қаласында маусым айында өткен саммиті де жемісті болды. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар үш құжатты — ШЫҰ Хартиясы, Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді және аталмыш Ұйымға қатысушы мемлекеттер басшыларының декларациясын өз қолтаңбаларымен бекітті. Қазақстан НАТО-мен ынтымақтастық қатынастарын жалғастырды. Қарашада Президент Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінің (ЕАСК) мүше мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының саммитіне қатысты. Әскери құралдарды жаңғырту, жаңа мүшелерді қабылдау және құрамына Қазақстан да енген серіктестермен қарым-қатынасты дамыту туралы шешімін қабылдау саммиттің негізгі қорытындысы болды. Н.Ә. Назарбаевтың ЕАСК отырысында сөйлеген сөзінің негізгі тақырыбы жаһандық «қауіпсіздік өзегін» құру мүмкіндігіне қатысты болды және ол өз сөзінде Қазақстанның халықаралық лаңкестікке қарсы күрес жүргізуге адалдығын дәлелдей түсті.

Жыл ішінде Президенттің төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің екі отырысы өтті. Отырыстар барысында Үкіметтің 2001 жылға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын, 2003–2005 жылдарға арналған мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасын іске асыру, ұлттық қауіпсіздік саласындағы басымдықтар туралы және басқа да мәселелер қаралды. Наурыз айының соңында да Президенттің төрағалығымен республиканың құқық қорғау органдары басшыларының кеңейтілген кеңесі өтті. Кеңес отырысы барысында елде орын алған криминогендік жағдай сарапқа салынды, құқықтық реформаны одан әрі тереңдете түсу, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша күш құрылымдары, қадағалау және сот органдары жұмысының тиімділігін арттыру міндеттері талқыланды. Мемлекет басшысы тиісті комитеттің кезекті отырысына қатысу үшін сәуір айында Алматы қаласына келген ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік кеңестері хатшыларын, сондай-ақ АҚШ Қорғаныс министрі Д. Рамсфельдті, Түркия Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Х. Кыврыкогруды, ҚХР Халықтық-азат ету әскерінің Бас

штабы бастығының орынбасары Сюн Гуанкайды қабылдады. Президент Астана қаласындағы Республикалық ұлан батальонында, «Отан қалқаны-2002» стратегиялық оқуларында, «Сарышаған» полигонында болды. Н.Ә. Назарбаев елдің Қарулы Күштеріне 10 жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа, Алматы қаласының әскери оқу орындарының түлектерін шығаруға арналған мерекелік шараларына қатысты.



Жалпы, 2002 жылды Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін табысты жыл деп айтуға болады. Оған реформалау процесінің кезең-кезеңімен жүргізілуі мен нақты жоспарлануының арқасында қол жеткізілді. Бұл ретте, экономиканың тұрақты өсуін сақтау қажеттігі мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және орталыққа тәуелділігін жою жөніндегі шараларды іздеуге себеп болды. Осы кезеңде елде сондай-ақ азаматтық қоғаммен іскерлік тетіктерді ұйымдастыру және одан әрі демократияландыру жөніндегі нақты қадамдар жасалды.

Жалпы осы кезең ішінде Мемлекет басшысы 1 300-ден астам құжаттарды қарап, қол қойды, олардың қатарында 92 заң, 259 жарлық, 91 өкім, 15 кеңес хаттамалары, 2 мыңға жуық қызметтік құжаттар, азаматтардың 158 арыз-шағымдары бар.

Мемлекет басшыларымен, сондай-ақ ел өңірлерінің министрлері және басшыларымен жедел байланыс жиі жасалып тұрды, азаматтарды жеке қабылдаулар жүргізілді.

# ҚАҢТАР



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	







## 4 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі В.В. Храпуновты қабылдады. Ол Алматы қаласының 2001 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы баяндап берді.

Кездесу барысында Алматы қаласының экономикасын дамытудың келешегі, қала құрылысының жоспарлары, қала тұрғындары тұрмысының деңгейін арттыру шаралары туралы мәселелер сөз болды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №278-II Заңына қол қойды.

## 15 қаңтар

Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №279-II, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №280-II, «Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» №281-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімді бекіту туралы» №282-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімді бекіту туралы» №283-II заңдарына қол қойды.

## 17 қаңтар

Мемлекет басшысы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» №284-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сауда мақсатында теңізде жүзу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №285-II заңдарына қол қойды.

## 21 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ж.А. Тұяқбайды қабылдады. Ол «Заңсыз көші-қон мәселелері туралы», «Терроризмге қарсы күресті күшейту туралы», «Діни сенім бостандығы туралы», «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» заң жобаларын қарау барысы туралы хабарлады.

Сондай-ақ Мәжілістің Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасымен ынтымақтастық мәселесі, атап айтқанда, парламентаралық комиссия регламентін бекіту туралы мәселе талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовті қабылдады. Ол министрліктің 2001 жылғы жұмысының негізгі қорытындылары және алда келе жатқан егістік науқанына дайындық барысы туралы хабарлады.



Мемлекет басшысы «М.С. Өтебаев туралы» №752, «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 2001-2005 жылдарға арналған шартты бекіту туралы» №753 жарлықтарына қол қойды.

## 22 қаңтар

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ-тың бас хатшысы Г.А. Рапотаны қабылдады.

Кездесу барысында ЕурАзЭҚ қызметіне қатысты бірқатар стратегиялық мәселелер талқыланды, олардың қатарында, қоғамдастықтың ұйымдастырушылық-құқықтық қалыптасуы, экономика саласындағы ықпалдастық үдерістерін дамыту мәселелері де бар.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Ө. Байгелдіні қабылдады. Ол «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң жобасы бойынша жұмыстың барысы туралы хабардар етті.

## 23 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты қабылдады. Ол әскери тәртіпті күшейту жөніндегі шаралар, Қазақстан

Республикасы Қарулы Күштерінің әскери даярлығы туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәмиді қабылдады. Ол азаматтық істерді қарау жағдайы туралы және аудандық соттарды іріктеу бойынша ашық конкурстың қорытындылары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі В.Л. Меттені қабылдады, ол өңірдің экономикалық дамуының қорытындылары туралы және «Өскемен-Шар» теміржол желісінің құрылысы туралы баяндап берді.

## 24 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады. Ол банктің 2001 жылғы жұмысының қорытындылары туралы баяндап берді.

Кездесу барысында Г.А. Марченко Президентке Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойына арналып шығарылған өзінің қолтаңбасы қойылған 5 мың теңгелік сыйкәделік купюрасын және күміс монеталарды табыс етті.

Кездесу қорытындылары бойынша Н.Ә. Назарбаев алдағы келе жатқан жылы халықпен жұмыс, ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту, шағын несиелеу жүйесі, банктік қадағалауды нығайту жұмыстары Ұлттық банк пен екінші деңгей банктерінің басым міндеттері болуы керек екендігін атап көрсетті.

## 25 қаңтар

Мемлекет басшысы елдің 2001 жылғы әлеуметтік-саяси дамуы және атқарушы биліктің 2002 жылға арналған міндеттері жөніндегі мәселелер бойынша барлық деңгейдегі әкімдермен кеңес өткізді.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев осы жылы шешімін күтіп тұрған маңызды мәселелерді белгілеп беріп қана қоймай, ішкі саяси жағдайға түбегейлі сараптама жасады.

«Мен соңғы кездері қызу талқыға салынып жүрген бірқатар ішкі саясат мәселелеріне тоқталып өткім келеді. Сөз қазақстандық қоғамдағы саяси жаңғыртулардың сипаты мен түрлері туралы болып отыр.

Біріншіден, Қазақстан қоғамдық құрылымды демократияландырудың жалпы әлемдік үдерістерінен тыс қалмайтын болады. Біз осы жылдар ішінде жұмыс істеуге қабілетті Парламентті қалыптастырудан еркін баспасөздің және саяси өмірге толыққанды араласатын партиялардың пайда болуына дейін бірқатар терең саяси реформаларды іске асырдық. Қоғамда демократия мәселелері бойынша ашық саяси пікірталастың болу айғағының өзі — «Қазақстанда демократия бар ма, жоқ па?» деген сауалға ең сенімді жауап болып табылады.

Екіншіден, біздің барынша ашық, либералды қоғам жағына қарай беталысымыз да күмән тудырмайды. Бұл орталыққа тәуелділікті жою, кезең-кезеңімен сайлау өткізу, заңнамаларды жетілдіру болып табылады.

Үшіншіден, біздің қоғамның әр түрлі саяси күштері халыққа, басқаша айтқанда, бидайды үйбидайықтан айыра білуге ұсыныс жасайтынын айқындап алу керек», — деп мәлімдеді Президент (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Т.А. Мансұров туралы» №754, «А. Сәрсенбайұлын Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №755 жарлықтарына қол қойды.

## 28 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысты, онда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қызметіне тағайындау үшін И.Н. Тасмағамбетовтің кандидатурасын ұсынды.

Депутаттар Президенттің ұсынысына қолдау көрсетіп, Үкіметтің жаңа басшысының кандидатурасына келісім берді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №756–757, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №758, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №759–760, «Кешірім жасау туралы» №761, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №762–764, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №765, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін

қанағаттандырудан бас тарту туралы» №766, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №767, «Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қ.К. Тоқаевтың орнынан түсуі туралы» №768, «И.Н. Тасмағамбетовті Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» №769 жарлықтарына қол қойды.

## 29 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамының мүшелерін қабылдады, олардың қатарында Мемлекеттік хатшы — Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаевты, Премьер-министрдің орынбасарлары К.Қ. Мәсімовті, Б.А. Мұхамеджановты, Премьер-министрдің орынбасары — Қаржы министрі А.С. Павловты, Мемлекеттік кіріс министрі З.Х. Кәкімжановты, Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиевті, Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты, Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовті, Көлік және коммуникациялар министрі А.И. Мырзахметовті, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Ж. Қарақұсованы, Энергетика және минералды ресурстар министрі В.С. Школьникті, Әділет министрі Г.В. Кимді, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің Басшысы Н.Ә. Әбіқаевты қабылдады.

Мемлекет басшысы «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы» №286-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қарулы Күштерді реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №287-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ә.Ә. Мұсаев туралы» №770, «А.С. Шабдарбаевты Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы қызметіне тағайындау туралы» №771, «С.С. Қалмырзаев туралы» №772, «Н.Ә. Әбіқаевты Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №773, «Ә. Кекілбаев туралы» №774, «Қ.К. Тоқаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы — Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №775, «К.Қ. Мәсімовті Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №776, «Б.Ә. Мұхаметжановты

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №777, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №778, «М.Қ. Алтынбаевты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №779, «Ж.А. Досқалиевті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №780, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №781, «З.Х. Кәкімжановты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі қызметіне тағайындау туралы» №782, «Г.Ж. Қарақұсованы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №783, «Г.В. Кимді Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №784, «А.И. Мырзахметовті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №785, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №786 жарлықтарына қол қойды.

## 30 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен ТҮРКСОЙ мемлекеттері Мәдениет министрлерінің тұрақты кеңесінің XVII отырысына қатысушыларды қабылдады.

Әңгіме барысында Президент ұйым алдында тұрған міндеттерді айқындап берді, Қазақстанның экономикалық дамуы, оның әлеуеті, жаңа астананың құрылысы туралы айтты. Мемлекет басшысы экономикалық және мәдени жаһандандудың аясында біздің мемлекеттер өз мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін, көне тарихын сақтауы қажет, бүгінгі және өткенімен өз халықтарын ғана емес, бүтін әлем елдерін де таныстыруы қажет деп атап көрсетті.

Түркия Республикасының Мәдениет министрі И.М. Талай Президентке италия түркітанушысының түркі мемлекеттерінің тарихы туралы баяндайтын кітабын сыйға тартты.

Әзірбайжан Республикасының Мәдениет министрі — ТҮРКСОЙ Үйлестіру кеңесінің төрағасы

П. Бюль-Бюль Оғлы осы ұйымның халықаралық деңгейде қалыптасуында Н.Ә. Назарбаевтың тұрақты қолдауы мен белсенді рөлін атап көрсетті.



*1993 жылғы 12 шілдеде Алматы қаласында 6 құрылтайшы ел және ұйымның тұрақты мүшелері: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан ТҮРКСОЙ Ұйымын құру және оның қызмет принциптері туралы Шартына қол қойды. Кейіннен Шартқа бақылаушы елдер ретінде Татарстан, Башқұртстан, Солтүстік Кипр, Тува, Хакасия, Молдова және Түркия құрамындағы Гагауыз Жері қосылды.*

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына және «GSM Kazakhstan»-ның 3 жылдығына арналған В.Т. Спиваков жетекшілік еткен Ресей ұлттық оркестрінің концертіне барды.

Мемлекет басшысы «Ж.Ә. Құлекеевті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №788, «А.А. Тілеубердинді Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №789, «Қ.Ш. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №790, «М.А. Құл-Мұхаммедті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі қызметіне тағайындау туралы» №791, «Ш.К. Беркімбаеваны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындау туралы» №792, «А.М. Шоқпытовты Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №793, «М.Т. Есенбаевты Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №794, «А.Б. Самақованы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №795 жарлықтарына қол қойды.

## 31 қаңтар

Мемлекет басшысы Премьер-министр И.Н. Тасмағамбетовтің басшылығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамы мүшелерінің антын қабылдады.

Президент жаңа Министрлер кабинетінің жұмысы атқарушы билік тәртібін нығайту турасында белсенді әрі ұйымшыл болатынына үміт артты. Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік билік органдарының барлық қайталанып келетін функцияларын жою және министрліктер пен ведомстволарға өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік беру қажеттігін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында екіжақты қарым-қатынас, Ресей мен ТМД-ның басқа да елдерінің энергетикалық ықпалдастығы мәселелері, сондай-ақ Алматыда өтетін ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуі талқыланды.

Сондай-ақ Каспий бойы мемлекеттері басшыларының Алматыдағы кездесуінде қаралатын Каспий теңізінің мәртебесі туралы мәселесінің шешімін жеделдету жөніндегі тараптардың пікірі бір жерден шықты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Еуропалық қайта құру және даму банкі арасындағы Автомобиль жолдары саласын дамыту жобасы жөніндегі заем туралы келісімді бекіту туралы» №288-II, «Қазақстан Республикасы мен Азиялық даму банкі арасындағы Заем туралы келісімді (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы-Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы» №289-II, «Халықаралық құрамдастырылған тасымалдардың аса маңызды желілері және тиісті объектілері туралы еуропалық келісімге (ҚТЖК) Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №290-II, «Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін белгілеу туралы Локарно келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №291-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Б.Б. Жаңасаев туралы» №796, «Б.Ф. Ысқақовты Республикалық ұланның қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №797 жарлықтарына қол қойды.



# АҚПАН



Дс	4	11	18	25
Сс	5	12	19	26
Ср	6	13	20	27
Бс	7	14	21	28
Жм	1	8	15	22
Сн	2	9	16	23
Жк	3	10	17	24



## 4 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі З.Х. Кәкімжановты қабылдады, ол мемлекеттік бюджеттің толықтырылу мәселелері туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі А.И. Мырзахметовті қабылдады, ол азаматтық авиация саласындағы дағдарыс және оны дағдарыстан шығару жолдары туралы баяндап берді.

Президент көліктік-коммуникациялық кешенге инвестициялар тарту және транзитті дәліздерді дамыту бойынша міндеттер қойды.

Мемлекет басшысы «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» ААҚ президенті Қ.А. Бозымбаевты қабылдады, ол ұлттық энергетикалық жүйені жаңғырту жобасы туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шартқа Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №292-II Заңға қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградау туралы» №798, «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №799 жарлықтарына қол қойды.

## 5 ақпан

Мемлекет басшысы бірқатар отандық БАҚ («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Хабар» агенттігі, «Экспресс К», «31 арна», «АСТВ» телекомпаниясы) жетекшілерін қабылдады және оларға Қазақстан Республикасы ішкі және сыртқы саясатының негізгі мәселелері бойынша сұхбат берді.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Сот әкімшілігі комитетінің төрағасы С.К. Байбатыровты қабылдады. Ол сот жүйесін одан

әрі реформалау және 2002 жылы Комитеттің алдында тұрған міндеттер туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Сауд Арабиясы Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Әли бен Мұхаммед әл-Хамданнан және Румынияның Төтенше және Өкілетті Елшісі В. Соареден сенім грамоталарын қабылдады.

### 6 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Н.И. Щербининді, С.Ә. Әбдірахмановты және В.И. Макалкінді қабылдады, олар өз сайлаушыларының бірқатар әлеуметтік мәселелерін шешуді сұрап жүгінді.

Әскери қызметшілер мен ауыл еңбеккерлерін әлеуметтік қорғау, республика азаматтарының банктік салымдарына мемлекеттік кепілдік беру мәселелері талқыланды.

Депутат С.Ә. Әбдірахманов биліктің орталыққа тәуелділігін жою тақырыбын, жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңын қабылдаудың ерте екені туралы және әкімдердің сайланбалылығын кезең-кезеңмен енгізу қажеттігі туралы мәселелерді қозғады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №800 Жарлығына қол қойды.

### 7 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірінші ұйымдастырушылық отырысына қатысты.

Президент Үкімет мүшелерінің ұйымдастырушылық мәселелерге назар аударуын сұрады, өйткені оның сөзі бойынша жұмыстың табысты болуы, ең алдымен, соларға байланысты және «реформаторлардың кезегіне тұрмай, өздерін адал басқарушылар ретінде танытуға» кеңес берді.

Жұмысқа теріс әсерін беретін факторлардың қатарында Н.Ә. Назарбаев сөзбұйдалыққа салыну, тым ұлғайып кеткен құжат айналымы және субординацияны бұзуды атап айтты.

Мемлекет басшысы «Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» №801, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы №88 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №802 жарлықтарына қол қойды.

## 9 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының әр облыстарынан келген кәсіпкерлерді қабылдады. Кездесуде Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту туралы сөз болды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының тең төрағалары Ә.М. Бәйменов пен О.А. Жандосовты қабылдады.

Кездесу барысында партияның заңнамалық актілерді әзірлеу және экономикалық, саяси реформалау бағдарламаларын іске асыру турасында жаңа Үкіметпен әрекет ету мәселелері талқыланды. Президент өз жағынан саяси күштер мен Үкімет арасындағы сындарлы ынтымақтастықты мақұлдады.



*Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 2002 жылғы 16 наурызда құрылды және 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелді. 2004 жылғы парламенттік сайлау қорытындылары бойынша Парламент Мәжілісінде партиялық тізім бойынша бір орынға ие болды.*

Мемлекет басшысы «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы» №803, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазандағы №713 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №804 жарлықтарына қол қойды.

## 11 ақпан

Мемлекет басшысы ресми сапармен Үндістанға аттанды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» №805, «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы» №806 жарлықтарына қол қойды.

## 12 ақпан

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Дели қаласында М. Ганди мемориалына барды және ұлы Үнді гуманистін кремациялау орнына гүл шоқтарын қойып, оны екі минуттық үнсіздікпен еске алды.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Дели қаласында Абай атындағы көшенің ашылу салтанатына қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Үндістан Республикасының Премьер-министрі А.Б. Ваджпаимен кездесті.

Әңгімелесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесіне айтарлықтай назар аударылды. А.Б. Ваджпаи Қазақстаннан Үндістанға мұнай құбырын тарту құрылысына мүдделестік танытты. Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның мұнай кен орындарын игеруге қатысуға шақыруы да оның қызығушылығын тудырды. Бұдан басқа, ақпараттық технологиялар, қорғаныс өнеркәсібі салаларында бірігіп жұмыс істеу келешегі атап өтілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан-Үнді біріккен декларациясы қабылданды. Онда екі елдің халықтары арасында, әсіресе экономика және мәдениет салаларында, ежелден бері келе жатқан достық қатынастар бары атап көрсетілген. Құжатта сондай-ақ өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту ниеті айтылған. Атап айтқанда, оның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне қатысы бар.

Мемлекет басшысы Үндістанның жетекші телекомпанияларының бірі «World Report» телекомпаниясына эксклюзивті сұхбат берді.

Президент Қазақстанның өзекті өңірлік және әлемдік мәселелеріне қатысты ұстанымын айғақтайтын бірқатар сұрақтарға жауап берді.



## 13 ақпан

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасына ресми сапары барысында компьютердің бағдарламалық қамсыздандырылуын шығаратын барлық жергілікті және халықаралық компаниялар шоғырланған «орта-ғасырлық қорық» — Раджастхан штатының астанасы Джайпур қаласына және «силикон алқабы» — Карнатака штатының астанасы Бангалор қаласына барды.

Президенттің Раджастхан штатының губернаторымен кездесуі барысында штаттың Қазақстан өңірлерімен тікелей экономикалық байланыс жасау мүмкіндігі туралы сөз қозғалды. Үндістан жағы қазақстандық студенттерді туристік бизнеске оқытуға даярлығын білдірді.

## 14 ақпан

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасына ресми сапары барысында вице-президент, Үндістан Штаттарының Парламенті кеңесінің төрағасы К. Кантпен және Үнді ұлттық конгресі оппозициялық партиясымен оның парламенттік фракциясының көшбасшысы С. Гандимен кездесті.

Осы саясаткерлермен әңгімелесудің тақырыбы Қазақстан мен Үндістан қарым-қатынасының келешегіне, екі ел парламенттерінің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, қауіпсіздікке төнген қатерлерді жою жолдарына қатысты болды.

## 18 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы З.Я. Балиеваны қабылдады. Ол «Сайлау туралы» Заңға енгізілетін түзетулер бойынша жұмыстың барысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы өзінің ішкі саясат мәселелері бойынша кеңесшісі Ә.К. Кекілбаевты қабылдады.

Кездесу барысында қоғамның мәдени дамуы туралы ағымдағы мәселелер бойынша пікір алмастырылды.

Мемлекет басшысы «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №293-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау мен қызметтен босату туралы» №807 Жарлығына қол қойды.

## 19 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президенті Әкімшілігінің Басшысы А.С. Волошинді қабылдады.

Кездесу барысында ЕурАзЭҚ шеңберінде екі ел арасындағы саяси және экономикалық

ынтымақтастықтың келешегі, сондай-ақ ТМД елдерінің бейресми саммитіне дайындық барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Н.Н. Дүтбаевты қабылдады. Ол ведомство істерінің жағдайы және ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ҰҚК жұмысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» №294-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №295-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы №3039 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №808 Жарлығына қол қойды.

## 20 ақпан

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Біздің мемлекеттер арасындағы шекараның қалған бөлігін делимитациялау жөніндегі келісімді даярлауды жеделдету қажеттігі талқыланды. Оған алда болатын екі елдің Премьер-министрлерінің кездесуінде қол қойылады.

Мемлекет басшысы Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязовпен телефон арқылы сөйлесті.

Жақын арадағы айлар ішінде Ашғабад қаласында Каспий бойы мемлекеттері басшыларының кездесуін өткізу және Халықаралық Аралды сақтау қорына қатысушыларының алдағы отырысы туралы сөз болды.

Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаев екіжақты қатынастар мәселелерін және ақпанның аяғы наурыздың басына Алматы қаласында өткізу жоспарланып отырған ОАЫ саммитін және ТМД елдері көшбасшыларының бейресми кездесуін талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.





Отырыста елдің өмірін қамтамасыз ететін объектілердің қауіпсіздігі саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру шаралары жасалды, атап айтқанда, олардың ең маңыздыларын мемлекеттік қорғауға беру, күзет құрылымдарының қызметін қадағалауды қаталдату көзделді.

Экономика және сауда министрі М.Т. Есенбаев Үкіметтің Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын 2001 жылы іске асыру барысы туралы баяндама жасады. Ұлттық қауіпсіздік саласындағы басым міндеттер туралы Президенттің Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі — Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы М.М. Тәжин баяндады. Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменов ел өмірін қамтамасыз ету объектілерінің қауіпсіздік мәселелері туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Ж.Д. Бұсырманов туралы» №809, «С.Ф. Бычкова туралы» №810, «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №811, «Л.К. Қиынов туралы» №812, «Б.Ә. Палымбетовті Маңғыстау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №813 жарлықтарына қол қойды.

## 21 ақпан

Мемлекет басшысы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Апостол нунциі Жоғары мәртебелі архиепископ М. Олесьті қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев нунцидің сенімді нығайту мен өзара ынтымақтастық саласындағы қызметін жоғары бағалады. Рим Папасы Иоанн Павел II Астанаға келіп, Қазақстан мен Ватикан арасындағы өзара ынтымақтастық туралы шартқа қол қоюы екіжақты қатынастардың шарықтау шегі болды.

Мемлекет басшысы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Р. Хашимді қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның шығармашыл зиялы қауымының өкілдерін қабылдады.

Қазақстан Республикасының Халық әртісі, атақты әнші-сазгер Е.Ө. Хасанғалиев оралмандардың балаларын

музыкаға үйрету үшін Астана қаласында мәдени орталық ашу турасында өзінің жоспарларымен бөлісті.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Н.М. Оразалинмен әңгімелесу барысында қазақтандық әдебиеттің жағдайы туралы, жаңа есімдер мен жақын және алыс шетел жазушыларымен шығармашылық қарым-қатынас туралы пікір алмасты.

## 22 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласының орталық мешітінде болып, Қазақстан мұсылмандарын Құрбан айт мерекесімен құттықтады және барша қазақстандықтарға денсаулық, амандық, тыныштық және елдің гүлденуін тіледі.



Мемлекет басшысы «The Mainichi Shimbun» жетекші жапондық газетіне сұхбат берді.

Н.Ә. Назарбаев елдің тәуелсіз 10 жыл ішінде жеткен жетістіктері, экономикалық және саяси реформалардың мәні, елдің даму келешегі туралы әңгімелеп берді. Президент посткеңестік мемлекеттер тәуелсіздігінің қалыптасу жолындағы ТМД рөлін жоғары бағалады. Сұхбаттың соңында Н.Ә. Назарбаев Жапониямен ынтымақтастықтан, Қазақстандағы жапондық компаниялардың инвестициялық белсенділігінен үлкен үміт күтетінін жеткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №296-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау және күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» №297-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ә.К. Кекілбаевты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №814 Жарлығына қол қойды.

## 25 ақпан

Мемлекет басшысы Абай атындағы Опера және балет академиялық театрының солисті, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, әнші М. Мұхамедқызын қабылдады.

Мемлекет басшысы жазушы Д. Досжанды қабылдады. Ол тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жылдарына арналған жаңа кітабы туралы әңгімелеп берді.

Мемлекет басшысы «Қазфосфат» ЖШС төрағасы М.Ф. Үркімбаевты қабылдады. Ол елдің ішкі нарығын минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету және өнімді экспорттау келешегі туралы хабардар етті.

## 26 ақпан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өкілді кеңесінің төрағасы Н.К. Зейбекті және ЖОО ректоры, профессор О. Сабденді қабылдады. Олар Н.Ә. Назарбаевқа Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық сыйлық лауреатының Алтын медалін табыс етті.

Президент ғалымдарға өзінің еңбегіне жоғары баға бергені үшін алғысын білдірді және университеттің болашақта табысты дамуына сенімділік танытты.



*Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық сыйлық қайнар бастауында Н.Ә. Назарбаев тұрған Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өкілді кеңесімен 2001 жылғы қыркүйек айында Түркістан қаласында тағайындалды.*

*Сыйлық халықтар достығын нығайтудағы ерен еңбегі үшін танымал қоғам және мемлекет қайраткерлеріне, ғылым және техника, әдебиет пен өнер салаларының қызметкерлеріне беріледі.*

Мемлекет басшысы «Ұлттық банктің 2002–2004 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын» қарауға арналған Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі директорлар кеңесінің отырысына қатысты.

Содан соң Президент 8 мыңнан астам сирек кездесетін жәдігерлер жинақталған Ұлттық банк мұражайында болды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ-тың бұрынғы президенті Н.Ө. Балғымбаевты қабылдады. Ол ірі мұнай компаниясын құру ниетін білдірді.

## 27 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы» №815 Жарлығына қол қойды.

## 28 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты.

Саммит барысында Ауғанстандағы жағдай аясында өңірлік қауіпсіздік, заңсыз көші-қон, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастық, атап айтқанда, экономиканың маңызды секторларында жеделдетіп еркін сауда аймақтарын құру, көлік инфрақұрылымын жетілдіру, трансшекаралық өзендер мен су қоймаларының су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері талқыланды.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев атап айтқандай: «Менің ойымша, Орталық Азия мемлекеттерінің ресурстық, адами және табиғи әлеуетін біріктіру әлемнің геэкономикалық картасында өңірлік экономикалық саясатқа әсерін тигізе алатындай сұсты экономикалық одақ құрылды деп айтуға мүмкіндік берер еді» (Қосымшаны қараңыз).

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан басшылары «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымын құру туралы шартқа қол қойды.

Саммитте ОАЫ төрағасы болып Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов сайланды.



*«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы (ОАЫ) — халықаралық өңірлік ұйым.*

*2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында ОАЫ құру туралы шартқа қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылып, қазірде таратылған «Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы» (ОАЭҚ) ұйымының құқығын қабылдаушысы болды. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан енді.*

*2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.*

*Мемлекет басшылары мен премьер-министрлерінің кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ұлттық үйлестірушілер комитеті және қауіпсіздік қызметі мен күш құрылымдары басшыларының тұрақты кеңесі ОАЫ органдары болып табылады.*

*2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ-ны ЕурАзЭҚ-қа қосу туралы шешім қабылданды.*

# НАУРЫЗ



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31





## 1 наурыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы «Шымбұлақ» биік таулы шаңғы курортында өткен ТМД елдерінің бейресми саммитіне қатысты.

ТМД-ны реформалау қажеттігі мәселесі саммитте талқыланған басты тақырып болды.

Осы мәселе бойынша сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев: «Әлем жылдам қарқынмен өзгеруде, геосаяси және геэкономикалық баланста алға ілгерілеу байқалады, ғылыми-техникалық революция қарқын алуда. Барлығымызға бірге және жеке-жеке әрқайсымызға таңдау жасайтын кез келді. Негізі бізде бірнеше баламалы таңдау бар.

Біріншісі — ТМД өз міндеттерін орындап шықты, енді оның келешегі жоқ екенін мойындау. Бұл блогтық құрылымнан бас тартып, екіжақты немесе микроөңірлік құрылымдарға көшу дегенді білдіреді.

Екіншісі — барлығын бәз қалпында қалдырып, қарым-қатынасты баяу, бюрократиялық негізде жалғастыра беру.

Үшіншісі — жағдайды түбегейлі өзгерту үшін саяси ерік-жігер, дұрыс стратегия тауып, Еуропалық Одақ секілді құрылым құру. Қазақстан, үнемі айтылып жүргендей, соңғы шешімді құптайды. Біздің көзқарасымызды мен Кишиневта өткен саммитте айтқан болатынмын» (Қосымшаны қараңыз).

Бұдан басқа, Достастықтың халықаралық коалицияға қатысу мәселелері де қозғалды. ТМД елдерінің көшбасшылары қазір соғыс кезеңі аяқталып, Ауғанстанда қалыпты өмір құруға жәрдемдесетін жағдайлар жасау міндеті тұрғанын атап айтты.



ТМД бейресми саммитінің жұмысы барысында Мемлекет басшысы Грузия Президенті Э.А. Шеварднадземен екіжақты кездесу өткізіп, онымен ынтымақтастық пен көпжақты қарым-қатынастың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

## 2 наурыз

Мемлекет басшысы ТМД бейресми саммиті аясында Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен екіжақты кездесу өткізді.

Кездесу барысында ТМД-ны реформалау жолдары, сондай-ақ Каспий теңізіндегі модификациялық орталық сызығын анықтауға қатысты мәселелер талқыланды.



## 5 наурыз

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №817, «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №818 жарлықтарына қол қойды.

## 6 наурыз

Мемлекет басшысы 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Салтанат сарайы» Қабылдау сарайында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Мемлекет басшысы біздің еліміздің қоғамдық өмірінде әйелдердің рөлі үнемі өсіп келе жатқанын атап көрсетті. Үкіметтің әрекет ету бағдарламасында әйелдерді, әсіресе көп балалы және жалғызбасты аналарды әлеуметтік қорғау мен қолдаудың пәрменді шаралары бекітілген.

Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті Л.К. Қиыновты қабылдады, ол жаңа ұлттық компанияның құрылымы туралы баяндап берді.



*«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясы» ЖАҚ және «Мұнай және газ тасымалдау» ЖАҚ-тың бірігуі арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығымен құрылды.*  
*«ҚазМұнайГаз» мұнайды және табиғи газды өндіру, тасымалдау және өңдеумен айналысады.*

Мемлекет басшысы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №298-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №819, «Қазақстан Республикасында тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №820, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі №3108 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №821 жарлықтарына қол қойды.



## 7 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» №299-II, «Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясына Түзету құжаттарын бекіту туралы» №300-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы келісімді бекіту туралы» №301-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Республикалық ұланның бір топ әскери қызметкерлерін «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №822, «Г.-Д. Геншерді II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №823 жарлықтарына қол қойды.

## 11 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігінің төрағасы Д.Б. Тұрлыхановты қабылдады. Ол ұлттық құраманың Солт-Лейк-Сити (АҚШ) қаласында өткен XIX қысқы олимпиада ойындарына қатысу қорытындылары бойынша есебін ұсынды.

Сондай-ақ Д.Б. Тұрлыханов туристік қызмет туралы заңның орындалу барысы туралы, дене шынықтыру және спортты дамытудың бесжылдық бағдарламасының іске асырылуы туралы, сондай-ақ 2002 жылғы 3–8 маусымда жоспарланып отырған Бокстан әлем кубогына дайындық барысы туралы мәлімдеді.



*XIX қысқы олимпиада ойындары 2002 жылғы 8–22 ақпан аралығында Солт-Лейк-Сити (АҚШ) қаласында өтті. Ойындарға 77 елден 2399 спортшы қатысты.*

Мемлекет басшысы «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» №302-II Заңына қол қойды.

## 12 наурыз

Мемлекет басшысы Каспий энергетикалық саясаты мәселесі бойынша Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік хатшысының аға кеңесшісі елші С. Маннды қабылдады.

Әңгіме барысында энергетикалық мәселелер кең ауқымда талқыланды. Атап айтқанда, Президент «Баку-Тбилиси-Джейхан» жобасын қолдайтынын тағы да мәлімдеді, келешекте бұл

жобаға отандық мұнайшылардың қатысу мүмкіндігін айтты, қазақстандық экономикаға америка инвестицияларының өсуін құптады, сондай-ақ біздің республикадағы шетелдік инвесторлармен байланыстар «тұрақты» болып қалатынын баса айтты.

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан журналистерінің I Конгресіне қатысты.

Конгресс жұмысына отандық БАҚ-тардың 300-ден астам өкілі, сондай-ақ Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, халықаралық қоғамдастықтардың өкілдері қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде форумды өткізу бастамасын қанағаттанарлық сезіммен қабылдағанын атап айтты, сондай-ақ бұл бастама өте маңызды және уақытылы іске асып отыр және ол тек БАҚ мәселелері турасында ғана емес, жалпы біздің елдегі демократиялық үдерістердің бұдан әрі дамуы үшін де өте маңызды (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А. Айталыны қабылдады.

Кездесуде республикадағы жоғары білім мәселесі талқыланды.

А. Айталы сондай-ақ елдің, әсіресе шекаралық аймақтардың ақпараттық қауіпсіздік мәселесін шешу қажеттігін көтерді.

Мемлекет басшысы «Бал ара шаруашылығы туралы» №303-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің мәртебесі мен өкілеттігі туралы» №824 Жарлығына қол қойды.

## 15 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының 10 жылдығына орай оның жеке құрамымен кездесті.

Президент ұландықтарды осы айтулы датамен құттықтап, таңдаулы бөлімше болып табылатын ұлан мемлекетіміздің жаңа астанасына алғашқылардың қатарында орналасқандарына назар аударды.

Кездесу соңына қарай Н.Ә. Назарбаев батальонның материалдық-техникалық қамсыздандыру кешенімен танысты, Президенттік оркестр студиясында болды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға «Өнеркәсіп құрылыс индустрия — Астана-2002» көрмесі аясында өңірдің тұсаукесерін жасау үшін келген Ресей Федерациясы Свердловск облысының губернаторы Э.Э. Россельді қабылдады.

Кездесу барысында бірлескен жобалар, саудаттық көлемін арттыру қажеттігі сөз болды. Н.Ә. Назарбаев Орал экономикалық қауымдастығы мүшелерімен сындарлы әңгіме жүргізу үшін кездесуге даярлығын жеткізді және Қазақстанның Екатеринбург қаласында өтетін әскери көрме жұмысына қатысу ниетін білдірді. Сондай-ақ Свердлов облысында Қазақстанның Бас елшілігін ашу мүмкіндігі талқыланды.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Х. Кыврыкогруды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың келешегі талқыланды. Бұдан бұрынғы шарттар шеңберінде Қазақстан жастары Түркияның әскери оқу орындарында оқып жатқаны, Қазақстан жағына ақысыз әскери техника берілетіні, халықаралық терроризмге қарсы күрес жүргізуге бағытталған шаралар белсенділігі атап өтілді.

## 18 наурыз

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Халықтық-азат ету әскері Бас штабы бастығының орынбасары генерал-полковник Сюн Гуанкайды қабылдады.

Әңгіме барысында Ауғанстандағы оқиғалармен және халықаралық терроризмге қарсы күреспен байланысты мәселелер, екі елдің әскерлері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің жоспарлары, олардың арасындағы қарым-қатынастың кейбір экономикалық аспектілері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты қабылдады.

Кездесуде Қарулы Күштердің кадрлық мәселелері, оңтүстік шекарадағы жағдай, «Қазбатты» құру, сондай-ақ «Сарышаған» полигонындағы әскери оқуларға дайындық мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовті қабылдады.

Кездесуде министрліктегі құрылымдық жаңғырту-лартуралы сөз болды. Алматы және Семей қалаларында ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармалары қалпына келтірілді. Одан басқа ІІМ заңсыз көші-қонға қарсы күресті күшейтуде және арнайы жұмылдыру топтарын құруда. Осының арқасында Қазақстанның солтүстік шекарасында заңсыз көші-қон мәселесі шешілді және Ресей тарапынан Қазақстанның құқық қорғау органдарына қояр шағымы жоқ.

Сондай-ақ Қ.Ш. Сүлейменов ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жағдайы туралы 3 жылдық бағдарламаның дайындығы туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Әділет органдары туралы» №304-II, «Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Бесінші қосымша хаттаманы бекіту туралы» №305-II, «Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Алтыншы қосымша хаттаманы бекіту туралы» №306-II заңдарына қол қойды.

## 19 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Мемлекеттік министрі Д. Бахчелиді қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев ең алдымен экономикадағы екіжақты ынтымақтастықтың оң сипатын атап көрсетті. Бұл секторға түрік фирмаларының айтарлықтай мөлшері тартылған, оларға бұдан кейін де жан-жақты қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, Астана қаласының құрылысына 25-ке жуық түрік компаниялары қатысуда. Президент мейманға отандық экономиканың оң үрдістері туралы әңгімелеп берді. Бұл ретте, шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейтін қазақстандық және түрік кәсіпкерлерінің өзара әрекет етуі үшін жақсы жағдайлар жасау қажеттігін баса айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовті және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Ж.Ә. Құлекеевті қабылдады.

Президент К.Қ. Мәсімовпен Қазақстанның Каспий өңірі мәселелері бойынша келіссөздерінің тактикасын, Қазақстан мен Ресей арасында Каспий теңізі түбінің ара-жігін ажырату мүмкіндіктерін талқылады. Сондай-ақ әңгіме барысында отын-энергетикалық кешенге, көлік және коммуникация жүйесіне және қорғаныс өнеркәсібіне қатысты сөз қозғалды.

Ж.Ә. Құлекеев Президентке есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау туралы есебін ұсынды. Сондай-ақ бұдан да тиімді бақылау жасау мақсатында Есеп комитеті құрылымын өзгерту туралы мәселе сөз етілді.

## 20 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Заем туралы келісімді («Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)» жобасы) бекіту туралы» №307-II Заңына қол қойды.

## 21 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Ә.Р. Жақсыбековті қабылдады, ол қала өмірін қамтамасыз етудің ағымдағы жағдайы туралы, инфрақұрылымның 2002 жылға арналған даму жоспары туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №308-II, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2710 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №309-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік баж мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №310-II, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан

Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №311-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне «Астана — жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №312-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы №3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №825, «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» №826 жарлықтарына қол қойды.

## 22 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласында Наурыз мейрамына орай өткізілген мерекелік шараларға қатысты.

Мемлекет басшысы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне барды.

ЖОО ғимаратында Президентті жастар парламентінің мүшелері, үздік студенттер қарсы алды. Олар Н.Ә. Назарбаевқа көңілді және жарқын мерекелік бағдарламаны ұсынды.

Президент студенттер — ел болашағы екенін атап өтті. Мемлекет ғылым мен білімнің дамуына барлық жағдайларды жасауда, ендігі кезектегі жастардың міндеті — адал оқу.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Алматы қаласына аттанды. Онда ол Наурыз мейрамына орай мерекелік шараларға қатысып, Республика алаңында қала тұрғындарын мерекемен құттықтады.

## 26 наурыз

Мемлекет басшысы жазушы-публицист К.С. Смайыловты қабылдады.

Кездесу барысында электронды БАҚ-тарда мемлекеттік тілде хабар таратуды кеңейту мәселесі бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Glencore International AG» швейцариялық компанияның президенті В. Штротхоттені қабылдады.

Кездесуде экологиялық жағдайды жақсарту және металлургия өнеркәсібіне жаңа технологиялар ендіру мәселелері талқыланды.

Президент В. Штротхоттеге «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті.



*«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалі Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 27 тамыздағы №675 Жарлығымен тағайындалды. Мерейтойлық медальмен мемлекеттіліктің қалыптасуына, егемендікті нығайту және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.*

## 27 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовтің, Астана қаласының әкімі Ә.Р. Жақсыбековтің министрліктер мен ведомстволар басшыларының, архитектура және құрылыс компаниялары өкілдерінің қатысуымен Астана қаласын одан әрі дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Президент құрылыс жүргізу бойынша тендерлердің өткізілуіне, қала жанындағы кенттердің жағдайына және жолаушылар көліктерінің жұмысына, автотұрақтар мен тұрақтарды ұйымдастыруға, көшелерді безендіру мен көгалдандыруға, қызмет көрсету мәдениетіне назар аударды.

Кеңес отырысының соңына қарай Президент Астананың құрылысы жүргізіліп жатқан бірқатар объектілерін қарап шықты.



Мемлекет басшысы американдықтар тарапынан ұсынылған бастама бойынша Америка Құрама Штаттарының Сауда министрі Д. Эванспен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Д. Эванс Қазақстанға нарықтық экономикалы ел мәртебесі ұсынылғанын хабарлады және американдық жағы бұл шешімді аса қанағаттанарлық сезіммен қабылдағанын жеткізді, өйткені ол АҚШ пен Қазақстан арасындағы серіктестік қатынастың дамуына септігін тигізетін болады.



Мемлекет басшысы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» №313-II Заңына қол қойды.

### 28 наурыз

Мемлекет басшысы Үкіметтің 2002–2004 жылдарға арналған бағдарламасын талқылау жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді.

Президент жаңа өндірістерді құру, кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсарту, өңірлерде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, атаулы әлеуметтік көмек көрсету және кедейлікпен күрес жөніндегі міндеттерді қойды.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» №827 Жарлығына қол қойды.

### 29 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы құқық қорғау құрылымдары басшыларының кеңейтілген кеңесіне төрағалық етті.

Кеңес барысында ел ішінде орын алған криминогендік жағдай сарапқа салынды, құқықтық реформаны бұдан әрі тереңдету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша күш құрылымдарының, қадағалау және сот органдары жұмысының тиімділігін арттыру міндеттері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» №828, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның құрамы туралы» №829, «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №830 жарлықтарына қол қойды.



# СӘУІР



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



## 1 сәуір

Мемлекет басшысы «Лукойл» ААҚ президентін қабылдады және онымен Құмкөл, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы компанияның жобаларын іске асыру мәселелерін талқылады.



*«Лукойл» компаниясы Қазақстандағы ең ірі ресейлік инвестор болып табылады.*

*2003 жылға қарай «Лукойл» 7 мұнай-газ жобаларын жүзеге асыруға, атап айтқанда, Каспий құбыр арнасы консорциумы; Теңіз, Қарашығанақ, Құмкөл кен орындарын игеру; «Хвалыньское», «Орталық», «Қазақстан» және «Түп-Қараған» Каспий теңізі қайраңының учаскелерін геологиялық барлауға қатысты.*

## 2 сәуір

Мемлекет басшысы осыған дейін Санкт-Петербург Әскери-ғарыштық кадет корпусын басқарып келген Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы А.Ф. Мезенцевті қабылдады.



*Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Ресей жағының ұсынысы бойынша Ресей және Қазақстан президенттерімен тағайындалады. Оның процедурасы Қазақстан және Ресей арасындағы қала мәртебесі туралы келісімде көрсетілген.*

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №831–835, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №836–837, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №838, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет этикасын сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы» №839 жарлықтарына қол қойды.

## 3 сәуір

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысына жұмыс сапарымен барды, онда ол облыс активіне жаңа әкімі Е.Ж. Имантаевты таныстырды.

Содан соң Президент Ақтөбе облысы Хромтау ауданының «Дөң тау-кен байыту комбинаты» ААҚ-да болды.

Қызыл өңдегіш кірпіш өндіру зауытында Н.Ә. Назарбаев жергілікті шикізаттан — хромтау сары балшығынан жасалған өнімді қарап шықты.

Содан соң Президент жаңа мәдени-сауықтыру кешенімен танысты. Онда жаттығу және қылыштасу залдары, күрес, бокс және ауыр атлетикаға арналған әмбебап зал, бассейн бар.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласында «АқтөбеМұнайГаз» жылыжайын, «Көктас-Ақтөбе» ЖАҚ-ын, «Тағам» кәсіпорнын аралап өтті.

Мемлекет басшысы «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» №314-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «С.Ж. Дәукеев туралы» №840, «А.Е. Мусинді Атырау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №841, «Е.Ж. Имантаевты Ақтөбе облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №842, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №843 жарлықтарына қол қойды.

### 4 сәуір

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Атырау облысына барды және облыс активіне жаңа әкім А.Е. Мусинді таныстырды.

Содан соң Президент облыстық аурухананың жаңа кешенін, заманауи «Дана» қонақүй кешенін, жаңа 10 қабатты «Премьер-Атырау» бизнес-орталығын, «Мұнайшы» дене шынықтыру-сауықтыру кешенін аралап көрді.



Түстен кейін Мемлекет басшысы Махамбет ауданының Махамбет ауылына барып, «Таза ауыз су» облыстық бағдарламасы аясында іске асып жатқан су тазалайтын станса құрылысының барысымен танысты, сондай-ақ орталық аудандық ауруханасын қарап шықты.

### 7 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға 2002 жылғы 8–9 сәуірде болатын II Еуразиялық экономикалық саммитке қатысу үшін келген Дүниежүзілік банк Президенті Дж. Вулфенсонды қабылдады.

Баспасөз конференциясында Н.Ә. Назарбаев банктің акционері болып табылатын Қазақстанға

өткен жылдары 3,7 млрд. доллар қаражат бөлінгенін атап айтты. Аталған қаражат елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, реформалар жүргізуге, қолайлы инвестициялық ортаның қалыптасуына және республика беделінің артуына септігін тигізді.

Қазақстан және Дүниежүзілік банк Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жаңа бірлескен жоба әзірлеуде. Бағдарлама үш жылға есептелген, оның жалпы құны 700 млн. доллар мөлшерінде бағаланып отыр.

Дүниежүзілік банк қаражатының жұмсалатын негізгі салалары ретінде шағын және орта бизнес, білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындарды оңалту салалары аталып отыр. Алайда Дүниежүзілік банк пен республика арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі кездегі басты міндеті ауылдық және қалалық жерлердегі кедейлікпен күрес болып отыр.

Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы қызметі белсенді және жемісті болып табылады, ол өз кезегінде инвесторлардың сенімін арттырып, елдің кредиттік рейтингін өсіреді.



*Қазақстан 1992 жылдың шілде айынан бастап Дүниежүзілік банктің мүшесі болды. Республика экономикасын дамытуға кредиттер бөлу жөніндегі бірінші келісіміне 1994 жылы қол қойылды және 1996 жылға дейін 1 млрд. доллар алды. Екінші 700 млн. доллар сомасын алу үшін келісімге 1998 жылы қол қойылды. Дүниежүзілік банк қаражаты Қазақстан экономикасын реформалауға, әлеуметтік-экономикалық дамуға, зейнетақы реформасына және республика бюджетіне қолдау көрсетуге жұмсалды.*

## 8 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен II Еуразиялық саммитке қатысты.

Тұрақсыздық кезеңінде тұрақты өсуді қамтамасыз ету мәселелеріне арналған саммитке Орталық Азия, Закавказье, Ресей мемлекеттерінің басшылары мен үкімет төрағалары, халықаралық қаржы институттарының басшылары, олардың қатарында Дүниежүзілік банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі, Батыс Еуропа және АҚШ-тың ірі халықаралық компанияларының өкілдері қатысты (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы өзінің Алматыдағы резиденциясында II Еуразиялық экономикалық саммитке

қатысушылармен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Президент Бүкілқытайлық халықтық саяси консультативтік кеңесі төрағасының орынбасары Ван Вэньюаньды қабылдап, онымен екіжақты қатынастардың даму мәселелерін талқылады.

Украинаның Премьер-министрі А. Кинахпен кездесу барысында екі ел арасындағы экономикалық, сауда және мәдени ынтымақтастықты тереңдету, ядролық энергетика, шикізат ресурстарын өңдеу, көліктік қатынас және машина жасау саласындағы байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Иран Ислам Республикасының бірінші вице-президенті М.Р. Арефпен және Ислам даму банкінің президенті М. Алимен әңгімелесу барысында араб мемлекеттерінің Қазақстан экономикасына инвестиция салу мәселесі бойынша пікір алмасты.

Бүкіләлемдік экономикалық форум Президенті К. Швабпен әңгіменің тақырыбы форум ауқымын кеңейту және оған қатысуға жаңа елдерді, атап айтқанда, Таяу Шығыс елдерін тарту болды. Кездесудің соңында Н.Ә. Назарбаев К. Швабқа I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.



1



2



3



*«Достық» (Дружба) ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады. I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.*

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен кездесті.

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2002 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №844, «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық және



оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен алқа төрағасын қызметке тағайындау туралы» №845 жарлықтарына қол қойды.

## 9 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің Алматы резиденциясында ІІ Еуразиялық экономикалық саммитке қатысушылармен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары В.Б. Христенконы қабылдады және онымен Каспий теңізі бойынша келіссөздер процесі, қазақстандық мұнайды Ресей аумағында тасымалдау және оны тасымалдаудың жаңа бағыттарын ашу, екі ел арасындағы тауар айналымын кеңейту, ҰҚШ кезекті сессиясына дайындық мәселелерін талқылады. ЭЫҰ Бас хатшысы А. Гавахи ұйымның 2001 жылғы қызметі туралы хабарлады, маңызды жобалар қатарында «Алматы-Тегеран-Ыстамбұл» теміржол бағытының ашылуын атап өтті. Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев ЭЫҰ қызметінің тиімділігін арттыру бойынша бірқатар идеялар мен ұсыныстарын айтты.

Еуропалық қайта құру және даму банкінің Президенті Ж. Лемьермен Мемлекет басшысы өңірлік ынтымақтастық, энергетикалық және көлік салаларындағы реформалардың ілгерілеуі, су ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Chevron-Техасо» компаниясының бұрынғы вице-төрағасы Р. Мацкені және «LNM Group» тобының төрағасы Л. Митталды қабылдады.

## 10 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Гимні авторларының бірі ақын Ж. Дәрібаевамен телефон арқылы сөйлесті.

Өңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев бүгінгі таңдағы әдебиет пен өнердегі жағдайдың барысын сұрап білді. Мәдениет саласын дамыту, рухани құндылықтар мен салт-дәстүрді сақтау жөніндегі түрлі мәселелер бойынша пікір алмасты.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдап, банктің

2001 жылғы қызметінің қорытындысы туралы есебін тыңдады.

Президент Ұлттық банк басшылығының назарын несиелерді доллармен беру қажеттігіне аударды, Ұлттық банкке Үкіметпен біріге отырып жағдайды шешу, ұлттық валютаны нығайту бойынша шаралар қолдану, халықаралық нарықты жан-жақты ескере отырып, валюта режимін либералдау, қор нарығын дамыту, міндетті сақтандыру түрлерін айқындап алу, жеке тұлғаларға теңгемен несие берудің мөлшерлемесін төмендету, ипотекалық несие беру, кең бәсекелестік ортаны қалыптастыру бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыру міндеттерін шешу тапсырмаларын жүктеді.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында 2001 жылдың сәуір айында Халықаралық ғарыш стансасына барған бірінші экспедицияның құрамында ұшқан әлемдегі ең бірінші ғарыш туристі — американдық миллионер Д. Титоны қабылдады.

Кездесуде сондай-ақ ХФС-қа барған бірінші экспедицияның командирі Т.А. Мұсабаев та болды.

Кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасының мәселелері, Д. Титоның жұмысы және оның қайырымдылық қызметі, сондай-ақ ғылымның елдің экономикалық дамуында қолданылу аспектілері талқыланды.

## 11 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында ҰҚШ-ға қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының IV отырысына қатысу үшін келген ТМД Ұжымдық қауіпсіздік шарт кеңесінің Бас хатшысы В.Д. Николаенконы және Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Қауіпсіздік кеңестерінің хатшыларын қабылдады.

Кездесу барысында отырыс жұмысының негізгі қорытындылары, атап айтқанда, жаңа әскери-саяси факторлар мен терроризмге қарсы операцияларды ескере отырып, Ауғанстандағы жағдайға қатысты мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанның жетекші экономистерімен кездесу өткізді.



Кездесуде жуық арада болған мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары талқыланды. Стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлауды қалайша ықпалдастыруға болатыны туралы, бұл үдерісті қалайша жұмысты көп қажет етпейтіндей және тиімдірек болатындай ету, өңірлер мен салалар тиімдірек дамуы үшін қалайша құжат айналымын төмендетуге және жоспарларды әзірлеуді қамтамасыз етуге болатыны туралы сөз қозғалды.



Мемлекет басшысы «Financial Times» британдық газетінің тілшілері Э. Робинсон және Д. Стернге сұхбат берді.

Осы беделді басылым журналистерінің сауалдары Қазақстанның экономикалық және саяси дамуына қатысты, қазақстандық экономиканың мұнай-газ және басқа да салаларына, сондай-ақ Қазақстанның сыртқы саясаты мен Орталық Азияда қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне байланысты болды.

## 12 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанның ғылым және мәдениет салаларының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында ел өмірінің әртүрлі мәселелері бойынша пікір алмасу болды. Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуы мәселелері және оларды шешу жолдары бойынша өз көзқарастарын білдірген кездесуге қатысушы барлық жетекші және жас экономистерді, құқықтанушылар мен саясаткерлерді, басқа салалар ғалымдары мен өнер қайраткерлерін тыңдады.

Президент көтерілген мәселелерге, Қазақстанның одан әрі даму келешегіне қатысты өз пікірімен бөлісті, ғалымдарды өзекті мәселелерді белсенді зерттеуге, іске асып жатқан қоғамдық жаңғыртуларға, жоспарланған стратегиялық мақсаттарды іске асыру бойынша нақты ұсыныстарды әзірлеуге шақырды.

## 15 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында тараптар энергетика саласындағы ынтымақтастықты күшейту мәселелерін жеделдетіп шешу, атап айтқанда, қазақстандық кәсіпорындардың



«Ресей БЭЖ» РАҚ-пен әрекет ету бойынша пікірлерін білдірді, сондай-ақ Каспий теңізі Солтүстік бөлігі түбінің ресурстарын игеру мәселелері бойынша ортақ ұстанымдарын дәлелдей түсті.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясына барды, онда елдің жетекші ғалымдарымен кездесті.

Президент қазақстандық ғалымдардың алдына бірқатар маңызды міндеттер қойды.

Бүкіләлем танитындай мемлекетті құру айтарлықтай қиын іс деп атап өтті Мемлекет басшысы. Алайда экономиканы одан әрі дамыту, оны ең биік деңгейде ұстап тұру одан да қиын. Осы жерде өз халқының қамын ойлайтын зиялы қауым — ғалымдарға үлкен үміт артылады.

Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, қазір мемлекеттің тәуелсіздігін, халықтың бірлігін және халықтың әл-ауқатын көтере отырып, экономиканы нығайту өте маңызды (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «С. Месічті І дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №846, «А.И. Мырзахметов туралы» №847, «Н.Ә. Айтхожина туралы» №848, «С.Ж. Дәукеевті Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті қызметіне тағайындау туралы» №849 жарлықтарына қол қойды.

## 17 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы ретінде «Сарышаған» полигонында өткен «Отан қалқаны-2002» стратегиялық оқуларында болды.

Оқулардың мақсаты бөлімшелер мен әртүрлі бөлімшелер командованиесі, Қарулы Күштердің әскер түрлері арасындағы іс-әрекетті ұйымдастыру мен нығайту болды. Оқуларға әуе күштері, артиллерия, әскерлердің барлық түрлері қатысты.



Мемлекет басшысы әскери позицияларда болып, С-300 кешеніне, «Дауыл» дүркіндетіп ату жүйесіне және басқа да бөлімшелерге қызмет көрсететін офицерлермен, солдаттармен кездесті.

## 18 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиевті қабылдады, ол 2001 жылғы министрліктің жұмысы, Денсаулық жылы аясында іске асырылған міндеттер мен денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті проблемалар туралы баяндап берді.

Президент аурулардың алдын алу, халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту, атап айтқанда, ауылды өңірлердің тұрғындарына алғашқы медико-санитарлық көмек көрсету жұмыстарын күшейте түсу қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.А. Қабанбаевты қабылдады.

Әңгіме барысында Шығыс Қазақстан облысының шекарасындағы аудандардан халықтың көшіп-қонуына қатысты мәселелер, медициналық қызмет көрсету жағдайын жақсарту, орта мектеп білімі мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қозғалысын ұйымдастыру мен басқару үшін жауапкершілікті беру туралы келісімді бекіту туралы» №315-II, «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» №316-II заңдарына қол қойды.

## 19 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Хорватия Республикасының Президенті С. Месичпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар көлік-тасымалдау саласындағы, мұнай-газ кешеніндегі, сондай-ақ туризм, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Келіссөздер барысында Қазақстанның мұнайдың қосымша мөлшерін (жылына 15 млн. тоннаға дейін) Қазақстан мен Ресейден еуропалық нарыққа тасымалдау мақсатында «Достық» және «Адрия» мұнай құбырларын ықпалдастыру жобасына қатысу мүмкіндігіне баса назар аударды.



Келіссөздер қорытындысы бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.



Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Хорватия Республикасының Президенті С. Месичпен Астанада өткен Қазақстан-Хорват бизнес-форумына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев біздің республикаға келгені үшін Хорват бизнесмендеріне алғыс білдіріп, олардың елдерінің тәуелсіздік алу және әлемдік экономикаға ықпалдастыру бағытындағы қиын-қыстау кезеңін еңсеру жөніндегі тәжірибесі өнеге боларлықтай екенін атап айтты. Хорватия Балқан түбегінің көрнекті мемлекеті болып табылады және Қазақстан өзара табысты ескере отырып, кез келген бағыттағы ынтымақтастыққа дайын.

Бизнес-форум аясында екі елдің Сауда-өнеркәсіп палаталарының ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды.

## 22 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2001 жылғы есебін бекіту туралы» №851, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2001 жылғы таза кірісінің жұмсалуды туралы» №852 жарлықтарына қол қойды.

## 23 сәуір

Мемлекет басшысы Түрікменстанның астанасы Ашгабад қаласында өткен Каспий бойы мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Ресей Федерациясы және Түрікменстан Республикасының президенттері де қатысты.

Жоғары деңгейде өткен келіссөздер барысында тараптар сондай-ақ балық аулау кәсібі, кеме қатынасы, экологияны қоса алғанда, Каспий теңізінің мәртебесі туралы мәселелерді талқылады.

«Каспийдің болашағы ортақ құндылықтарға және Каспий бойы мемлекеттерінің келісілген ұстанымдарына негізделуі керек, тек қана бір-бірінің мүдделерін құрметтей отырып, Каспийдің баға жетпес байлығын пайдалы қолдануға болады. Мен барлық

мүдделі тараптар осыны түсінетініне сенімдімін. Каспий бүкіл әлем мүдделерін ескере отырып, тиімді ықпалдастыру және экономикалық ынтымақтастық өңіріне айналуы керек», — деп атап көрсетті Президент саммитте сөйлеген сөзінде (Қосымшаны қараңыз).



Каспий бойы мемлекеттерінің I саммиті жұмысының барысында Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен және Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен екіжақты кездесулер өткізді.

## 24 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Иран Ислам Республикасының Президенті М. Хатамимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Н.Ә. Назарбаев Алматыдағы осы жолғы кездесу Иранмен дипломатиялық қатынастардың орнатылуына 10 жыл толу кезінде өтіп отырғанын атап өтті және осы уақыт аралығында көп іс атқарылды. Қазақстандық мұнай, астық және металл есебінен тауар айналымы айтарлықтай өсті. Иран порттарымен тығыз байланысты Ақтау порты дамуда, таяу арада Иран арқылы Еуропаға жүк тасымалдау составтары жүретін темір жол магистралі қатарға қосылды. Алайда ынтымақтастық мүмкіндіктері осымен аяқталған жоқ.

Өз кезегінде М. Хатами Қазақстанның Иран елімен жақындасу талпынысын қолдады. Ол сондай-ақ Каспий бойы мемлекеттері көшбасшыларының әңгімесі жалғасын табатынына үміт артты, бұл оның пікірі бойынша өңірдің барлық мемлекеттері үшін өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Екі ел арасындағы Достық қатынастар туралы декларацияға қол қойылу кездесудің қорытындысы болды.

## 25 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Иран Ислам Республикасының Президенті М. Хатамимен бірге әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне барып, профессорлық оқытушылық құраммен және ЖОО студенттерімен кездесті.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен I Еуразиялық медиа-форумға қатысты.

«Менің ойымша, Шығыс пен Батыстың мәңгілік «түйіспеуінің» негізінде дүниетанымын, мәдениетін, өмір сүру салтын, даму модельдерін жетілдіру бойынша екеуара мәңгілік бәсеке жатыр. Алайда ендігі кезекте біз жалғыз ұлы жетістік — ол екеуінің үндесіп үйлесуінде, бірігіп дамуында екенін түсінуіміз керек. Біз Батыс пен Шығыстың бір-біріне қол созуы, осы уақытта және осы құрлықта біздің ортақ және жалғыз үйіміз — Жер ғаламшарының болашағын айқындайтын өркениеттің ашықтық пен ынтымақтастықтың жаңа пәлсапасы негізін қалауы үшін қолдан келгеннің барлығын да жасауымыз керек», — деді Н.Ә. Назарбаев форумның күн тәртібін жариялай келе (Қосымшаны қараңыз).



*Еуразиялық медиа-форум — Қазақстанда 2001 жылы құрылған тәуелсіз қоғамдық ұйым. Оның қызметінің негізгі мақсаты әлемдік БАҚ, халықаралық саясаткерлер мен бизнес-қоғамдастықтар, ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен сындарлы пікір алмасу арқылы Шығыс пен Батыстың өзара түсінісуін, сенімін және ынтымақтастығын нығайту болып табылады.*

## 26 сәуір

Мемлекет басшысы Грузия Президенті Э.А. Шеварднадзеге адамдар өліміне әкелген Тбилиси қаласы ауданында болған зілзалаға байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Табиғаттың дүлей күшінің салдарынан қаза болған құрбандар үшін Сізге және Грузияның барлық бауырлас халқына қайғыға ортақтасып көңіл айтамыз» — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №853, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» №854, «Ауғанстанда Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №855, «Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының ережесі туралы» №856 жарлықтарына қол қойды.

## 28 сәуір

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрі Д. Рамсфельдті қабылдады.

Әңгімелесу барысында халықаралық терроризмге қарсы күрес, қазақстандық офицерлердің коалициялық күштер штабы жұмысына қатысуы, апатты жағдайларға тап болған терроризмге қарсы коалиция ұшақтарының қонуына Қазақстан әуежайларын пайдалану, екі елдің қорғаныс министрліктерінің арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері көтерілді.

## 29 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына жолдауын жариялады.

Президент Жолдауда экономикалық гүлденуге, сәйкесінше барлық қазақстандықтардың өмірін жақсартуға әкелетін саясатты жүргізу қажеттігін атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдерімен жұмыс кеңесін өткізді.

Президент жергілікті атқарушы биліктің алдына Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бағыттарынан туындайтын тәжірибе жүзіндегі міндеттерді қойды, әсіресе, тиімді әлеуметтік саясатты іске асыруға бетбұрыстың қажеттігін айрықша атап айтты.

Мемлекет басшысы Польша Республикасының Сыртқы істер министрі В. Чимошевичті қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаевтың Польшаға жасайтын сапары талқыланды, Польша фирмаларының әртүрлі инвестициялық жобаларға қатысуы арқылы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері сөз болды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі туралы» №857 Жарлығына қол қойды.

## 30 сәуір

Мемлекет басшысы Академия басшылығы кеңесінің төрағасы Абдель Саям әл-Маджалидың жетекшілігімен Ислам ғылым академиясының делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Президент тәуелсіздіктің 10 жылы ішінде біз көптеген мұсылман мемлекеттерімен достық қатынас орнатқанымызды, ИҚҰ-ның мүшесі болғанымызды атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев Ислам ғылым академиясы делегациясының келуі біздің елдерді жақындастырып, ғылымды дамытуға жаңа серпін беретініне үміт артты.

Делегация басшысы Президентке Ислам ғылым академиясының Құрметті мүшесі дипломын табыс етті және жылы қабылдағаны үшін алғыс білдірді.



*Ислам ғылым академиясы — штаб-пәтері Амман қаласында (Иордания) орналасқан халықаралық үкіметтік емес ұйым.*

*Ислам конференциясы ұйымы аясында құрылған және мемлекеттің және экономиканың қандай да бір саласының дамуына айрықша үлес қосқан ислам саяси қайраткерлері мен ғылым саласы зиялыларының өкілдерін біріктіреді.*

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №858, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №859 жарлықтарына қол қойды.



# МАМЫР



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
<b>Сн</b>	<b>4</b>	<b>11</b>	<b>18</b>	<b>25</b>	
<b>Жк</b>	<b>5</b>	<b>12</b>	<b>19</b>	<b>26</b>	



## 2 мамыр

Мемлекет басшысы Қарағанды облысының әкімі Қ.Е. Мұхамеджановқа Қарағанды облысының Рудник кентінде болған апаттың салдарынан қаза болғандардың туған-туысқандарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

## 3 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцария Конфедерациясының вице-президенті, экономика жөніндегі федералдық кеңесшісі П. Кушпенді қабылдады.

Кездесу барысында мәдениеті әртүрлі, сонымен қатар бір-біріне сондай жақын екі ел халықтарын жақындастыру мәселесі сөз болды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан инвестицияларды алуға мүдделі екенін атап көрсетті және біздің елде швейцарлық капиталды ең алдымен шағын және орта бизнес саласында ұлғайту тілегін білдірді.

Сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі және терроризмге қарсы күрес мәселелері қозғалды.



Мемлекет басшысы «Бір топ әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы» №860, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №861, «Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының бір топ әскери қызметшілерін «Астана» естелік медалімен наградтау туралы» №862, «Жамбыл облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №863 жарлықтарына қол қойды.

## 6 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі А.М. Шоқпытовты қабылдады. Ол Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалу барысы, елдегі экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі министрлік жұмысының негізгі бағыттары туралы мәлімдеді.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхамедті қабылдады.

Кездесу барысында мәдениет және өнерді дамытудың ұлттық тұжырымдамасының жобасын әзірлеу барысы, сондай-ақ 2002 жылғы 14–28 мамыр аралығында Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларында өткізілетін Ресейдегі Қазақстан мәдениеті күндеріне дайындық мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңестің отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қаржы министрі А.С. Павловтың 2001 жылы Ұлттық қор қаражатын құру және пайдалану туралы және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконың оның сенімгерлік басқармасы бойынша жүргізілген жұмысы туралы баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысы жинақ портфелін басқару тиімділігін арттыру, Ұлттық Қордың тұрақтандыру функциясын нығайту, есеп жүргізу саясаты мен қаржы қаражатын есепке алу тетіктерін жетілдіру жөнінде тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясын құру туралы келісімді бекіту туралы» №317-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы» №318-II, «1972 жылғы контейнерлерге қатысты кеден конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №319-II, «Шекараларда жүктерге бақылау жүргізудің шарттарын келісу туралы халықаралық конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №320-II заңдарына қол қойды.

## 7 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 10 жылдығына орай салтанатты жиналыс пен мерекелік концертке қатысты.

Мемлекет басшысы өзінің астанадағы резиденциясында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, арнаулы қызметтің, құқық қорғау органдарының, прокуратура органдарының бір топ өкілдеріне мемлекеттік наградалар мен әскери ерекшелік белгілерін табыс етті.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевқа армия генералы; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовке генерал-полковник; Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Н.Н. Дүтбаевқа генерал-лейтенант; В.И. Накисбаевқа, Ш.Ш. Отарбаевқа, Б.Қ. Сембиновке, Ә. Халықовқа генерал-майор; В.Н. Васильевке авиация генерал-майоры; С.Т. Күнғожиновқа, Қ. Мырзабаевқа және А.Ж. Шпекбаевқа полиция генерал-майоры әскери атақтары берілді.

II сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі сыныптық шені Қазақстан Республикасы Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековке және III сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі сыныптық шені Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасарлары А.Қ. Дауылбаевқа және Қ.Д. Төлегеновке берілді.

II дәрежелі «Айбын» ордендерімен №68602 әскери бөлімшесінің командирі Т. Акопян, №44286 әскери бөлімшесінің командирі И. Ампилогов, №64207 әскери бөлімшесінің авиациялық эскадрилья командирі О. Клевс, Әуе қорғаныс күштері қолбасшылығы басқармасының ұшу қауіпсіздігі қызметінің бастығы Н. Рубанов, Әуе қорғаныс күштері қолбасшылығы басқармасының байланыс және радиотехникалық қамсыздандыру әскерлері Бас штабының бастығы С. Солодилов, №58012 әскери бөлімшесі командирінің орынбасары С. Танекеев және №10952 әскери бөлімшесі командирінің орынбасары — жедел кезекші С. Уханов марапатталды.

III дәрежелі «Айбын» орденімен — 7 адам, «Құрмет» орденімен — 3, «Ерлігі үшін» медалімен — 23, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен — 23, «Ерен еңбегі үшін» медалімен — 1, Қазақстан Республикасы Құрмет грамотасымен 3 адам марапатталды.



*«Айбын» ордені 1995 жылы белгіленді. Үш дәрежелері болады. Орденмен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және басқаларының қызметкерлері жауынгерлік даярлықта,*



1



2



3



4



5



6



7

әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін; әскери және қызмет бабындағы парызын өтеудегі көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады.

I (1-сурет) және II (2-сурет) дәрежелі «Айбын» ордендерімен кіші және аға офицерлік құрамдағы адамдар марапатталады. III (3-сурет) дәрежелі «Айбын» орденімен солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер мен мичмандр марапатталады.

«Құрмет» ордені (4-сурет) 1993 жылы белгіленді. Орденмен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білімді дамытуға сіңірген еңбектері үшін, мемлекеттік органдардағы үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«Ерлігі үшін» (5-сурет) медалі 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар төтенше жағдайларда (суда, өрт, табиғат апаты кездерінде) адам өмірін құтқаруға байланысты көрсеткен, қылмысқа қарсы күресте көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін марапатталады.

«Жауынгерлік ерлігі үшін» (6-сурет) медалі 1995 жылы белгіленді. Медальмен Қарулы Күштердің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамалары, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ішкі істер қылмыстық атқару жүйесі органдарының қызметкерлері әскери бөлімнің, бөлімшенің әскери міндеттерді ойдағыдай орындауына жәрдемдесетін ұрыс кезіндегі, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрестегі білгір, алғыр әрі батыл қимылы үшін; мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көрсеткен ерлігі үшін; қызметін өтеу барысында сіңірген еңбегі үшін марапатталады.

«Ерен еңбегі үшін» (7-сурет) 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №864, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің медальдары туралы» №865, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы №328 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №866, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2001 жылғы есепті бекіту туралы» №867 жарлықтарына қол қойды.

## 8 мамыр

Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясы төрағасының міндетін атқарушы С.А. Терещенконы қабылдады, ол 2002 жылғы сәуір айында Беоас Азиялық экономикалық форумына қатысуының қорытындылары туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан даму банкі» ЖАҚ президенті С.М. Мыңбаевты қабылдады, ол банктегі істердің жағдайы және оның даму келешегі туралы баяндап берді.

Президент банктің инвестициялық саясатын одан әрі жақсарту қажеттігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы №806 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №868 Жарлығына қол қойды.

## 9 мамыр

Мемлекет басшысы Астанада Жеңіс күніне орай өткен мерекелік шараларға қатысты және отанды қорғаушылар монументіне гүл шоқтарын қойды, майдан шебінде қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды және қазақстандықтарды Жеңіс күнімен құттықтады.

Содан соң Президент монументтің маңына ағаш отырғызып, ІІ дүниежүзілік соғыс кезіндегі әскери техника мұражайына барды.

## 12 мамыр

Мемлекет басшысы физика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары К. фон Клитцингі және Ж. Хуфтты, сондай-ақ Қазақстанға «Үшінші мыңжылдық ғылымы» тақырыбында өткен халықаралық конференцияға қатысу үшін келген М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В.А. Садовничийді қабылдады.

Кездесудің соңына қарай Н.Ә. Назарбаев ғалымдарға «Астана» естелік медальдарын табыс етті.



«Астана» естелік медалі Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 2 маусымдағы Жарлығымен белгіленді.

Медальмен Қазақстан астанасының құрылысына, орналасуына және әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге адамдарды қазаға ұшыратқан Дағыстандағы қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қазақстандықтар барлығымыз үшін қасиетті күн — Жеңіс күні болған қорлық актісіне қатты күйзелді. Кінәсіз адамдар, балалар қаза болып, жарақат алды. Өлемде бейбітшілікті сақтап қалған Отан қорғаушылар қасірет шекті. Бұл терроризмнің айуандық келбетінде ешқандай қасиет болмайтынының, қарияларға да, балаларға да аяушылық танытпайтынының тағы бір айғағы. Өз атымнан, барша қазақстандықтардың атынан қаза болғандар мен жапа шеккендердің отбасыларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын», — делінген жеделхатта.

Сол күні Мемлекет басшысы мемлекет басшылары деңгейінде өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің II отырысына және ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына қатысу үшін Мәскеу қаласына аттанды.

### 13 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында мемлекет басшылары деңгейінде өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің II отырысына қатысты.

Отырыста ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздерде қоғамдастық елдерінің өзара іс-әрекеті, өзара саудасаттық жүргізуде арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шараларын қолданбау жағдайында ішкі нарықты сақтау тетіктері, транспорттық тарифтерді келісу және Транспорттық кеңес құру, сондай-ақ сыртқы қатерлер, терроризм және есірткі трафигі қаупі жағдайында бірыңғай шекара саясатын әзірлеу мәселелері қаралды.

Отырыс қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев келесі мерзімге ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің төрағасы болып сайланды.



*Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) — құрамына енетін мүше мемлекеттердің ортақ рыногын құру мақсатын көздейтін халықаралық экономикалық ұйым. ЕурАзЭҚ-ты құру туралы Шартқа Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері 2000 жылдың 10 қазанында Астанада қол қойды. 2006 жылдың қаңтарынан бастап ЕурАзЭҚ-қа Өзбекстан да қосылды.*



*2002 жылдан бастап бақылаушылар мәртебесін Украина мен Молдова, 2003 жылдан бастап Армения иеленді. 2003 жылдың желтоқсанында ЕурАзЭҚ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды. Мемлекетаралық кеңес, Интеграциялық комитет, Хатшылық, Парламентаралық ассамблея мен Сот ЕурАзЭҚ-тың органдары болып табылады.*

Сол күні Мемлекетбасшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Екі мемлекеттің басшылары Ресей мен Қазақстан арасындағы 1998 жылғы 6 шілдедегі жер қойнауларын пайдаланудағы дербес құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігі табанының ара-жігін ажырату туралы Келісім хаттамасына қол қойды.

Н.Ә. Назарбаев екі елдің жетекшілері бұл оқиғаны Каспиймен байланысты барлық мәселелер кешені шешімінің жобасы ретінде қарастыратынын атап айтты. Қазақстан мен Ресей бірінші болып осы теңіз түбін игеру мәселесі бойынша өзара түсіністікке қол жеткізіп, келісім жасаулары біздің елдердің стратегиялық серіктестікті дамытуға ұмтылысын айғақтайтынын тағы да дәлелдей түседі.

Президент құжатқа қол қою орын алған мәселені шешу жолының өзін-өзі ақтайтынын, өміршеңдігін дәлелдейтінін деп атап көрсетті және қалған Каспий бойы елдерінің де жүріп өтер жолы болып табылатынын айтты. Модификациялық орталық сызығына келетін көмірсутегін өндірудің үш кен орны паритеттік негізде игерілетіні көрнекті шешім болды. Және бұл екі мемлекеттің өзара қатынасын жаңа деңгейге көтереді. Кездесуде сондай-ақ екіжақты қатынастардың одан әрі даму келешегі тілге тиек етілді.

## 14 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ҰҚШ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

Сондай-ақ оның жұмысына Армения Республикасының Президенті Р.С. Кочарян, Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов қатысты.

Сессияда әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру және жаңғырту саласындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту, әскери кадрларды даярлау мәселелері талқыланды.

Қатысушы мемлекеттердің басшылары Жедел өрістетілетін ұжымдық күштер қызметін сарапқа салды. Маусым айында Қырғызстан мен Қазақстанда кезекті бірлескен оқу-жаттығулар өткізу туралы шешім қабылданды.

Отырыс қорытындысы бойынша ҰҚШ-ны толыққанды халықаралық ұйым — Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) етіп қайта құрудың тиімділігі туралы шешім қабылданды.



*Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) — 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт негізінде құрылған халықаралық әскери-саяси одақ. ҰҚШҰ құру туралы шартқа Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан президенттері Кишинев қаласында (Молдова) 2002 жылғы 7 қазанда қол қойды. 2006 жылғы тамыз айында ҰҚШҰ-ға Өзбекстан қосылды.*

*ҰҚШҰ органдарына Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (мемлекет басшыларының деңгейінде), Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік кеңес хатшыларының комитеті, Хатшылық, ҰҚШҰ-ның біріккен штабы кіреді.*

*2004 жылдың желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды.*

## 15 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Н.Т. Рүстемовті қабылдады. Ол елдегі демографиялық жағдай туралы мәлімдеді және оны жақсартудың бірқатар шараларын ұсынды. Атап айтқанда, депутат көпбалалы отбасыларды қолдау және бойдақтарға салық салу қажеттігі туралы пікірін білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтының директоры М.Ж. Жұрыновты қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевтың Ұлттық ғылым академиясы ғалымдарымен кездесуде айтылған ұсыныстарын жүзеге асыру мақсатында институт ұсынған шығармашылық зерттемелер туралы айтып берді. Ол сондай-ақ ғылым

және білім саласындағы халықаралық байланыстарды орнату жолдары туралы мәселені де қозғады.

## 16 мамыр

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №321-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Байқоңыр қаласының әкімшілік басшысын тағайындау туралы» №869 Жарлығына қол қойды.

## 17 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі Қ.Ы. Нағмановты қабылдады.

Кездесу барысында көлік және коммуникацияның қазіргі заманғы жағдайы және даму келешегі талқыланды. Президент темір жол және автомобиль жолдары, авиация желілерін одан әрі дамыту бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан-ресейлік университет ректоры З.М. Молдахметовті қабылдады.

Кездесу барысында Астана қаласындағы Есіл өзенінің сол жағалауындағы университеттің оқу кешені құрылысының барысы, Қазақстанда қашықтықтан оқытуды кіргізу мен дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының президенті Чан Йан Бэнгті қабылдады, ол ЖОО-ның 10 жылдық дамуы ішіндегі қол жеткізген жетістіктері туралы баяндап берді.

Күн соңында Мемлекет басшысы РТР телеарнасының «Апта жаңалықтары» апталық қорытынды бағдарламасының жүргізушісі Е. Ревенкоға сұхбат берді.

Сұхбат барысында Президент 2002 жылғы 14 мамырда Мәскеу қаласында өткен Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық сессиясының қорытындылары бойынша, ұйым келешегі, Қазақстан мен Ресей арасында жасалған Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату келісімі туралы сұрақтарға жауап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №322-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қ.Ы. Нағмановты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №870, «А.В. Смирновты Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №871, «Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері туралы» №872, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасы Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу ережелерін бекіту туралы» №873 жарлықтарына қол қойды.

## 20 мамыр

Мемлекет басшысы Польша Республикасына ресми сапарының алдында «Газета Выборча» поляк басылымы үшін Варшава шығыс зерттеулері орталығының директоры профессор М. Карпке сұхбат берді.

Президент Қазақстандағы әлеуметтік трансформация мен реформалардың үдерісі туралы, Қазақстанның сыртқы саясатының әртүрлі аспектілері, Каспий бойы және Орталық Азия өңіріндегі жағдайдың дамуы, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысы, даму келешегі туралы сауалдарға жауап берді, өңірдегі геосаяси жағдайға деген көзқарасымен бөлісті.

Сұхбатта сондай-ақ Қазақстан мен Польша екіжақты қатынастарын дамыту мәселесі қозғалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ш.К. Беркімбаеваны қабылдады. Ол министрліктің 2002 жылғы жұмысының негізгі бағыттары туралы, мамыр айының аяғында Алматы қаласында өтетін ТМД білім министрлері кеңесіне дайындық барысы туралы мәлімдеді.

Кездесуде сондай-ақ педагог кадрларды даярлау және студенттерді оқыту сапасын арттыру мәселелері де талқыланды.

Президент ауыл мектебін дамыту бағдарламасын аяқтауды, сондай-ақ мұғалім мәртебесін көтеру жөніндегі қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Ж. Қарақұсованы қабылдады.

Кездесу барысында әлеуметтік сала мен еңбек қатынастарын дамыту мәселелері талқыланды.

Президент жалақыны, зейнетақыны одан әрі өсіру және «Атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңды іске асыру жөніндегі Үкімет жоспарлары туралы сұрады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.А. Әбілқасымовты қабылдады. Ол Денсаулық жылы бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде өз жұмысы туралы айтып берді, сондай-ақ білім саласының мәселелеріне арналған алдағы болатын парламенттік тыңдаулар туралы хабардар етті.

Президент халық денсаулығын жақсартудың, бірінші кезекте балалар денсаулығы мен пәрменді медициналық көмек көрсетудің маңыздылығын баса айтты.

Мемлекет басшысы «TotalFinaElf» Франция мұнай компаниясының президенті Т. Демарэні қабылдады.



*Мұнай өңдеу нарығында 75 жыл жұмыс істейтін француздық компания кен өндіру мен айналым жауап беру жөніндегі әлемдегі төртінші компания болып табылады. Қазақстанда оның аты «AGIP KCO» консорциумымен байланысты, «TotalFinaElf» оның құрамына енеді. 2001 жылы компания Қазақстан экономикасына 225 млн. долларға жуық инвестиция салды.*

Мемлекет басшысы астананың гольф-клубында жаңа гольф-хаустың және жаңа маусымның ашылу салтанатына қатысты.

## 21 мамыр

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі В. Вермадан сенім грамотасын қабылдады.



Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Ватикан Мемлекетінің Апостолдық Нунциі (елшісі) архиепископ Ю. Веселовскиден сенім грамотасын қабылдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Словения Республикасына ресми сапармен аттанды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №323-II, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №324-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №874, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №875, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №876, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №877–878, «Т.С. Сүлейменов туралы» №879, «М. Кучанды I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №880, «А. Квасьневскийді I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №881 жарлықтарына қол қойды.

## 22 мамыр

Мемлекет басшысы Словения Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Любляны қаласында Президент М. Кучанмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында жан-жақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды. Мемлекет басшылары сауда-экономикалық саладағы байланыстарды кеңейтуге ерекше назар аударды. Қазақстандық нарықта словениялық фармакологиялық, құрылыс өнеркәсібінің болу мүмкіндіктері туралы нақты әңгіме болды. Саясат пен мәдениет саласындағы байланыстарды кеңейту мәселесі ерекше атап көрсетілді.

Халықаралық саясат, Орталық Азия және Балқан өңірлеріндегі жағдай сөз болды.

Словения Президенті екі ел арасындағы достық қатынасты нығайтудағы жетістіктері үшін Н.Ә. Назарбаевқа Словения Республикасының жоғары мемлекеттік наградасы — «Бостандық» алтын орденін табыс етті.

Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев М. Кучанға I дәрежелі «Достық» орденін табыстады.



1



2



3



4



«Достық» ордені 1995 жылы бекітілген. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады. I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.

«Бостандық» алтын ордені (4 сурет) Словения Республикасының жоғары мемлекеттік наградасы болып табылады. Словения алдында достық қатынастарды дамыту ісіне айрықша үлес қосқан Словения мен шетел мемлекеттерінің азаматтарына табыс етіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Словения Республикасының Премьер-министрі Я. Дрновшекпен, сондай-ақ Любляны қаласының мэрі В. Поточникпен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев мэрияға аңыз бойынша өз халқының тәуелсіздігі үшін Дарий патшаға қарсы шайқаста қаза болған Алтын жауынгердің шағын көшірмесін сыйға тартты.

Содан соң Президент Любляны қаласының көне орталығын жаяу аралап шықты.

## 23 мамыр

Мемлекет басшысы Словения Республикасына ресми сапары барысында өнімі Еуропа елдерінде кеңінен танымал «KRKA» фармацевтикалық компаниясының фабрикасына барып, фабриканың Бас директоры М. Ковачичпен кездесті және Алматы қаласында фармацевтикалық зауыт құрылысының мүмкіндігін талқылады. Бұл фабрика ең көп қолданатын 50 дәрі-дәрмектің 35-ін өндіріп шығарады және оның өнімі қазақстандық нарықта да кеңінен танымал.

Мемлекет басшысы Словения Республикасының Мемлекеттік жиналыс төрағасы Б. Пахормен кездесті.

Сол күні Мемлекет басшысы Польша Республикасына ресми сапармен аттанды.

## 24 мамыр

Мемлекет басшысы Польша Республикасына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Варшава қаласында Президент А. Квасьневскиймен кездесті.

Ресми қарсы алу рәсімінен кейін А. Квасьневский Польша мен Қазақстан арасындағы қатынастарды нығайту ісіндегі ерекше еңбегін мойындай отырып, Н.Ә. Назарбаевқа елдің жоғары мемлекеттік наградасы — «Ақ бүркіт» орденін тапсырды. Ал Н.Ә. Назарбаев өзінің әріптесін I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздердің қорытындысы бойынша ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы өзара іс-қимыл туралы, кедендік мәселелер бойынша өзара көмек көрсету және Варшава мен Астана қалалары арасындағы ынтымақтастық туралы үш келісімге қол қойылды.



1



2



3



4



*«Достық» ордені 1995 жылы бекітілген. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.*

*I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.*

*«Ақ бүркіт» орденін (4 сурет) 1705 жылғы 1 қарашада Польша королі Август II бекіткен. 1992 жылғы 16 қазандағы «Ордендер мен наградалар туралы» Польша Республикасының Заңына сәйкес орден Польшаның жоғары мемлекеттік наградасы болып белгіленді.*

*Орденмен айрықша қызметі үшін монархтар, шетел мемлекеттерінің және үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ саясат, ғылым, мәдениет және өнер салаларында мемлекет алдындағы айрықша қызметі мен жеткен жетістіктері үшін Польша азаматтары марапатталады.*

Сол күні Мемлекет басшысы Пилсудский алаңында Белгісіз солдат қабіріне гүл шоқтарын қойды, Польша Республикасы Парламентінің палаталары — Сейм маршалдары М. Боровский және Сенаттікі — Л. Пастусякпен кездесті, елдің жоғары заң шығарушы органы депутаттарының алдында сөз сөйледі.

Өз сөзінде Президент Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі даму бағыттарына тоқталды.

Парламент қабырғасының ішінде Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы баяндайтын Польшада шығарылған «Нұрсұлтан Назарбаев: бейбітшілік — барлығын да айқындайтын сөз» альбомының тұсаукесері өтті.



Күн соңында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Польшадағы елшілігін ашу салтанатына қатысты.

## 25 мамыр

Мемлекет басшысы Польша Республикасына ресми сапары барысында Еуропа бойынша ең ірі теңіз порты орналасқан Гданьск қаласына барып, мұнай өңдеу зауыты мен кеме жасау орнының жұмысымен танысты.

## 27 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовті қабылдады. Ол Президенттің тапсырмасына сәйкес таяу үш жылға арналып әзірленген мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасының жобасы туралы мәлімдеді.

Сондай-ақ кездесуде ауыл шаруашылығын дамытудың ағымдағы мәселелері, мал шаруашылығының жағдайы және көктемгі егістік жұмыстарының барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы «Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы» №325-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының нышандары мен ведомстволық наградаларының кейбір мәселелері туралы» №882 Жарлығына қол қойды.

## 28 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Э.Ф. Госсенді қабылдады.

Кездесу барысында агроөнеркәсіптік кешен, Астана қаласын және оның айналасын көгалдандыру, төрт ірі ландшафтты-сауықтыру аймақтарын құру, сол жақ жағалауда күн батареяларын пайдалану арқылы ірі массив құрылысын салу, Амангелді газ-кен орнын әзірлеу, Амангелді-Қаратау газ-желді дәлізін және Іле-Балқаш гидроэнергетика бассейні мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста әскери құрылыс, 2003–2005 жылдарға арналған мемлекеттік агрозық-түлік бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ елдің интеграциялық бірлестіктерге қатысу келешегі туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Үкіметке елдің мүдделерін барлық интеграциялық бірлестіктерде қорғай алу үшін барлық жұмыс жоспарларын нақтылауды тапсырды, оның ішінде трансшекаралық өзендер, Аралды сақтап қалу, елдің ДСҰ-ға кіру мәселелері де бар.

Мемлекет басшысы «Батыс Қазақстан облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №883, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №884 жарлықтарына қол қойды.

## 29 мамыр

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресі Өкілдері палатасының мүшесі Р. Векслерді қабылдады.

Әңгіме барысында екі халық және парламент арасындағы қарым-қатынасты нығайту, АҚШ Конгресінің мүшелері мен Қазақстан Республикасы Парламенті арасындағы қарым-қатынасты жүйелеуге мүмкіндік беретін жұмыс тобын құру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы Б.А. Бұлғабаевты қабылдады. Ол елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс нәтижелері туралы хабардар етті, Н.Ә. Назарбаевтың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуды болдырмау, фискальды және құқық қорғау функцияларының аражігін ажырату, ведомство қызметінде заңдылықты сақтауға қатысты бірқатар тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндады.

Президент агенттік ұжымының алдына елдің экономикалық қауіпсіздігіне төнетін қатерлер деңгейін төмендету, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жаңа міндеттерді қойды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының алқа төрағалары мен судьяларын, сонымен қатар кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №885, «Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы» №886 жарлықтарына қол қойды.

### 30 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, онда қалалық әкімдік пен коммуналдық қызметтердің оңтүстік мегаполисті дамыту келешегіне арналған кеңесіне қатысты.

Қала әкімі В.В. Храпунов соңғы жылдардағы реформалардың дамуы мен қаланы көркейту туралы айтып берді.

Кеңес барысында Президент әкімдіктің алдына қала шегінде ғимараттар мен кешендер құрылысын салуды реттеу, оларды ормандар мен алма бақшаларын кесіп, табиғи ландшафтты бұза отырып, сел қаупі бар аймақтарда тұрғызуға тыйым салу, қаланы дамыту мен елдің ғылым, білім, мәдениет, қаржы және өндіріс қызметінің маңызды орталығы ретінде көркейту жөніндегі өзекті міндеттерді қойды.

### 31 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, онда Талғар ауданының Жаңалық ауылында 1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішті аша отырып, Президент: «Біз кінәсіз қаза болғандардың алдында басымызды иеміз. Оларды әрқашан есте сақтаймыз. Тарихымыздан кек алу үшін емес, қайырымды болу үшін, біздің халқымыздың басында ендігері осындай қайғы-қасірет қайталанбас үшін есімізде сақтаймыз...», — деді.

Ескерткіштің ашылу рәсімі аяқталған соң, Н.Ә. Назарбаев Талғар ауданындағы асыл тұқымды сиырларды өсірумен және дәнді-дақылдардың элиталы тұқымдарын өндірумен айналысатын «Айршир» ЖАҚ болды.

Содан соң Президент Іле ауданына барып, темекі өнімдері үшін қораптар шығаратын «Лосан Мардон Қазақстан» ЖШС жұмысымен танысты.



*Жаңалық обасы — елдегі ең үлкен обалардың бірі. Бұл жерде 3 мыңнан астам адамдардың мүрдесі жатыр. Сталиндік қуғын-сүргін жылдары Қазақстанда 120 мыңға жуық адам қуғын-сүргін нәубетіне ұшырады.*

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға бокстан Әлем кубогына қатысу үшін келген Халықаралық әуесқой бокс қауымдастығының (AIBA) Президенті А. Чаудриді қабылдады.

Әңгіме барысында қазақстандық бокстың әлемдік аренадағы дәрежесі талқыланды.

Спорт саласындағы көпжылғы еңбегі, Қазақстандағы бокстың дамуына қосқан жеке үлесі мен қызметі үшін Президент А. Чаудриді I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Өз кезегінде А. Чаудри Н.Ә. Назарбаевқа Қазақстандағы жастар және олимпиадалық спортына қолдау көрсету жөніндегі қызметін мойындай отырып, AIBA-ның «Еңбегі үшін» алтын орденін табыс етті.



1



2



3



*«Достық» ордені 1995 жылы бекітілген. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады. I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.*

Мемлекет басшысы «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №326-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына бақылау жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №327-II заңдарына қол қойды.

# МАУСЫМ



Дс	3	10	17	24	
Сс	4	11	18	25	
Ср	5	12	19	26	
Бс	6	13	20	27	
Жм	7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30



### 3 маусым

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға 2002 жылғы 4-5 маусым аралығында өтетін АӨСШК саммитіне қатысу үшін келген Египет Араб Республикасының министрі М.Х. Закзукты қабылдады.

М.Х. Закзук Қазақстан Президентіне Египет Президентінің екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығы тағы бір мәрте дәлелденген жолдауын жеткізді.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға 2002 жылғы 4–5 маусым аралығында өтетін АӨСШК саммитіне қатысу үшін келген Израиль Мемлекетінің вице-премьері Н. Щаранскийді қабылдады.

Кездесу барысында түрлі салаларда табысты дамып келе жатқан екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды. Алайда израильдік мейманның пікірінше, оның әлеуеті барынша пайдаланылып келе жатқан жоқ, мәселен, жоғары технологиялар, геология салаларында өзара пайдалы ынтымақтастықтың резервтері бар.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға 2002 жылғы 4–5 маусым аралығында өтетін АӨСШК саммитіне қатысу үшін келген Пәкстан Ислам Республикасының Президенті П. Мушаррафпен кездесті.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың, өңірлік қатынастардың мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, өңірдегі қауырт жағдай туралы сөз қозғалды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Үндістан Республикасының Премьер-министрі А.Б. Ваджпайды қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту мен екі ел арасындағы экономикалық қатынастар, алда болатын АӨСШК саммиті, сондай-ақ Пәкстанмен қақтығыстарды реттеу жолдары мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындылары бойынша әскери-техникалық ынтымақтастық, сондай-ақ туризм және халықаралық терроризммен күрес бойынша біріккен

жұмыс тобын құру туралы меморандумдарға қол қойылды.

Түстен кейін Н.Ә. Назарбаев және А.Б. Ваджпай атақты гуманист М. Ганди атындағы көшенің ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы «1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» №328-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А. Чаудриді I дәрежелі «Достық» орденімен наградау туралы» №887, «Астана» естелік медалімен наградау туралы» №888 жарлықтарына қол қойды.

## 4 маусым

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен АӨСШК I саммитінің ашылуына қатысты.

Саммит барысында АӨСШК қатысушы мемлекеттер делегацияларының басшылары сөз сөйледі.

Содан соң салтанатты түрде АӨСШК қатысушы мемлекеттер делегациялары басшыларының Алматы актісіне қол қоюы болды.

«Алматы актісі және терроризмді жою мен өркениеттер үнқатысуын дамыту туралы АӨСШК декларациясы Азия субконтинентіндегі халықаралық қатынастар дамуының жаңа кезеңін айшықтайды.

Бүгін біз Азиядағы тұрақсыздық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған үдерістердің басталуына негіз қаладық және осылайша біздің халықтардың бізге артып отырған жоғары міндеттерін орындадық.

Бүгінгі күн тарихта өз ізін қалдыратынына сөз жоқ», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).



*Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру бастамасын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылғы қазанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 47 сессиясының мінберінде ұсынған болатын.*



*Форумның басты мақсаты — көкейкесті өңірлік мәселелерді бірлесіп шешу және Азия құрлығындағы ынтымақтастықты нығайту үшін пікір алмасу тетігін құру болып табылады.*

Мемлекет басшысы АӨСШК I саммитінің қатысушылары және меймандарымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Түрік Республикасының Президенті А.Н. Сезермен кездесіп, Қазақстан мен Түркия арасындағы әскери, саяси, сауда және мәдени салалардағы екіжақты қатынастардың барысын талқылады.

Содан соң Президент Өтпелі Ауғанстан Ислам Мемлекетінің уақытша әкімшілігінің басшысы Х. Карзайды қабылдады және онымен Ауғанстанды одан әрі қайта өркендету туралы пікір алмасты.

Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың Иран Ислам Республикасының Президенті М.Р. Арефпен және ЕҚЫҰ бас хатшысы Я. Кубишпен кездесулері өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы өз үйіне Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин мен Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзян Цзэминді шақырды.

Н.Ә. Назарбаев пен оның меймандары бейресми жағдайда өткен саммиттің қорытындылары мен АӨСШК келешегін, сондай-ақ 2002 жылғы 6–7 шілдеде Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өтетін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысын талқылады.

## 5 маусым

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында АӨСШК I саммитінің қатысушылары және меймандарымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминмен кездесті және онымен екіжақты қарым-қатынастардың келешегі және АӨСШК саммитінің негізгі қорытындылары туралы пікір алмасты.

Моңғолия Республикасының Президенті Н. Багабандимен кездесуде Қазақстанның шығыс аудандарынан Моңғолия бағытында салынатын жол құрылысы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстан Президенті сондай-ақ Араб мемлекеттері лигасының бас хатшысы А. Адельді қабылдады және оның ұйымы Қазақстанмен бұдан да белсенді

ынтымақтастық жасауға және Араб мемлекеттерінің бұдан да ауқымды өкілеттік етуге мүдделі екенін мәлімдеді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы» №889 Жарлығына қол қойды.

## 6 маусым

Мемлекет басшысы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысына қатысу үшін Ресей Федерациясына кетті.

## 7 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

ШЫҰ мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың келешегі туралы айта келе, Мемлекет басшысы экономикалық саладағы қарым-қатынасқа, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тиісті бағдарламасын әзірлеу қажеттігіне ерекше назар аударды. Қатысушы елдердің көбі құрлықтың орта кезіне қарай орналасқан және теңізге шығар жолы жоқ. Сондықтан да күш біріктіре отырып, көпбейінді көлік дәліздерін дамыту өте маңызды (Қосымшаны қараңыз).

Саммит қорытындысы бойынша үш құжатқа — ШЫҰ Хартиясына, Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы Келісім және осы ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының декларациясына қол қойылды.



*Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) — өңірлік халықаралық ұйым. ШЫҰ 2001 жылғы 15 маусым күні Шанхай қаласында құрылды. Оның негізін ертеректе Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның Әскери сала бойынша біріккен шекара аумағында сенімділік шараларын нығайту жөніндегі келісімге (1996) және Шекара аумағында қарулы күштерді өзара кеміту туралы келісімге (1997) қол қоюы нәтижесінде құрылған «Шанхай бестігі» мүше мемлекеттері құрады. Бестікке Өзбекстанның қосылуынан бастап ұйым Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып қайта аталды. Мүше мемлекеттер аумағында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; терроризм, сепаратизм, экстремизм, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі трафигіне қарсы бірігіп күрес жүргізу; экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық; ғылыми және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынас ШЫҰ қызметінің басымдылықтары болып табылады. ШЫҰ ұйымдастырушылық кезеңінің аяқталуын 2003 жылғы 28–29 мамыр аралығында өткен Мәскеу саммиті*

*айқындап берді. 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап ол жеке жұмыс тетіктері, персоналы мен бюджеті бар толыққанды халықаралық ұйым ретінде жұмыс істей бастады. 2004 жылғы желтоқсан айында ұйым БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін алды.*

*Мемлекеттер басшыларының Кеңесі, Үкіметтер басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Министрліктер мен ведомстволар басшыларының кеңесі, Хатшылық, Өңірлік терроризмге қарсы құрылым ШЫҰ органдары болып табылады.*

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен және Қытай Халық Республикасының Президенті Цзян Цзяминмен екіжақты кездесулер өткізді.

## 8 маусым

Мемлекет басшысы 2002 жылғы мамыр айының басында Астана қаласында ашылған аумағы 2 мың шаршы метрге жуық Қазақстандағы ең ірі спорттық-сауда орталығы — «Мегаспорт» дүкеніне барды.

Содан соң Президент Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне барып, оның 14 қабатты ғимаратын аралап көріп шықты және полицейлер қалаға бейнебақылау жасап, патрульды топтарына жетекшілік ететін жедел басқару орталығын көрді.

Кешке қарай Президент «Қазақстан» спорт кешенінде өтіп жатқан Бокстан әлем кубогының ақтық жекпе-жектерін тамашалады.

## 10 маусым

Мемлекет басшысы Астана күніне орай мерекелік шаралар шеңберінде Астана қаласының бірқатар нысандарын аралап көрді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев «Air Astana» авиакомпаниясының тұсаукесеріне, жаңартылған қалалық саябаққа, Есіл өзенінің жағалауындағы спорттық орталыққа, «Индустриялық технологиялар» ғылыми-өндірістік кәсіпорны» ЖАҚ-қа және ең жаңа жабдықтармен жарақталған астаналық «АСТВ» арнасының жаңа ғимаратына барды.

Мемлекет басшысы Астана күніне орай Конгресс-холлда өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент елорда тұрғындарына Астананың құрылысы мен дамуына қосқан үлестері үшін

ерекше алғысын білдірді. Сондай-ақ олардың Мәскеудегі Мәдениет күндерінде өз қаласын абыроймен көрсетіп, Астана үлкен құрылыс алаңы болуымен қатар, жоғары мәдениеті бар ірі орталық екенін дәлелдей алғанын атап өтті.

## 11–25 маусым

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

Мемлекет басшысы «Солтүстік Қазақстан облысының Целинный ауданын қайта атау туралы» №890 Жарлығына қол қойды.

## 14 маусым

Мемлекет басшысы «Б.Қ. Әміреевті Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №891, «Е.Ә. Ыдырысовты Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №892 жарлықтарына қол қойды.

## 17 маусым

Мемлекет басшысы Х. Қарзайға оның Өтпелі Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті болып сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

## 21 маусым

Мемлекет басшысы «С.Т. Тұрсыновты Қазақстан Республикасының Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №893, «Р.М. Әлиевті Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №894, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №895 жарлықтарына қол қойды.

## 23 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Алматыдағы Республика алаңында Тәуелсіздік монументінің жанында елдің әскери жоғарғы оқу орындарын түлектердің бітіруіне орай өткізілген салтанатты рәсімге қатысты.



## 24 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге Ресейдің оңтүстік өңірлеріндегі су тасқыны мен селдің салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Бухгалтерлік есепке алу туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №329-II, «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» №330-II заңдарына қол қойды.

## 25 маусым

Мемлекет басшысы «Ақтөбе облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №896, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің компьютерлік ақпарат саласындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы» №897 жарлықтарына қол қойды.

## 26 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Грекия Республикасының Президенті К. Стефанопулоспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар мұнай-газ, телекоммуникация, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу салаларындағы екіжақты байланыстардың жағдайын талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау, халықаралық автомобильді жүк тасымалдау, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігі мен Грекия Республикасының Туризм жөніндегі ұйымы арасында туризм саласы бойынша ынтымақтастық ниеті туралы Хаттамаға қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №898, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №899 жарлықтарына қол қойды.

## 27 маусым

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент облыстық диагностикалық орталыққа, дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне барып шықты. Кешенде теннис корты, спорттың барлық ойын түрлеріне арналған зал, жүзу және оқу бассейндері, айына 18 мың адам бара алатын жаттығу залдары орналасқан.

Н.Ә. Назарбаев құрылысы жүріп жатқан «Азия Авто» автокөлік жинау зауытында болды.



*«Азия Авто» АҚ автокөлік жинау зауыты 2003 жылы пайдалануға берілді. Зауыт конвейерінен 2003 жылғы наурыз айында бірінші болып «Нива» автокөліктері шықты. 2005 жылдың ортасынан бастап зауыттың модельдік қатары «Шкода Октавия» автокөліктерімен толықты. 2007 жылғы маусым айынан бастап кәсіпорын «Шевроле» маркалы автокөліктердің үш моделін жинауға кірісті.*

## 28 маусым

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Лениногорск қаласына барып, «Еуразия шеңбері» бірінші халықаралық ақпараттық форумының жабылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев форумға қатысушыларды Журналистика күнімен құттықтады және Қазақстанның 8 жетекші журналистеріне сыйақылар мен гранттар табыс етті, олардың қатарында «Казахстанская правда» газеті» ААҚ вице-президенті А.Ю. Тараков та бар.



Мемлекет басшысы Лениногорск қаласының активімен кездесіп, Лениногорск қаласын Риддер қаласы деп қайта атау туралы жарлығын жария етті.

Кеңес барысында қаланы одан әрі дамыту, оның ішінде қаланың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайының жақсаруына бағытталған алтын өндірісінің бос жыныстар үйінділерінен өнім шығару мен қалдықтарын өңдеу мақсатты бағдарламаларын іске асыру келешегі туралы мәселелер талқыланды.

Бұл ретте Президент «Лениногорск — Таулы Алтай» жолының құрылысын жылдамырақ аяқтаудың маңызын атап көрсетті, ол жабық қаладан транзитті қалаға айналуына және экономикасын одан да табысты дамытуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы «Шығыс Қазақстан облысының Лениногорск қаласын қайта атау туралы» №900 Жарлығына қол қойды.

# ШІЛДЕ



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	







## 1 шілде

Мемлекет басшысы «И. Адырбековті Қазақстан Республикасының Малайзия Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №901 Жарлығына қол қойды.

## 3 шілде

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Ақтау қаласында өтетін Орталық Азия елдері мен Ресей көшбасшыларының бейресми кездесуінің мәселелері, Ақтау портына бірігіп жүк тасымалдау үшін Қазақстан мен Өзбекстан автожолдарын байланыстыру қажеттігі, сондай-ақ ортаазиялық ынтымақтастық және екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге және Башқұртстан Республикасының Президенті М.Г. Рахимовқа «Башқұрт авиажелілері» авиалайнерінің апатқа ұшырауына байланысты көңіл айту жеделхаттарын жолдады.

Мемлекет басшысы «Өсімдіктерді қорғау туралы» №331-II, «Геодезия және картография туралы» №332-II, «Инновациялық қызмет туралы» №333-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Р.Т. Ыбыраевты Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №902, «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының кейбір алқа төрағалары мен судьяларын, сонымен қатар аудандық және оларға теңестірілген соттарының кейбір судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №903 жарлықтарына қол қойды.

## 4 шілде

Мемлекет басшысы Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьерді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен ЕҚДБ арасындағы ынтымақтастық мәселелері, оның ішінде инфрақұрылым саласындағы (автомобиль жолдары мен әуежайлар), сондай-ақ энергетикалық сектордағы біріккен жобалар талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Бомбалық терроризмге қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияға қосылуы туралы» №334-II, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №335-II, «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» №336-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарының құрылысын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімді бекіту туралы» №337-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №904, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №905–907 жарлықтарына қол қойды.

## 5 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің VII жалпы отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында Қазақстанның инвестициялық климатын одан әрі жақсарту мүмкіндіктері, импорт алмастыру саясатын іске асыру, кадрларды жұмыспен қамту және қайта даярлау, сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіру келешегі талқыланды.

Жақын келешектегі міндеттер туралы айта отыра, Н.Ә. Назарбаев инфрақұрылымды жетілдіру, жолдар мен коммуникациялар құрылысы, ауыл шаруашылығын көтеру мен экономиканың өңдеу саласын жандандыру бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп іске асырған бірқатар жобаларды атап көрсетті.



*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған. Кеңес кеңесшіл-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. Кеңес шеңберінде салық салу, заңнамалық мәселелер, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның*

*инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады. Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.*

## 6–7 шілде

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысының Ақтау қаласында өткен Орталық Азия мен Ресей Федерациясы мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Саммитке қатысушылар энергетика, сауда және көмірсутегі шикізатын «Солтүстік-Оңтүстік» транзиттік дәлізі арқылы тасымалдау салалары бойынша өңірлік ынтымақтастықты нығайту келешегі туралы пікір алмасты.



Саммит барысында оған қатысушылар Ақтау теңіз портына барып, оның инфрақұрылымымен танысты, сондай-ақ Ақтау қаласының халқымен кездесті.

Сол күні Мемлекет басшысына ТМД-ның жалпы ақпараттық кеңістігін құру ісіне қосқан үлесі үшін ТМД Парламентаралық ассамблеясының кеңесі мен «Мир» Мемлекетаралық телерадиокомпаниясы белгілеген «Өмір ағашы» алтын медалі табыс етілді.

## 8 шілде

Мемлекет басшысы НАТО бас хатшысы Дж. Робертсонмен телефон арқылы сөйлесті.

Өңгіме барысында Ауғанстандағы жағдайды реттеу, сондай-ақ Қазақстан мен НАТО арасындағы ынтымақтастықтың келешегі, оның ішінде төтенше жағдайларға әрекет ету саласында, НАТО-ның терроризммен, ұйымдасқан қылмыс және наркобизнеспен күрес жөніндегі арнайы комитетімен ақпарат алмасу, Қазақстанның «Серіктестік бейбітшілік үшін» бағдарламасына қатысуын одан әрі кеңейту мәселелері бойынша пікір алмасты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бір топ ардагерлерін «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №908, «Қостанай облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №909 жарлықтарына қол қойды.

## 9 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қ. Тұрысовты қабылдады.

Әңгімелесу барысында депутаттың жаңа заң жобаларын — Қазақстанның Жер, Бюджет, Кеден кодекстерін қабылдау қажеттігі туралы ұсынысы бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «ТұранӘлем Банкі» ААҚ Басқарма төрағасы Е.Н. Тәгішевті қабылдады, ол банктің 5 жылдық қызметінің қорытындылары туралы мәлімдеді.

Кездесу барысында банктің даму келешегі және оның ұлттық экономиканың нақты секторына қатысуы мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Т. Цунодзакиден сенім грамотасын қабылдады.

## 10 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Л. Нэпперді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың мәселелері, шағын және орта бизнесті қолдау бастамасы, Қазақстанда демократия мен азаматтық қоғамды одан әрі дамытудың келешегі талқыланды.

Елші АҚШ Президентінің атынан Қазақстан жағына халықаралық терроризмге қарсы күресте қолдау көрсеткені үшін, оның ішінде АҚШ Әскери-әуе күштерінің ұшақтарына жанар-жағар май құйып, шұғыл қонулары үшін Алматы халықаралық әуежайын ұсынуға келісім бергені үшін алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты С.А. Әбдірахмановты қабылдады.

Әңгімелесу барысында депутат саяси партиялар туралы қабылданған заң жобасы турасында өз пікірін білдірді, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңды

қабылдау және бюджетаралық қатынастардың ара-жігін ажырату қажеттігі туралы мәлімдеді. Одан басқа, кездесуде ауылдың әлеуметтік мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 10 жылдығы қарсаңында комитетке барды.

Н.Ә. Назарбаев ҰҚК жеке құрамын айтулы датамен құттықтап, егеменді мемлекеттің тұрақты қызмет етуінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің өзекті рөлін атап көрсете отырып, жанкешті еңбегі үшін ризашылығын білдірді және ведомство алдында тұрған маңызды міндеттер шеңберін белгілеп берді.

ҰҚК құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Президентті мемлекет және оның халқының қауіпсіздігін қорғау үшін қолданылатын ең жаңа техникамен таныстырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №338-II, «Ветеринария туралы» №339-II, «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы» №340-II, «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №341-II, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №342-II заңдарына қол қойды.

## 11 шілде

Мемлекет басшысы «The Washington Post» газетінің ассоциативті редакторы Р. Кайзерге сұхбат берді.

Президент республиканың экономикалық жетістіктеріне, мұнай-газ секторын дамыту мен энергоресурстар экспортына қатысты тілшінің қойған сұрақтарына толық жауап берді.

Ішкі саяси жағдайға қатысты сұрақтарға жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның демократиялық сайлау мен саяси саладағы реформаларды одан әрі жақтайтынын атап көрсетті.

Президент ортаазиялық өңірдегі қазіргі жағдайға, Ауғанстандағы жағдайды реттеу мәселелеріне, өңірлік экономикалық ынтымақтастықтың келешегіне өз көзқарасын білдірді.

Мемлекет басшысы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» №343-II Заңына қол қойды.

## 12 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Ішкі істер министрі Б.В. Грызловты және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовті қабылдады.

Кездесу барысында заңсыз көші-қонмен күрес, үшінші әлем елдерінен Қазақстан мен Ресей аумақтары арқылы еуропа елдеріне заңсыз мигранттарды жөнелту жолдарын жою, сондай-ақ заңсыз есірткі айналымы, халықаралық терроризм және заңсыз қару-жарақ сатуға қарсы әрекет ету мәселелері бойынша Өскемен қаласында өтетін Қазақстан мен Ресей шекара бойы аймақтарының құқық қорғау органдары басшыларының кеңесі жөнінде пікір алмасты.

## 15–31 шілде

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

Мемлекет басшысы «Саяси партиялар туралы» №344-II Заңына қол қойды.

## 19 шілде

Мемлекет басшысы «А.А. Мусиновті Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №910 Жарлығына қол қойды.

## 25 шілде

Мемлекет басшысы «Аудандық соттарға теңестірілген кейбір соттарды қайта ұйымдастыру туралы» №912, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы №3375 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №913 жарлықтарына қол қойды.

## 29 шілде

Мемлекет басшысы Украина Президенті Л.Д. Кучмаға Львов қаласында болған әуе апатында адамдардың қайғылы қазаға душар болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

# ТАМЫЗ



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
<b>Сн</b>	<b>3</b>	<b>10</b>	<b>17</b>	<b>24</b>	<b>31</b>
<b>Жк</b>	<b>4</b>	<b>11</b>	<b>18</b>	<b>25</b>	





## 1 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Жамбыл ауданына барып, «Р-Құрты» ЖШС-ның егістік алқаптарын қарап шықты, шаруашылықтың механизаторлары және мамандарымен техниканы кредиттеу мен лизингке беру, ауылды жанар-жағар май және тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, бидайды сатып алудың мемлекеттік бағасы, суару жүйесін дамыту, тағы да басқа мәселелер бойынша әңгімелесті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев ауданның әкімшілік орталығы — Ұзынағаш ауылына барып, Қарасай бауыры ескерткішінің басына гүл шоқтарын қойды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі А.С. Сәрсенбайұлын Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасындағы, Армения Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №914 Жарлығына қол қойды.

## 2 тамыз

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында танымал бизнесмен, Гонконгтан шыққан қоғам қайраткері әрі саясаткер Хо Стенли Хуньды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Гонконг арасындағы өзара табысты сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мәселелері қаралды.

## 3 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қарасай ауданының Қаскелең қаласына барып, жергілікті тарихи-өлкетану мұражайының экспозициясымен танысты, экспонаттар ретінде өзінің жеке заттарын, кітаптары мен кәдесыйларын табыс етті, содан соң Шамалған ауылына барып, жаңа мешітпен және бірқатар әлеуметтік маңызды нысандармен танысты.



## 5 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовті және вице-премьері А.С. Павловты қабылдады.

Әңгімелесу барысында келер жылға мемлекеттік бюджетті құру мәселесі, экономика саласының бірқатар ағымдық проблемалары, сондай-ақ алдағы уақытта болатын елдің 2002 жылғы бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларына арналған Үкіметтің кеңейтілген отырысына дайындық мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі №692 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №915, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №916, «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы» №917 жарлықтарына қол қойды.

### 6 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау агенттігінде болды.

Агенттік төрағасы Е.Қ. Бейсембетов агенттік мамандарының әзірлеген «Электронды Мемжоспар» шешімдер қабылдауды қолдау жүйесін ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев агенттік басқармасымен «Қазақстан-2030» Даму стратегиясын іске асырудың негізгі бағыттарын, орталық және жергілікті атқарушы органдардың перспективті жоспарларын, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кейбір аспектілерін, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілерді жою мүмкіндіктерін талқылады.

Агенттік қызметкерлерімен кездесу барысында Президент мемлекеттік инвестициялық қор құру туралы ұсынысын айтты.

### 7 тамыз

Мемлекет басшысы облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Отырыста республиканың 2002 жылғы бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары жасалды. Осы мәселе бойынша Премьер-министр И.Н. Тасмағамбетов, Ұлттық банк төрағасы Г.А. Марченко, Премьер-министрдің орынбасары — Қаржы министрі А.С. Павлов баяндама жасады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2002 жылғы 8 қазанға тағайындау туралы» №918, «И. Мей Амиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №919, «А. Спейкенбринкті Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №920, «Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №921 жарлықтарына қол қойды.

## 8 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының төрағасы С.Ж. Дәукеевті қабылдады.

Әңгімелесу барысында академия қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, қоғамды дамытудағы ғылымның рөлін күшейту, сондай-ақ қаржыландыру, ғалымдардың еңбекақысының деңгейі жөніндегі мәселелер қаралды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы З.Я. Балиеваны қабылдап, онымен алда болатын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына сайлау мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі И. Мей Амиді қабылдады.

Президент дипломатты оның Қазақстандағы миссиясының табысты аяқталуымен құттықтап, достық қатынастарды нығайту және Қазақстан мен Израиль арасындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытуға қосқан сүбелі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» №345-II Заңына қол қойды.

## 9 тамыз

Мемлекет басшысы Астана қаласының сол жақ жағалауында орналасқан «Астана — жаңа қала»

арнайы экономикалық аймағындағы салынып жатқан бірқатар нысандарды аралап көріп шықты.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» ЖАҚ әкімшілік ғимаратының салыну барысымен танысты және елорданың жаңа жағалауын қарап шықты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №346-ІІ Заңына қол қойды.

### 12 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі М.Т. Есенбаевты қабылдады.

Кездесу барысында 2002 жылғы бірінші жартыжылдықтағы елдің экономикалық даму қорытындылары туралы тыңғылықты әңгіме болды. Сондай-ақ экономика дамуының негізгі бағыттары және бірінші кезекте өндірісті диверсификациялау, кәсіпорындарды жаңғырту, заңнамалық базаны жетілдіру мәселелері қозғалды. Акционерлік қоғамдар туралы заңды қабылдауға баса назар аударылды, бұл оларға қор нарығында жұмыс жүргізуге, бұдан да ауқымды жобаларды іске асыруға, сыртқы жабдықтаушылармен тауарлар өндірісі бойынша бәсекелестікке түсуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновқа Рошткалы ауданында сел жылжуының салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

### 13 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.С. Әйтімованы қабылдады.

Президент Италиямен экономикалық және сауда қатынастарын одан әрі дамыту, осы елдің іскер топтарын Қазақстанмен қарқынды ынтымақтастық жасауға тарту жөніндегі жауапты міндеттерін қойды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты У. Қалижанұлын

қабылдады, ол өзінің сайлау өңірі — Балқаш және Талғар аудандарындағы, Алматы облысының Қапшағай қаласындағы жағдай туралы хабардар етті және елдің басшылығы мен Қазақстанның жоғарғы заңнамалық органына ауылдар мен шағын қалалар тұрғындарының сұрау-тілектерін жеткізді.

## 14 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның Аграрлық партиясы кеңсесіне және «Агробаспа» баспасына барып, партия активімен кездесті.

Кездесу барысында аграрлық секторды одан әрі реформалау, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушыларды және ауыл шаруашылығы техникаларын өндірушілерді қолдау бойынша заң шығарушылық жұмысы, сондай-ақ ауылды дамытудың 2003–2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысы туралы мәселелер талқыланды.



*Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП) 1999 жылдың 6 қаңтарында құрылып, 1999 жылдың 16 наурызында тіркелді. Партия төрағасы — Р.Р. Мадинов.*

*1999 жылғы парламенттік сайлау қорытындылары бойынша сайлаушылардың 12,63% даусын жинап, партиялар арасында үшінші орын алып, 2 орынды партиялық тізім бойынша және 4 орынды бір мандатты округтар бойынша алып, Парламент Мәжілісінде жалпы 6 орынды иеленді. 1999 жылдың желтоқсан айында парламенттік фракциясын құрды.*

*2004 жылдың парламенттік сайлауына ҚАП Қазақстанның Азаматтық партиясымен бірге (Аграрлық және индустриалдық еңбекшілердің одағы) АИСТ сайлау блогы құрамында қатысты және Парламент Мәжілісінде 1-уі партиялық тізім бойынша және 3-уі бір мандатты округтар бойынша — жалпы 4 орын алды.*

*2006 жылы ҚАП-тың 2006 жылғы 22 қарашадағы VII съезінде қабылданған шешімі негізінде «Отан» республикалық саяси партиясының құрамына кірді.*

Мемлекет басшысы «Р.М. Әлиевке I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №922, «А.С. Сәрсенбайұлына I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №923 жарлықтарына қол қойды.

## 15 тамыз

Мемлекет басшысы халық жазушысы Ә.К. Нұрпейісовті қабылдады және онымен шығармашылық үдерістің дамуы, Қазақстан әдебиетшілерінің басқа елдердің жазушыларымен достық қатынастарын дамыту мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Павлодар облысының әкімі Д.К. Ахметовті қабылдады. Ол облыстың 2002 жылғы бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары, өнеркәсіптің бірінші кезекте өңдеу саласының келешегі туралы баяндап берді. Әңгіме барысында аз қамтамасыз етілгендер мен зейнеткерлерге атаулы әлеуметтік көмек көрсету мәселесіне ерекше назар аударылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласы әлеуметтік инфрақұрылымының бірқатар нысандарын қарап шықты.

Президент «Ай Мақ» сауда үйіне барды, Сарыарқа көшесін және Есіл өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін қалпына келтіру барысымен танысты, «Атамекен» этно-мемориалдық кешені мен Астана, Анкара және Мәскеу бауырлас қалалардың достығын әспеттейтін ескерткіш орналасқан жаңа демалыс саябағында болды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы №188 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №924 Жарлығына қол қойды.

## 16 тамыз

Мемлекет басшысы «Қазақтелеком» ААҚ президенті Ә.А. Бектасовты қабылдады. Ол Қазақстандағы телекоммуникацияның даму келешегі және елдің аумақтық басымдықтарын Оңтүстік-шығыс Азия мен Еуропаға ақпараттық ағындарды тасымалдау үшін пайдалану, Мәскеу қаласында өкілдік ашу, сондай-ақ ауылды жерлердегі байланыстың жағдайы туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы «Қазкоммерцбанк» ААҚ басқармасының төрағасы Н.С. Сұбханбердинді қабылдады. Ол банктің ағымдағы қызметі туралы баяндап берді.

Президент Үкіметтің басым бағдарламаларын қаржыландыру бойынша банк қызметін белсендіруді тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің төрағасы

Т.К. Досымбетовті қабылдады. Ол Қазақстан олимпиадашыларын Афиныдағы Олимпиада ойындарына дайындау барысы туралы баяндады.

## 19 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қ.Ы. Нағмановты қабылдады.

Әңгіме барысында тасымалдау саясатына қатысты, Қазақстанның географиялық орналасу жағдайын шетелдерден жүк тасымалдау, көлік коммуникацияларын, әуе транспортын одан әрі дамыту үшін бұдан да тиімдірек пайдалану қажеттігі туралы мәселелер қозғалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» ЖАҚ президенті Е.Д. Атамқұловты қабылдады.

Кездесу барысында теміржол көлігінің жағдайы, оны дамытудың келешегі мен бірінші кезектегі міндеттері туралы, атап айтқанда, теміржолды қайта құрылымдау туралы әңгіме болды.

Президент саланы реформалау, сондай-ақ «Алтынсарин-Хромтау» жаңа теміржол желісінің құрылысы бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.



*Ұзындығы 402 шақырым «Алтынсарин-Хромтау» теміржол желісі Қазақстанның солтүстік (астықты) және орталық (өнеркәсіпті) өңірлерін ең қысқа бағытта арақашықтықты 2 мың шақырымға жуық қысқарта отырып, ресейлік теміржолдарға шығуды қажет етпей-ақ, елдің батысымен байланыстыруға арналған.*

Мемлекет басшысы «Че Сынг Хоны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №925, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №926 жарлықтарына қол қойды.

## 20 тамыз

Мемлекет басшысы «Эксперт» ресейлік журналы бас редакторының орынбасары И. Хисамовқа сұхбат беріп, егеменді Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси салаларындағы жетістіктері туралы мәлімдеді, қазақстандық қоғам реформаларын іске асырудың бастауын және тиімділік пен нәтижеліліктің құрамдас бөліктерін түсіндіріп берді.

## 21 тамыз

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Орталық басшылығының Бас қолбасшысы генерал Т. Фрэнксті қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан және АҚШ әскерлері арасындағы байланыстарды кеңейту, сондай-ақ әскери-техникалық саладағы ынтымақтастықты дамыту келешегін талқылады.

Т. Фрэнкс АҚШ Үкіметі атынан терроризмге қарсы күресте қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Республикасына алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы Республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізу жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Ж.Ә. Құлекеевті қабылдады, ол ведомствоның 2002 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмысы туралы баяндап берді.

Президент қадағалау шараларын белсендірек жүргізуді және республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдануды тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы З.Я. Балиеваны қабылдап, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына сайлау науқанының барысы туралы ақпаратын тыңдады.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге көптеген адам шығындарына әкелген МИ-26 тіқұшағының апатына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

## 22 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы З.Қ. Тұрысбековті қабылдады. Ол Президентке Агенттіктің Дүниежүзілік банкпен және БҰҰДБ құрылымдарымен өзара әрекет етуін, Қазақстанның мемлекеттік органдары мен қызметшілерінің қызметін жақсарту үшін ТАСИС бағдарламаларын іске асыру туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіподақтары Федерациясының төрағасы С.Ө. Мұқашевты қабылдады.



Өңгімелесу барысында ел дамуындағы кәсіби одақтардың рөлі мен орны туралы, еңбекақы төлеу жүйесін «Еңбек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реформалау туралы тыңғылықты пікір алмасу болды.

Одан басқа, кәсіподақтардың отандық және шетелдік кәсіпорындар қызметіне қатысуы, жұмыс берушілердің зейнеткерлер алдындағы борышы туралы мәселелері көтерілді.

Кәсіподақтардың ауылды дамыту бойынша жұмысына үлкен назар аударылды.

Мемлекет басшысы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Басқармасы төрағасының орынбасары К.Н. Найманбаевты қабылдады және шетел қазақтары этникалық топтарының жағдайы туралы ақпаратты тыңдады.

Мемлекет басшысы «Алматы-Бішкек» тасжолындағы автокөлік апатының салдарынан қаза болған қазақстандық туристердің туған-туысқандарына көңіл айтты.

Президент Үкімет пен тиісті мемлекеттік органдарға апаттан зардап шеккендердің отбасыларына қолдау көрсетуді тапсырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын, қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №927, «Ф.Пиаджезиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №928 жарлықтарына қол қойды.

## 23 тамыз

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев барған бірінші нысан «Теміртау химия-металлургиялық зауыты» ЖШС болды, онда 2000 жылы өнімділік қуаты жылына 31 мың тонна ферромарганец және 15 мың тонна ферросиликомарганец алынатын марганец қорытпаларын өндіру бойынша бірегей цех іске қосылды, бұл Қазақстанның металлургия өнеркәсібі саласын осы өнімге деген сұранысын толық қанағаттандырады.

Зауыт қызметкерлері алдында сөз сөйлей келе, Президент осы секілді кәсіпорындардың құрылуы елдіміздің импорт алмастыру бағдарламасына қосқан қомақты үлесі болып табылатынын атап өтті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев сүт консервілерін шығаруға маманданған «Магнитка» ЖШС-на барып, Самарқан су қоймасының жағалауына орналасқан «Күнге мүйіс» жағажай кешенімен танысты.



Мемлекет басшысы Қарағанды қаласындағы 4 жабық және 7 ашық аспан астында орналасқан корттары бар «Шахтер» теннис орталығының ашылу рәсіміне қатысты.

Содан соң Президент қала шахтерлері және еңбек ардагерлерімен кездесіп, көмір өндіру саласының барлық еңбеккерлерін келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтады. Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаевқа «Қарағанды қаласының Құрметті азаматы» атағы беріліп, тиісті диплом табыс етілді.

Кешке қарай Президент «Валют-Транзит» қаржы-өнеркәсіптік қауымдастығының жаңа зергерлік зауытында болды, содан соң 2002 жылы салынған «Абзал» сауда орталығын аралап шықты.

## 24 тамыз

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Орталық әскери округтің ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев штаб ғимаратын: шұғыл кезекші кабинетін, байланыс торабын, әскер түрлері бастықтарының кабинеттерін, солдаттар мен офицерлердің асханасын көріп шықты.

Содан соң Президент округ қолбасшысы В. Шацковқа салтанатты түрде әскери туды табыс етті. Мемлекет басшысы солдаттар мен командирлерді осы айтулы күнмен құттықтап, еліміздің Қарулы Күштерінің алдында тұрған міндеттер туралы айтты.

Салтанатты рәсімді Орталық әскери округтің әскерлер шеруі аяқтады.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласына кетіп, онда ол өзінің астаналық резиденциясында Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері Б.Ә. Әшімовті қабылдады.

Президент мерейтой иесін 85 жасқа толуымен құттықтап, ақсақалға сыйлық тарту етті және ұзақ ғұмыр тіледі.



*Әшімов Бәйкен Әшімұлы 1917 жылы 10 тамызда туған, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, 1970–1984 жылдар аралығында Қазақ КСР Министрлер кеңесіне басшылық етті. 1984–1985 жылдары — Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы. 1985 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста. Социалистік Еңбек Ері (1977), В.И. Ленин атындағы 4 орденнің иегері, сондай-ақ басқа да көптеген ордендермен және медальдармен марапатталған.*

## 27 тамыз

Мемлекет басшысы Мәскеу экономика, статистика және информатика мемлекеттік университетінің Өскемен филиалының директоры О.И. Видованы және «Қызыл жұлдыз» Бейжің халықаралық сауда компаниясының менеджері Хань Сяны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.И. Черкашинаны қабылдады.

1998 жылы «Нұрсұлтан Назарбаев. Адам және саясаткер портреті» атты кітабын жазған О.И. Видова осы жылы Бейжің қаласында қытай тілінде шыққан «Билік шыңында. Нұрсұлтан Назарбаев» атты шығармасын Президентке сыйға тартты. Кітапты аударған — Хань Ся.

Әңгіме барысында қазіргі заманның өзекті мәселелері, оның ішінде экология проблемалары қозғалды.

## 28 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының төрағалары О.А. Әбдікәрімов пен Ж.А. Тұяқбайды қабылдады.

Әңгімелесу барысында Парламенттің кезекті сессиясына дайындық барысы, сондай-ақ мемлекеттік құрылыс мәселелері және бірінші кезектегі заңдарды әзірлеу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовпен, вице-премьерлермен және экономикалық министрліктері мен ведомстволары басшыларымен жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесу барысында Үкімет жұмысына, егін жинау науқанына, қысқы мезгілге дайындық, сондай-ақ Президенттің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Жарлығына қол қоюға байланысты елдің министрліктері мен ведомстволары құрылымын

қайта ұйымдастыруға қатысты ағымдағы мәселелер қаралды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты З.Ж. Қадырованы қабылдады. Ол өзінің сайлау округіне сапарының қорытындылары туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясын әзірлеушілерді, сараптау кеңесінің мүшелері — Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Б.А. Мұхамеджановты, Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары И.И. Роговты, Конституциялық кеңесінің мүшесі А.К. Котовты және басқаларын қабылдады.

Мемлекет басшысы журналистерге қатысты құқық бұзушылық фактілері бойынша қазақстандық БАҚ-тардың арыздарына байланысты Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшыларын қабылдады.

Президент Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовтің, Бас прокурордың бірінші орынбасары О.И. Жұмабековтің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхаммедтің есептерін тыңдады.

Кездесуде Президент Конституция мен қазақстандық заңдар Қазақстан азаматтарына барлық құқықтар мен бостандықтарын береді, оның ішінде сөз еркіндігі, цензураның болмауы да бар. Ендігі мәселе мемлекеттік биліктің заңнаманы қатаң сақтау бойынша барлық шараларды қолдануында болып отыр деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №929, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №930, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» №931, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №932, «З.Х. Кәкімжановты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №933,

«Қ.Н. Келімбетовті Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі қызметіне тағайындау туралы» №934, «М.Т. Есенбаевты Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №935 жарлықтарына қол қойды.

## 29 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

1995 жылы халықаралық референдумда қабылданған Конституцияның Қазақстан үшін маңыздылығы туралы айта келе, Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа Негізгі заң нарықтық экономикасы бар әлеуметтік бағдарланған мемлекет құру үшін және дәйекті түрде демократиялық жаңғыртуларды жүргізу үшін құқықтық негіз қалады. Ол өзінің бойына демократияға негізделген қоғамдық-саяси құрылымның қалыптасуы мен дамуының ұзақ тарихы бар елдердің ең құнды тәжірибесін жинақтады.

Соңғы 7 жыл ішінде Конституция негізінде елде мазмұны жағынан терең әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар іске асырылды.

Біз қазақстандық мемлекеттілікті нығайттық, билік тармақтарын бөлу жүйесін құрдық, республиканың жаңа заңнамасын қалыптастыра бастадық.

Конституциялық заңдармен қатар идеологиясы жағынан экономикалық және әлеуметтік реформалар, қаржылық, банктік және басқа шаруашылық қызмет мәселелеріне арналған нарықтық заңдардың үлкен блогы қабылданды. Халық сеніміне ие ТМД-дағы үздік екі деңгейлі банктік жүйе құрылды.

Елге ірі шетелдік капиталды тарту үшін жағдайлар жасалды. Біздің еліміз жер қойнауының байлықтарын пайдалану саласындағы ең ірі халықаралық жобаларды іске асыру үшін тартымды елге айналды.

Адамдардың психологиясы түбегейлі өзгерді. КСРО-ның күйреуіне дейінгі және кейінгі уақытта қоғамда орын алған асырандылық пен патерналистік көңіл-күй уақыт өте келе жойылды. Халықта өзіне және өз күшіне деген сенім пайда болды, өз болашағы мен балаларының болашағын өз қолымен құруға болатынын және құру қажеттігін түйсінді. Қолданыстағы Конституцияда мемлекеттің нақты кепілдік берген: еңбек және кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне; заңмен белгіленген ақысыз медициналық көмек көлемін алуға; ақысыз орта білім алуға құқықтары айқындалды.

Конкурстық негізде ақысыз жоғары білім алу; жасына қарай, сондай-ақ ауру, мүгедектік, асыраушысынан айырылу немесе басқа да заңды негізде әлеуметтік көмек көрсетуге кепілдік берілді. Бүгінгі күнде ол конституциялық құқықтар нақты заң нормаларында бекітілген және халықтың күнделікті өміріне мықтап бекіді», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Астана-Бәйтерек» монументінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Ашылу рәсімінде сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев Бәйтеректің мықты тамыры, кең құлашты діңі, миуалы жемісті жас өскіні бар екенін атап айтты. Бұл ағаш рухани байлықты, өмірлік қуаттың қайнар көзін, әлемнің мәңгілік негізін бейнелейді. Бәйтерек халқымыздың жаңғыруының, елдің гүлденуінің, оның жаңа астанасының өсуінің айғағы іспеттес.



Мемлекет басшысы Есіл өзенінің сол жағалауындағы жаңа мектеп-гимназиясына барды, сондай-ақ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Студенттер үйінің ашылуына қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы №3398 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №936, «А.М. Шоқыптов туралы» №937, «А.Б. Самақованы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №938, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №939, «М.М. Тәжин туралы» №940, «Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №941 жарлықтарына қол қойды.

## 30 тамыз

Мемлекет басшысы «Б.М. Сапарбаев туралы» №942, «Б.Ә. Жылқышиевті Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №943 жарлықтарына қол қойды.

# ҚЫРКҮЙЕК



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29





## 2 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының біріккен отырысына қатысып, Парламенттің екінші шақырылымының IV сессиясын ашты.

Президент елдің депутаттық корпусының назарын Қазақстанның осы заманғы даму кезеңінің өзекті міндеттерін жылдам шешу үшін қажетті шұғыл және бірінші кезектегі заң жобаларын қабылдау қажеттігіне аударды. Олардың қатарында: «Бюджеттік жүйе туралы», «Микрокредиттік ұйымдар туралы», «Кредиттік серіктестіктер туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары бар. Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ депутаттарды жаңа Жер және Су кодекстерін қабылдауға шақырды (Қосымшаны қараңыз).



Сол күні Мемлекет басшысы «Жер планетасы» саммитінің 10 жылдығына орай БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитіне қатысу үшін Оңтүстік Африка Республикасына (ОАР) аттанды.

## 3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оңтүстік Африка Республикасының Йоханнесбург қаласында өткен БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитінің жалпы отырысына қатысты.

Өз сөзінде Қазақстан Президенті кедейлік, теңсіздік, экологияның нашарлауы, ядролық қаруды тарату секілді адамзаттың көкейкесті проблемаларын шешуге бағытталған бірқатар жаһандық бастамаларын алға тартты. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев әлемдік қоғамдастыққа барлық мемлекеттердің әскери шығындарын 1% кемітуді және оларды ең кедей елдердің дамуына бағыттауды, Орталық Азиядағы есірткі бизнесіне жүйелі қарсы әрекет ету мақсатында БҰҰ бағдарламасын әзірлеуді, көкейкесті экологиялық проблемаларды шешу үшін ауқымды инвестицияларды тарту бойынша нақты ұсыныстары келтірілген тізілімін жасауды ұсынды.



«Қазақстан барша әлемдік қоғамдастық оның алдында тұрған проблемалар мен қыр көрсетулерге түсіністікпен қарауы қажет деп есептейді. Тұрақты даму — бұл жай ғана сөздер жиынтығы емес, адамзаттың тірі қалу формуласы» деп қорытындылады өз сөзін Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры Ж. Диуфпен, Премьер-министрдің орынбасары — Израиль Мемлекетінің Сыртқы істер министрі Ш. Переспен, Болгария Республикасының Президенті Г. Пырвановпен, Македония Республикасының Президенті Б. Трайковскимен және Румыния Президенті И. Илиескумен кездесті.

Келіссөздер барысында сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

### 4 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оңтүстік Африка Республикасының Йоханнесбург қаласында өткен БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитінің аясында Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы К. Пауэллмен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдау қорын құруды, сондай-ақ терроризмге қарсы күресте одан әрі ынтымақтастықты жалғастыруды көздейтін Хьюстон келісімін іске асыру мәселелері талқыланды.



### 9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында экономикалық ынтымақтастықты белсендірудің алдыңғы қатарлы бағыттарына, өңірдің су-энергетикалық ресурстарын бірігіп пайдалануға, көлік коммуникациялары, сауда және банк салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға қатысты кең ауқымды мәселелер талқыланды.

Сондай-ақ тараптар мәдени-гуманитарлық және әскери-техникалық салалардағы ынтымақтастық, Возрождение аралын бірігіп қалпына келтіру мәселелері бойынша пікір алмасты.



Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелері туралы шартқа және 1998 жылғы 31 қазандағы екі ел арасындағы мәңгілік достық туралы Шарттың орындалу барысы туралы декларациясына қол қойылды.

Қорытынды баспасөз мәслихатында екі мемлекеттің көшбасшылары қол қойылған құжаттардың маңызын жоғары бағалады және екі ел халқының болашақ ұрпақтарына аумақтық мәселелерді шешудің қажеттігі болмайтынын қанағаттанарлық сезіммен мәлімдеді.

## 11 қыркүйек

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президенттің барған бірінші нысаны Орал өзені арқылы өтетін көпір өткелі болды. Осы жерде Н.Ә. Назарбаев ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдерімен, аудан әкімдерімен және облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерімен кездесті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Зачаганск кентіне барып, ең заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған №30 орта мектепті көріп шықты және мектеп оқушылары мен ұстаздар ұжымына Қазақстан туралы кітаптар жинағын сыйға тартты.

Жұмыс сапарының соңында Президент Орал қаласына барды, онда ол шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесті, Қазақ драма театрының ашылуына қатысты, жаңа «Ренко» қонақ үйін аралап көрді, облыстық филармония мен Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогына волейболдан халықаралық турнирінде болды.



Сол күні Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапарымен аттанды.

## 12 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Қостанай қаласында Н.Ә. Назарбаев қалалық балалар ауруханасына барып, аурухана бөлмелерін, заманауи жабдықтармен жабдықталған арнайы бөлмелерді қарап шықты, пациенттер мен аурухананың



медициналық персоналымен әңгімелесті. Президент медицина қызметкерлеріне жабдықталған 15 «Жедел медициналық жәрдем» автокөліктерін сыйға тартты.

Жаңа облыстық Спорт сарайына барған Н.Ә. Назарбаев спорттық шаралармен қатар мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құрылыс жұмыстарының жоғары сапасы мен сәулет стилін атап көрсетті.



Сол күні Мемлекет басшысы Рудный қаласына барып, «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ қалпына келтірген қалалық ЖЭО-ны, сондай-ақ «Огнеупор» ЖШС-ның отқа төзімді өнімдерін шығаратын ТМД-дағы бірегей зауытты аралап көрді.

Содан соң Президент Береговое ауылына барды, онда аграрлық сектор қызметкерлерімен кездесу өткізіп, фермерлердің жерге жеке меншікті енгізу туралы көптеген сауалдарына жауап берді.

Облыс бойынша жұмыс сапары барысында Н.Ә. Назарбаев «Алтынсарин-Хромтау» темір жол желісінің құрылысы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың жағдайымен танысты және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қ.Ы. Нағмановтың және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» ЖАҚ Президенті Е.Д. Атамқұловтың есептерін тыңдады.

### 13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетовті қабылдады. Ол Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілген 2003 жылға арналған республикалық бюджет жобасының негізгі параметрлері туралы баяндап берді.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Каспиан индастриз ЛТД» компаниясының «Вита» асханалық ауыз су құю зауытының ашылу рәсіміне қатысты.

### 16 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» ЖАҚ президенті М.Е. Жәкішевті

қабылдады. Ол компанияның даму стратегиясын іске асырудың барысы туралы, атап айтқанда, уранды өндіру және өңдеуді жетілдіру, танталл және бериллий өнімдерін шығару туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қ.С. Сұлтановты қабылдады. Ол Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген халықтың тұрмыс деңгейін арттыру, әлеуметтік қорғауды жетілдіру жөніндегі міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін заңдар бойынша жұмыстың барысы туралы айтты. Бұдан басқа, әңгіме барысында депутат қазақстандық қоғам дамуының келешегі, демография проблемалары туралы пікірімен бөлісті.

Мемлекет басшысы «Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» №945 Жарлығына қол қойды.

## 17 қыркүйек

Мемлекет басшысы «KRKA» словениялық фармацевтикалық фирмасының Басқарма төрағасының орынбасары Й. Цоларич бастаған делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында 2003 жылы Алматы қаласында антибиотиктер, сондай-ақ жүрек-қан тамыр жүйесін емдеуге арналған дәрі-дәрмектер шығарылатын дәрі-дәрмек өндіретін зауытының құрылысы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласы халықаралық әуежайының болашақ жаңа жолаушылар терминалының ғимараты құрылысының іргетасын қалау салтанатты рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы «Р. Луингтонды Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №946 Жарлығына қол қойды.

## 18 қыркүйек

Мемлекет басшысы облыстардың, Алматы және Астана қалалары әкімдерімен жұмыс кеңесін өткізді.

Кеңес барысында егін ору, қыс мезгіліне дайындық, шағын және орта бизнесті дамыту, экономиканы диверсификациялау мәселелері талқыланды.

Президент әкімдердің назарын өнеркәсіп пен көлік инфрақұрылымын дамытуға, жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге, дәстүрлі емес экологиялық таза энергия көздерін іздеуге байланысты міндеттерді түбегейлі шешу қажеттігіне аударды. Бұдан басқа, кедейлік деңгейін төмендету және атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша нақты міндеттер қойылды.



Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің X форумына қатысты.

Өзінің сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев кәсіпкерлермен біріге отырып Үкіметке шешуге тиісті негізгі міндеттерді белгілеп берді.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңа ғимаратының ашылу салтанатты рәсіміне қатысты.

Президент заманауи әлемдік стандарттарға жауап беретін ғимарат құрылысының архитектуралық және техникалық құндылығын жоғары бағалады. Бас прокуратураның ғимараты Астана қаласының басым құрылыс объектілерінің тізілімінде бірнеше жылдан бері тұрған болатын.

## 19 қыркүйек

Мемлекет басшысы «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» ЖАҚ президенті Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол 2002 жылдың 8 айы ішіндегі компания қызметінің қорытындылары және қазақстандық энергетиканы дамытудың басым жоспарлары туралы баяндады.



Мемлекет басшысы В.Р. Вильямс атындағы Егіншілік қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры, академик Р.А. Оразалиевты және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Селекциялық-генетикалық орталығының жетекшісі Қ.У. Медеубековті қабылдады.

Өңгімелесу барысында Қазақстанның жануарлар мен өсімдіктері дүниесінің ұлттық геноқорын жасаудың, селекциялық жұмысты жақсартудың және ғылым мен ауыл шаруашылығы салалары ықпалдастығының келешегі туралы пікір алмасу болды.

Мемлекет басшысы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы» №947 Жарлығына қол қойды.

## 20 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Қазақстанның теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы телеарнасының тікелей эфирінде сөз сөйледі.

Н.Ә. Назарбаевтың атына 3024 сұрақ қойылды. Ең көп сауалдар Астана және Алматы қалаларының тұрғындарынан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарынан түсті.



Мемлекет басшысы Астана қаласына Мемлекетаралық кеңестің III отырысына қатысу үшін келген ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшыларын қабылдады және олармен қоғамдастық алдында тұрған өзекті міндеттерді талқылады.

Солардың бірі — мемлекеттердің бизнесмендері арасындағы іскерлік серіктестікті дамыту. Президент ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер кәсіпкерлерінің ірі форумын өткізуді ұсынды. Одан басқа өзара инвестиция алмасу мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Премьер-министрі М.М. Касьяновты қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы экономика, сауда және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Б.Қ. Байқадамовты Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне тағайындау туралы» №948, «Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдасы туралы» №949 жарлықтарына қол қойды.

## 21 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Кенесары ханның 200 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты. «Кенесарыға лайықты баға бере отырып, оның саяси мұрасынан, көрегендігі мен жеңілістерінен сабақ ала отырып, аруақтар алдында жауапкершілік сезіммен және ұрпақтарымыздың жадында сақтау үшін оның атын ешбір күмәнсіз «ұлттық даңқ қабырғасына» жазу қажет. Біз демократия мен құқықтық қоғамды дамыту жолына нық қадам басып, біздің санамызға тоталитарлық жүйенің күштеп сіңіргісі келген осынау адамгершіліксіз идеологияны, тарихи әділетсіздікті батыл түрде жоққа шығарамыз», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Одан кейін Мемлекет басшысы облыстық орыс драма театрына, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлерге арналған Даңқ монументіне барып, соғыс және еңбек ардагерлерінің бір тобымен, Көкшетау қаласының Құрметті азаматтарымен, мектеп директорлары және кәсіпорын басшыларымен әңгімелесті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Ақмола облыстық ауруханасына барып, өзінің техникалық жабдықталуы жағынан республиканың ең үздіктерінің бірінен саналатын офтальмологиялық орталықты көріп шықты.



Сол күні Мемлекет басшысы Щучинск қаласындағы Әскери академияның ашылу рәсіміне қатысты.

## 23 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Словения Республикасының Президенті М. Кучанмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар машина жасау, фармацевтика өнеркәсібі, құрылыс, туризм, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу салаларындағы екіжақты қатынастардың келешегін талқылады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен М. Кучан әртүрлі халықаралық мәселелерді, оның ішінде Ирактағы жағдайды талқылады.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан мен Словения арасындағы сауда-экономикалық





ынтымақтастық туралы мемлекетаралық келісімге қол қойды.

Мемлекет басшысы «Chevron-Техасо» корпорациясы директорлар кеңесінің өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Теңіз мұнай кені орнының инфрақұрылымын дамыту үшін жаңа инвестициялар тарту және мұнай өндіруді арттыру жөніндегі компанияның келешек жоспарлары туралы пікір алмасты.

«Ядролық қауіптің алдын алу бастамасы» халықаралық бағдарламасының тең төрағасы және Бас атқарушы директоры С. Нанн Н.Ә. Назарбаевқа оның ядролық, химиялық және биологиялық қаруларының қатерлерін төмендетудегі қызметін мойындай отырып, кеңес және американ зымырандарының демонтаждалған металынан жасалған естелік медалін табыс етті.

## 24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредермен телефон арқылы сөйлесіп, Бундестагтағы сайлауда басқарушы коалициясының жеңісімен құттықтады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев біздің елдеріміз арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық қатынастар одан әрі дамитынына сенім білдірді.

Президент Г. Шредерді Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды. Шақыру алғыспен қабылданды.



Мемлекет басшысы ірі британдық «The Daily Telegraph» іскерлік газетіне сұхбат берді.

Тілшілердің сұрақтарына жауап бере отырып, Президент республикада іске асырылып жатқан ауқымды өзгерістердің нәтижелері, одан әрі экономикалық дамудың келешегі туралы айтып берді.

Сұхбатта сондай-ақ Қазақстанға шетелдік инвестицияларды одан әрі тарту, атап айтқанда, британдық компаниялардың осы мәселеге қатысуы мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық

етті, онда нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес мәселелері қаралды.

Отырыс барысында Президент Қазақстанда есірткі бизнесімен күрес жөніндегі арнайы стратегия мен бағдарлама әзірленгенін атап көрсетті, ендігі кезекте нақты шаралар қолдану қажет.

Отырыс соңында Н.Ә. Назарбаев ОАЫ шеңберінде есірткі бизнесімен күрес жөніндегі мемлекетаралық үйлестіру орталығын құру туралы ұсыныстары бар құжаттар пакетін әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.Я. Дворецкийді қабылдады. Ол инвестициялар туралы заң жобасы бойынша жұмыстың барысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Социалистік Еңбек Ері, «Екібастұзкөмір» Өндірістік бірлестігінің бұрынғы бас директоры С. Куржейді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның көмір өндіру саласын дамытудың өзекті мәселелері, сондай-ақ жаңа технологияларды ендіру және қазақстандық көмірді шетелдерге жеткізуді арттыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Оңтүстік Қазақстан облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №950, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №951 жарлықтарына қол қойды.

## 25 қыркүйек

Мемлекет басшысы астаналық «Салтанат сарайында» халықаралық зияткерлік, музыкалық және спорттық жарыстарда өздерін сәтті көрсеткен дарынды балалармен кездесті.

Кездесуге 100-ден астам адамдар, Қазақстанның түпкір-түпкірінен оқушылар мен олардың ұстаздары қатысты.

Н.Ә. Назарбаев кездесуден естелікке балаларға қолтаңбасы қойылған сағат, «Тарих толқынында» кітабын және оқу құралдары салынған портфельдерді табыс етті.



## 26 қыркүйек

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды. Онда ол Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде көне қала тарихының негізгі кезеңдерін еске салды, онда биікке самғау мен құлдырау кезеңдері де болды, алайда әр кез ол көшпенді тайпаларға баспана беріп, Феникс құсы секілді қайта түлеп отырды. «Мерейтойдың ЮНЕСКО-ның аясында аталуы — біз үшін үлкен ғанибет. Тараздың басты тағлымы да, міне, осында жатыр. Тараз төңірегіндегі және онымен тағдырлас қалаларда, ғажайып қуатты рухани орта болғаны баршаға аян. XXI ғасырдың бізге жүктеп отырған міндеттері де үлкен! Ең алдымен, біз бар күш-жігерімізді тәуелсіз мемлекетімізді барынша нығайтуға, жаңа ғасырдың талаптарына лайық демократиялық, азаматтық қоғам құруға, қауіпсіздігімізді нығайтуға, экономикамызды өркендетуге жұмылдыруымыз керек», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Содан соң Президент облыстық тарихи-өлкетану мұражайына барып, мұражайға суретші С. Әзизовтің Тараз қаласын қорғау кезіндегі шайқас бейнелеген суретін сыйға тартты; қалпына келтірілген Қарахан кесенесіне; Тараз мемлекеттік университетінің жаңа жастар сарайына; жөнделген темір жол сапаржайы мен «Дельфин» жүзу бассейніне барып, еркін жүзу шеберлерінің көрсетілімдерін және Қазақстан мен Ресей командалары арасында өткен су добынан матчты тамашалады.

Кешке жақын Тараз қаласының орталық стадионында Н.Ә. Назарбаев қала тұрғындары мен қазақстандықтарды қала негізінің қаланғанына 2000 жыл толуымен құттықтады. Сөз сөйлеген соң, театрланған көрініс көрсетіліп, мерекелік отшашу мен Қазақстан өнер шеберлерінің гала-концертімен аяқталды.



*Қарахан кесенесі — ортағасырлық сәулет өнерінің ескерткіші (XI ғ.).*

*Ескерткіш ежелгі Тараз қаласының батыс бөлігінде орналасқан. Осы күнгі кесене 1906 жылы ескі кесененің іргетасына тұрғызылды. Ішкі жағында сатылы құлпытас сақталған. Төрт бұрышты нысанды бетше босаға күмбезді құрылыс орталық залдан және үш кішкентай бұрыштама бөлмелерден құралған. Құрылыстың сыртқы қабырғалары*

*осы заманғы еуропалық кірпіштен көтерілді, ішкі жағынан күмбез бен қақпаларын салуға ескі кесененің қабырғалары салынған кірпіштер пайдаланылды.*

## 27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында Талас ауданына барып, ауыл халқымен кездесті.

Президент аграрлық сектор қызметкерлерінің еңбек және тұрмыс жағдайларын сұрап білді. Ең бірінші, осы өңірдегі ауыл шаруашылығы саласын дамыту, ауылды жерлерде заманауи технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына, әлеуметтік мәселелерге бақылауды күшейту туралы сөз болды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Р.Т. Ыбыраевты Қазақстан Республикасының Латвия Республикасындағы, Эстония Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №952 Жарлығына қол қойды.

# ҚАЗАН



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



## 1 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болды.

Президент өзінің алматылық резиденциясында Перуандық бостандық және демократия институтының директоры Э. де Сотоны қабылдады.

Әңгімелесу барысында шағын және орта бизнесті дамыту, экономиканың заңды секторына шыққан кезде жеке кәсіпкерлердің қызметін әкімшілеу мәселелері туралы пікір алмасу өтті.



*Перуандық бостандық және демократия институты шағын бизнесті заңдастыру мәселесімен айналысады. Әр ел үкіметтерінің тапсырысы бойынша мамандар экономиканың көлеңкелі секторында қанша шағын кәсіпорындар мен әртүрлі меншіктер бар екенін анықтау мақсатында экономиканы терең зерттеуден өткізеді.*

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы Қазақстан экономикалық университеті жанындағы Қазақстан-жапондық адами ресурстарды дамыту орталығына барды.

Орталықтың қызметімен таныса отырып, Н.Ә. Назарбаев оның басшысы Х. Ононы Қазақстан мен Жапония арасындағы екіжақты қатынастарды дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді және жан-жақты көмек көрсетуге уәде беріп, Астана қаласындағы орталық филиалының қызметін нығайтуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өз жұмысын қалпына келтірілген ғимаратта жандандырған Мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театрының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент бұл ұйғыр халқының әлемдегі жалғыз мамандандырылған театры екенін атап айтты. Қазіргі таңда мемлекет мәдениет саласына қолдау көрсетуге дайын. Алайда өнер де жаңа мазмұнмен толығып, нарықтық экономика жағдайында өмір сүруге үйренуі керек.

Барлық театрларға үн қата отырып, Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің дамуын, оның көпұлттылығын, халықтың көңіл-күйін жиі сахналандыруға шақырды.

Мемлекет басшысы Мемлекеттік республикалық Корея музыкалық комедия театрына барды.



Мемлекеттік Республикалық Корея музыкалық комедия театры ТМД аумағындағы жалғыз театр болып табылады.

Театр 1932 жылғы қыркүйек айында Владивосток қаласында құрылды. 1937 жылы корейліктерді Қазақстанға жер аударған соң, театр Қызылорда қаласына ауыстырылды, ал 1968 жылы ол Алматы қаласына көшті.

Корея театры спектакльдерін оның 70 жылдық тарихында 5 млн. астам көрермендер тамашалады. Оның сахнасында 300-ден астам спектакль қойылымдары мен концерттік бағдарламалары қойылды. Театр репертуарында шетел классиктерінің (Ж.-Б Мольер, Ф.Г. Лорка, К. Гольдони, У. Шекспир), орыс драматургтерінің (А.И. Гельман, А.Н. Островский, Н.В. Гоголь), қазақ авторларының (М.О. Әуезов, Ғ.М. Мүсірепов), сондай-ақ корей ұлттық классиктері Хан Дин, Ен Сен Нен, Тхай Дян Чунның спектакльдері бар.

## 2 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында «Hurricane Hydrocarbons Ltd.» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Б. Исотьені және «Харрикейн ҚұмкөлМұнай» ААҚ президенті Т. Марлоны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанда мұнай мен газ өндіруді дамыту, сондай-ақ компания қызметінде өңір экономикасының инфрақұрылымын жетілдірудің келешегі туралы мәселелер талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияға қосылуы туралы» №347-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №953, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №954, «Кешірім жасау туралы» №955, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №956, «Кешірім жасау туралы» №957, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №958 жарлықтарына қол қойды.

## 3 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында М.Ю. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына барып, театрдың көркемдік жетекшісі Р.С. Андриасянның қойылымында Г. Фигейредоның «Эзоп» комедиясын тамашалады.



Н.Ә. Назарбаевтың театрға баруы 70-ші мерейтойлық маусымының ашылуымен тұспа-тұс келді. Оның үстіне, театр Балтық және ТМД елдері орыс театрларының халықаралық фестивалінің дипломанты атанды.

## 4 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Қазақстан-Британия техникалық университетінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент өзінің бастамасы бойынша құрылған университеттің студенттерімен және оқытушы-профессор құрамымен кездесу өткізді.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев республикадағы жас мамандарды даярлау деңгейі әлемдік талаптарға жауап бере алмайтынын және Қазақстан-Британия техникалық университеті дәл осы мәселені шешу үшін құрылғанын атап көрсетті.



*Қазақстан-Британия техникалық университетін құру — Н.Ә. Назарбаевтың идеясы. 2000 жылы бұл идеяны Ұлыбритания Премьер-министрі Т. Блэр қолдады.*

*Университет құрамына энергетика және мұнай-газ индустриясы факультеті, ақпараттық технологиялар факультеті және қаржы-экономикалық университеті кіреді. Ол студенттерді 13 мамандық бойынша дайындайтын болады. Бүгінгі таңда Қазақстан-Британия техникалық университеті серіктестерінің қатарында 4 ірі британдық университеттер бар. Университеттің демеушілері Қазақстанда жұмыс істейтін ең ірі дүниежүзілік компаниялар болып табылады. Олардың қатарында «British Petroleum», «British Gas», «Mitsubishi Corporation», «Chevron-Texaco», «Royal Dutch Shell», қазақстандықтардан — «ҚазМұнайГаз», «Қазақмыс» және басқалары бар.*

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында орналасқан 50 мың тонна катодты мыс шығарған «Кастинг» ЖШС-да болды.

Н.Ә. Назарбаевқа өндірілетін үлгілердің толық спектрі — мыс сымы, мыс пен қалайы негізіндегі ерітінділер, латунды және қола шыбықтар мен тазартылған мыс көрсетілді.

Мемлекет басшысы «Э.Ш. Рахмоновты I дәрежелі «Достық» орденімен наградау туралы» №959 Жарлығына қол қойды.

## 5 қазан

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен ОАЫ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте Н.Ә. Назарбаев су-энергетикалық ресурстар бойынша халықаралық консорциум құру бастамасын ұсынды.

Келіссөздер барысында мемлекет басшылары су-энергетикалық ресурстар бойынша халықаралық консорциум құру туралы келісімге қол қойды.



*«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы (ОАЫ) — халықаралық өңірлік ұйым.*

*2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында ОАЫ құру туралы шартқа қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылып, таратылған «Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы» (ОАЭҚ) ұйымының құқығын қабылдаушысы болды. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан енді.*

*2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.*

*Мемлекет басшылары мен премьер-министрлерінің кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ұлттық үйлестірушілер комитеті және қауіпсіздік қызметі мен күш құрылымдары басшыларының тұрақты кеңесі ОАЫ органдары болып табылады.*

*2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ-ны ЕурАзЭҚ-қа қосу туралы шешім қабылданды.*

Сол күні Мемлекет басшысы Тәжікстандағы Қазақстан елшілігін ашу рәсіміне қатысты.

## 6 қазан

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен Халықаралық Аралды құтқару қорының отырысына қатысты.

Тараптар Арал теңізі мәселелерін жан-жақты талқылап, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және бірігіп Арал дағдарысын құрайтын басқа да мәселелерді шешуге бағытталған шаралар кешенін белгілейтін Душанбе декларациясын қабылдады.

Мемлекеттер басшылары қордың атқарушы комитетіне қысқа мерзім ішінде 2010 жылға дейін есептелген әрекет ету бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Н.Ә. Назарбаев журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, қазір Қазақстанда жағалау өңірі тұрғындарын сумен қамсыздандыруға, қайтадан

балық өсіруге болатын Аралдың Солтүстік бөлігін сақтап қалуға бағытталған құны 70 млн. доллар тұратын бағдарлама іске асып жатқанын атап көрсетті. Қазақстан БҰҰ аясында ортаазиялық өңірге жасалуы көзделіп отырған БҰҰ Бас хатшысы К. Аннанның сапары барысында көтерілетін мәселелерді зерделеу жөніндегі комиссия құруды ұсынды.

Сол күні Мемлекет басшысы ТМД Мемлекеттері кеңесінің отырысына қатысу үшін Молдова Республикасының астанасы Кишинев қаласына аттанды.

## 7 қазан

Мемлекет басшысы Молдова Республикасының астанасы Кишинев қаласында өткен ТМД Мемлекеттері кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында мемлекеттер басшылары ТМД органдары қызметінің тиімділігін арттыру және белсендіру, ТМД-ның экономикалық қызметі, Достастық елдері қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ықпалдастықты кеңейту, сауда, отын-энергетикалық кешенді дамыту мәселелері бойынша пікір алмасты.

Отырыс қорытындысы бойынша қылмысқа қарсы күрес жөніндегі мемлекетаралық бағдарламасын және есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасын әзірлеуді іске асыру туралы келісімдерге қол қойылды.

Бұдан басқа, Қазақстан, армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері жаңа халықаралық әскери-саяси ұйым — Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) құқықтық мәртебесі туралы Жарғы мен Келісімге қол қойды.



*Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) — 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты негізінде құрылған әскери-саяси ұйым. ҰҚШҰ құру туралы шартқа Кишинев қаласында (Молдова) 2002 жылғы 7 қазан күні Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері қол қойды. 2006 жылғы тамыз айында ҰҚШҰ-ға Өзбекстан қосылды. ҰҚШҰ органдарына Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (мемлекет басшыларының деңгейінде), Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік кеңес хатшыларының комитеті, Хатшылық, ҰҚШҰ-ның біріккен штабы жатады. 2004 жылдың желтоқсан айында ҰҚШҰ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды.*

## 8 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген әмірліктердің мұрагер ханзадасы Абу-Дабиді, Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Жоғары бас қолбасшысының орынбасары шейх Халиф бен Заид әл-Нахаянды қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдарда өткен келіссөздер барысында Қазақстан экономикасының мұнай және газ салаларын дамыту үшін инвестицияларды ұлғайту келешегі, сондай-ақ сауда, экономикалық және агроөнеркәсіптік салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

## 9 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының алқа төрағасы мен судьяларын қызметке тағайындау, сондай-ақ Алматы қалалық сотының судьясы мен аудандық және оларға теңестірілген соттарының судьяларын қызметтен босату туралы» № 960 Жарлығына қол қойды.

## 10 қазан

Мемлекет басшысы «А.М. Шоқпытовты Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» № 961 Жарлығына қол қойды.

## 11 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан — 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» ұзақмерзімді Стратегиясын әзірлеуге қатысқан отандық және шетелдік сарапшылармен кездесті.

Кездесуде сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев Стратегия жұмысының нәтижесінде мемлекет халқының өмірі жақсара бастағанын атап көрсетті. Қазақстан нарықтық экономикалы ел ретінде танылды, шағын бизнес дамуда, зейнеткерлік және банктік реформалар жүргізілді. «Қазақстан-2030» Стратегиясының өзі халық өміріне, азаматтар санасына енді. 3 жылдық бюджеттік жоспар, 5 жылдық даму жоспары, 10 жылдық индикативті жоспар үлкен «Қазақстан-2030» Стратегиясының бөліктері болып табылады.

Президенттің Стратегияны әзірлеушілермен кездесуі бағдарламаны ендірудің алғашқы нәтижелеріне ғана арналған жоқ. Әңгіме қазір назар аударуды қажет ететін мәселелер турасында болды. Халықаралық сарапшылардың ұсынысы бойынша ол денсаулық сақтау, өңірлерді дамыту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері болуы керек.

Мемлекет басшысы «BAE Systems» компаниясы Басқармасының төрағасы Р. Эвансты қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан Республикасы мен «BAE Systems» арасында жасасқан өзара түсіністік туралы меморандумының іске асу барысы талқыланды. Атап айтқанда, құжатта әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету орталығын ашу көзделген.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Тэ Сок-Воннан, Италия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Д. Лонгодан және Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Кахмиден сенім грамоталарын қабылдады.

## 16 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетов пен оның орынбасарларын қабылдады.

Президент 2002 жылдың 9 айы ішіндегі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, республикалық бюджеттің атқарылуы, астық жинау мен қысқа дайындық барысы туралы ақпаратты тыңдады.

Н.Ә. Назарбаев салық жүйесін жетілдіру, кедейлік және жұмыссыздықпен күрес, Үкіметтің индустриалдық саясатты әзірлеуі мен қор нарығын одан әрі дамытуы жөнінде нақты міндеттер қойды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады.

Кездесу барысында 2007 жылдан бастап Еуропалық Одақ стандарттарына көшуді көздейтін мемлекеттің қаржылық секторын дамыту тұжырымдамасының жобасы, сондай-ақ банкнота шығаратын фабрика мен

монета сарайын одан әрі дамыту, бұл салада басқа мемлекеттермен ынтымақтастық және өнімді шетелдерге экспорттау мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы миссиясының аяқталуына байланысты Астана және Алматы Архиепископы Алексийді қабылдады.

Президент архиепископқа ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға қосқан сүбелі үлесі үшін «Парасат» орденін табыс етті.



*«Парасат» ордені 1993 жылы белгіленді. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.*

Мемлекет басшысы «Алексийді (А.Н. Кутеповті) «Парасат» орденімен наградтау туралы» №962, «К. Аннанды I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №963, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі №945 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №964 жарлықтарына қол қойды.

## 17 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген БҰҰ бас хатшысы К. Аннанды қабылдады.

Әңгімелесудің негізгі тақырыбы әлемдегі және Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі болды. Бұл ретте, Ауғанстандағы жағдай және оның халқына елді қалпына келтіру бойынша барынша көмек көрсету туралы пікір алмасты. Н.Ә. Назарбаев БҰҰ-ға Ауғанстанда бейбіт өмір орнату үшін қазақстандық мамандарды және гуманитарлық көмекті қоятын қоймалар мен базаларды орналастыру үшін Қазақстан аумағын ұсынды.

Тараптар есірткі бизнесі, есірткі трафигі және кедейлікпен күрес, қоршаған ортаны қорғау, халық денсаулығын жақсарту және демократияны тереңдету мәселелерін талқылады. Қазақстан Президенті Халықаралық Аралды сақтау қорына БҰҰ институты мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізді.

Президент БҰҰ бас хатшысы К. Аннанға I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті. Н.Ә. Назарбаев



Қазақстанның жоғарғы мемлекеттік наградасы БҰҰ бас хатшысы тұлғасына және оның басқарып отырған ғаламшардағы ең ірі және беделді халықаралық ұйымға деген жеке өзінің және бүкіл қазақстандықтардың шыннайы құрмет көрсету белгісі болып табылатынын атап көрсетті.

К. Аннан өз сөзінде Президентке жылы қабылдағаны және өзі мен оның басқарып отырған ұйымына білдірген жақсы сөздері үшін алғыс білдіре келе: «...Мен «достық» сөзі «дружба» деп аударылатынын білемін. Және оның мағыналық жағы өте маңызды. Дүниежүзілік қоғамдастық үшін одан артық тақырып таба алмай тұрмын» деп атап айтты.



*«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.*

*I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (3-сурет) тұрады.*

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотаны қабылдады.

Кездесу барысында ортақ кедендік тарифтерді құру, еңбек көші-қоны, БЭЖ құру, ресурстарды бірігіп игеру, электр энергиясы саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

## 18 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ж.А. Тұяқбайды қабылдады.

Әңгімелесу барысында Мәжілістің ағымдағы заң жобаларын қарау мәселелері және 2003 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қарау барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты және Қарулы Күштері Бас штабының бастығы М.М. Сапаровты қабылдады. Олар елдің Қарулы Күштерін қолданудың стратегиялық жоспарын ұсынды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №965, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №966, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі №692 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №967 жарлықтарына қол қойды.

## 21 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Әділет министрі Г.В. Кимді қабылдады. Ол заңшығарушылық қызмет, мемлекеттің қылмыстық-атқарушылық жүйесін Ішкі істер министрлігінің қарауынан Әділет министрлігінің қарауына ауыстыру, жазалауды ізгілендіру туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография агенттігінің төрайымы А.Қ. Жағанованы қабылдады. Ол Агенттіктің көші-қон және демографиялық саясатының жағдайы туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының бұрынғы Премьер-министрі Н.Ө. Балғымбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысы «Е.Қ. Бейсембетов туралы» №968 Жарлығына қол қойды.

## 22 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің I отырысына төрағалық етті.

Сөзінің басында Президент Кеңес қоғамның бір бөлігін көрсете отырып, халық пікірін барынша толық әрі кең түрде ескеруге, елдің жоғарғы билігі жұмысында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге, оның барлық тармақтарының толығырақ әрекет етуі мен келісіп қызмет етуіне жәрдемдесуге мүмкіндік беретінін атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Кеңестің алғашқы отырысында алдағы уақытта қабылданатын жаңа Жер кодексі және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік енгізу мәселелері қаралды.



Кеңес мүшелері Жер кодексінің жобасын тыңғылықты және жан-жақты талқылаған соң, отырыста айтылған ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, жобаны мақұлдау туралы шешім қабылдады.



*Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды азаматтық қоғам өкілдерімен кеңінен талқылау негізінде шығару мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі №857 Жарлығымен құрылды. Ұлттық кеңес құрамы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың тең қатысуы негізінде қалыптастырылды. Кеңес мүшелерінің жартысы орталық мемлекеттік органдардың басшыларынан, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарынан, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен мәслихаттардың хатшыларынан және селолық округтердің әкімдерінен тағайындалды. Кеңестің екінші жартысы азаматтық қоғам институттары өкілдерінен (саяси партиялар, ҰЕҰ, БАҚ), сондай-ақ халықтың негізгі әлеуметтік топтарынан (кәсіпкерлер, фермерлер, мәдениет, білім және денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым және басқалары) тағайындалды.*

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Өңгімелесу барысында екі жақ 2003 жыл Ресейдегі Қазақстан жылы болып жарияланатыны туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Н.Ә. Назарбаев пен В.В. Путин ЕурАзЭҚ елдері арасындағы сауда-саттықты ұлғайту, кедендік және көліктік тарифтерді бірегейлендіру қажеттігі мәселелерін талқылады. Өңірлік саясат, оның ішінде терроризмге қарсы күрес мәселелері қозғалды. Бұл салада келісіп әрекет ету үшін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт құрылымдарын іске қосу қажет.

Президенттер екіжақты саяси және экономикалық қатынастардың басқа да мәселелері бойынша пікір алмасты.



Мемлекет басшысы Еуроазиялық раввиндер кеңесінің мүшелерін қабылдады.

Кездесу барысында 28 елдің беделді раввиндері енген кеңес мүшелері Президенттен әлемдік иудамұсылмандық үнқатысуды басқаруды, ал Қазақстанды осы диалогтың орталығына айналдыруды сұрады.



Н.Ә. Назарбаев осы ұсынысты қолдап, Қазақстанда табысты мұсылман-иудалық диалог құруға орталық ашу үшін жәрдемдесуге келісімін берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігінің төрағасы Д.Б. Тұрлыхановты қабылдады. Ол Дене шынықтыру және спорт бойынша 2005 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының іске асу барысы және 2003 жылғы Жапонияда өтетін қысқы Олимпиадалық ойындарына дайындық барысы туралы баяндап берді.



### 23 қазан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, онда Түркістанда өткен Бүкіләлемдік қазақтардың II құрылтайына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев түркілердің алтын бесігі Ясы қаласындағы ислам әлемінің қасиетті орны — Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барды.

Құрылтайды аша отырып, Президент: «...Соңғы 10 жылда 10 ғасырға татитын оқиға болды десек артық айтқандық болмас. Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болып қадам басты... Шын мәнінде толыққанды тәуелсіздік пен толыққанды мемлекеттілік орнату абыройы біздің ұрпаққа ғана тура келгенін мақтанышпен айта аламыз...» деп ерекше атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Құрылтай қорытындылары бойынша мәдениет, тіл және қазақ әдебиетін дамыту мәселелерін шешу үшін ынтымақ пен бірлікке шақыратын бүкіл әлем қазақтарына Үндеу қабылданды.



Мемлекет басшысы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жаңа корпусын аралап көрді. Содан соң Сарыағаш ауданына барып, «Әсем-Ай» ЖШС-да болды және «Алтын-Бұлақ-Р» ЖШС санаторий-профилаториінің ашылуына қатысты.

### 24 қазан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында «Сарыағаш» және «Арман» санаторийлеріне барды.

Содан соң Президент Шардара ауданына барып, «НИМЭКС» корпорациясының мақта тазарту зауытының ашылуына қатысты, жақын аудандардың мақта шаруашылығы басшыларымен кездесу өткізді, «НИМЭКС» корпорациясының жаңа тұрғын үйін қарап шықты және ауданның жас отбасыларына жаңа пәтерлердің кілттерін салтанатты түрде тапсырды, зауыттың емдеу-сауықтыру кешенін аралап көрді.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге Мәскеу қаласының орталығында шешендік террористердің адамдарды тұтқынға алуына байланысты жеделхат жолдады.

Н.Ә. Назарбаев ресейліктерге құрбандық пен қантөгістен аман қалатынына нық сенім білдірді.

## 25 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Республика күніне орай өткізілген мерекелік шараларға қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы бірнеше ай бұрын ашылған Алматы қалалық ардагерлер үйіне барып, қариялардың тұрмыс жағдайымен танысты.



*Алматылық ардагерлер үйі 350 адамға есептелген. Ондағы барлық адамдар ақысыз тұрады, қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі қоғамның барлық топтарынан жаңа тұрғындарды іріктеп алады. Кең әрі жарық пәтерлері, кинозал, кітапханасы, қысқы бақ, заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған емханалық бөлімшесі бар осы заманғы ғимаратта қазір 220 жалғызілікті қарт адамдар тұрады. Оларға 205 жеке персонал қызмет көрсетеді.*

## 26 қазан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге Мәскеу қаласында террористердің адамдарды тұтқынға алуы нәтижесінде адам шығындары болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қазақстанның терроризм мен экстремизмнің кез келген түрін батыл түрде сөгіп, қабылдамайтын ұстанымын дәлелдей түсіп, Президент біздің еліміз жаһандық қауіпсіздікке қатер төндіретін терроризмге қарсы күреске өзінің үлесін қосуды жалғастыратынын атап көрсетті.

## 28 қазан

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Талдықорған қаласында Президент «Темір-бетон» ЖШС-на, қызмет көрсетілмейтін аккумуляторлар зауытына («BM ENERGY Co» ЖАҚ), кабельді-өткізгіш өнімдерді өндіру жөніндегі «Азия-Электрик» ЖАҚ цехы, «Өркен» спорт кешеніне барды, бейнелеу өнері галереясының ашылуына қатысты.

Қалпына келтіру жұмыстарынан кейін жаңадан ашылған І. Жансүгіров атындағы Мәдениет үйінің алдында Н.Ә. Назарбаев қала тұрғындарымен кездесіп, олармен әңгімелесті және көптеген сауалдарына жауап берді.



## 29 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста мемлекеттің күш құрылымдары мен құқық қорғау органдары басшыларының Ресейдегі террористік топтар әрекетінің белсендірілуіне байланысты қолданылып жатқан шаралар туралы ақпараты тыңдалды.

Президент Қауіпсіздік кеңесі мүшелерінің алдында мемлекет пен оның азаматтарының қауіпсіздігін нығайту, ішкі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттерді қойды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №348-II Заңына қол қойды.

## 30 қазан

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы — Португалия Республикасының Сыртқы істер министрі А.М. де Крузыты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен ЕҚЫҰ-ның дүниежүзі және ортаазиялық өңірде демократияны дамыту мен тереңдете түсу ісінде әрекет ету туралы пікір алмасу болды. Н.Ә. Назарбаев пен А.М. де Круз өзекті халықаралық мәселелерді және өңірлік қауіпсіздік мәселелерін, Қазақстан тұрақтылық пен

келісім үлгісі болып табылатын Орталық Азиядағы этносаралық және конфессияаралық мәселелерді шешу ерекшеліктерін талқылады.

А.М. де Круш Президентті экономикалық, саяси және демократиялық реформаларды табысты іске асыруымен, сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шараларын нығайту бойынша Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саяси бағытындағы жетістіктерін дүниежүзілік қоғамдастықтың тануымен құттықтады.

Мемлекет басшысы әйгілі ақын, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ақын Т. Әбдірахманованы қабылдады және оны 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтады.

Кездесу барысында әдебиетті дамыту, оның қоғамның рухани өміріндегі рөлі, әдеби мұражай ашу, қазақстандық жазушылардың шығармаларын шетел тілдеріне аудару және басқа да мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызмет субъектілерін тексеру кезінде заңдылықты сақтау туралы кеңес өткізді, онда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметіне негізсіз араласу тәжірибесі туралы ақпаратын тыңдады.

Н.Ә. Назарбаев шаруашылық субъектілерінің құқықтарын бұзған мемлекеттік органдар басшыларына қатысты шаралар қолдану туралы тиісті лауазымды тұлғаларға нақты тапсырмалар берді. Үкіметке, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне, министрліктер мен ведомстволардың басшыларына құқық қорғау және кәсіпкерлік құқықтарын қорғау жөніндегі қадағалау органдарының қызметін үйлестіру және өзара әрекет ету тетіктерін әзірлеп, бекіту тапсырылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №349-II, «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №350-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Алматы облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №969 Жарлығына қол қойды.

### 31 қазан

Мемлекет басшысы 70 жасқа толуы қарсаңында «Халық қаһарманы» атағының иегері Ә.М. Мәмбетовті қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық театр өнерінің даму жағдайы мен келешегі, әртістер мен режиссерлерді сапалы дайындау мүмкіндігі туралы тыңғылықты пікір алмасу өтті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Б. Әлібаевты қабылдады. Ол Парламентте «Акционерлік қоғамдар туралы» заң жобасының талқылану барысы туралы мәлімдеді, саяси партиялардың қызметі, парламенттік фракциялардың жұмысы туралы пікірімен бөлісті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Б.С. Досмамбетовті қабылдап, онымен Парламенттің заң шығарушылық қызметіне және оның жұмысының регламентіне қатысты кейбір мәселелерді талқылады.



Мемлекет басшысы «Бюджет жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №351-II Заңына қол қойды.

# ҚАРАША



Дс	4	11	18	25	
Сс	5	12	19	26	
Ср	6	13	20	27	
Бс	7	14	21	28	
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	







## 1 қараша

Мемлекет басшысы Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен БҰҰ Жаһандық таулар саммитіне қатысты.

Форумда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «... таулар Қазақстан аумағының 10% алып жатыр, алайда тау халқының мәселелері біздің халыққа жақын әрі түсінікті. Жалпы ғаламшар климатының қандай болатыны негізгі климат жасаушы буын болып табылатын таулардың экологиялық тазалығына байланысты...», — деп атап көрсетті.

Саммитке қатысушылар қорытынды құжат «Таулы тұғырнамаға» қол қойды. Құжатта таулы елдердің экономикалық және әлеуметтік жағдайларын дамытудың 4 бағыты көрсетілген. Ол — экономикалық өсу, экологиялық қауіпсіздік, таулардағы бейбітшілік және адами ресурстарды сақтау. Сондай-ақ «Таулы тұғырнама» халықаралық донорларға жаңа қаржылық міндеттемелерді де көздейді. Енді құжат БҰҰ қарарын алған соң, қолданысқа енгізілмек.



Мемлекет басшысы Жаһандық «Таулы саммит» жұмысының барысында Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және жазушы Ш.Т. Айтма-товпен екіжақты кездесулер өткізді.

## 2 қараша

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды.

Қордай ауданында Президент «Қордай» бекетінің қызметімен танысты, онда кеден, шекара қызметі, ветеринарлық-фитосанитариялық және санитарлық-карантиндік бақылау пункттері орналасқан.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев диірмен және қонақүй кешендері, сауда үйі, интернет-клуб және валюта айырбастау пункті бар «Сапа-Қордай» ЖШС-на барды, сондай-ақ «Талапты» өндірістік кооперативі және «Қайнар» АҚ қызметтерімен танысты.



## 4 қараша

Мемлекет басшысы Франция Республикасы Сыртқы істерінің Мемлекеттік хатшысы Р. Мюзельени қабылдады.

Кездесу барысында энергетика, мұнай тасымалдау, қоршаған ортаны қорғау, су тазалау және тағы да

басқа мәселелер бойынша ынтымақтастықты кеңейту жағдайы мен келешегі талқыланды.

### 5 қараша

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Нидерланды Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі П.В. Леу-веннен және Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Л. Шарптан сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Азаматтық партиясының бірінші хатшысы А.Т. Перуашевты қабылдады. Ол партия қызметі туралы баяндап берді.

Әңгіме барысында қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландырудағы саяси партиялардың рөлі мен орны туралы пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасының Грекия Республикасындағы, Мальта Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №970 Жарлыққа қол қойды.

### 6 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында еліміздің ішкі саяси өмірі туралы көптеген мәселелер бойынша пікір алмасу болды.

Мемлекет басшысы Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссия басшыларымен кездесті.

Кездесуде сөз сөйлеген дипломаттар Қазақстан мен оның Президентінің өңірлік және жалпы дүниежүзілік мәселелерді бейбіт жолмен реттеу жолында қосқан үлесін, оның батыл әрі ұстамды позициясын, шешімдері мен нақты қадамдарының ақылға қонымдылығын және ойлылығын атап көрсетті.

Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев дипломаттарды Қазақстанның бастамаларына қолдау көрсеткені және оның халықаралық аренада жұмсаған күшіне объективті баға бергендері үшін алғысын білдірді.



Мемлекет басшысы «А.М. Шоқпытовқа ІІ сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №971 Жарлығына қол қойды.

## 7 қараша

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Корея Республикасының Коммерция, индустрия және энергетика министрі Шин Кук Хванды қабылдады.

Кездесу барысында энергетика және минералды ресурстарды өндіру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау және білікті мамандарды даярлау бағытындағы Қазақстан-Корея ынтымақтастығын дамыту мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы алматылық Қабылдау үйінде Пусан қаласында өткен XIV жазғы Азия ойындарына біздің елімізден қатысқан спортшылар және жаттықтырушылармен кездесті.

Президент 20 алтын, 26 күміс және 30 қола медальдарын жеңіп алған спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын сәтті өнер көрсетуімен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев келесі жылғы бюджетте спортты одан әрі дамыту үшін осы жылға қарағанда екі есе көп қаражат бөлінетінін атап айтты және екі жылдан кейін Афины олимпиадасында қазақстандық спортшылар дәл осылай сенімді өнер көрсетеді деген үміт артты.



*Азия ойындары (Азиада) — әрбір төрт жылда бір рет өткізілетін Азия құрлығындағы ең ірі халықаралық спорттық жарыстар.*

*Азиаданың тарихы Нью-Дели қаласында (Үндістан) бірінші жазғы Азия ойындары өткізілген 1951 жылдан бастау алады.*

*1986 жылы қысқы Азия ойындары тағайындалды.*

*Азияның Олимпиадалық кеңесі (АОК) Азия ойындарының басшылық органы болып табылады. Қазіргі кезде оның құрамына 45 азиялық мемлекеттер енеді. АОК штаб-пәтері Әл-Кувейт (Кувейт) қаласында орналасқан.*

*Қазақстан АОК құрамына 1993 жылы кірді. 2011 жылы Қазақстан Астана және Алматы қалаларында 30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында өтетін VII қысқы Азия ойындарын қабылдайды.*

## 9 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Отан» Республикалық саяси партиясының IV съезіне қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы саяси жағдай дамуының сараптамасын ұсынды, саяси партиялар қызметін қоғамның демократиялық жаңаруына қызмет ете алатын және етуі керек маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипаттады (Қосымшаны қараңыз).



*«Отан» Республикалық саяси партиясы 1999 жылғы 19 қаңтарда құрылды және 1999 жылғы 12 ақпанда тіркеуден өтті. Партияның төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.*

*1999 жылғы парламенттік сайлаудың нәтижелері бойынша Парламент Мәжілісінде 26 орынға ие болды — сайлаушылардың 30,89% даусын жинап, партиялар арасында бірінші орынға шығып, 4 орынды партиялық тізім бойынша алды және 22 орынды бірмандаттық округтер бойынша иеленді. 1999 жылғы желтоқсан айында парламенттік фракциясын құрды.*

*2004 жылғы парламенттік сайлау кезінде «Отан» Парламент Мәжілісінде — 7-уін партиялық тізім бойынша және 46-сын бірмандатты округтер бойынша — жалпы 53 орынды жеңіп алды.*

*2006 жылғы желтоқсанда «Асар» Республикалық партиясымен, Қазақстанның Азаматтық партиясымен және Қазақстанның Аграрлық партиясымен бірігуіне байланысты кезектен тыс X съезінің шешімі бойынша «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы болып қайта құрылды.*

## 12 қараша

Мемлекет басшысы лорд Уэйверлидің басшылығымен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің парламентарийлер делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында экономика, сауда және гуманитарлық салалардағы Қазақстан-британдық ынтымақтастығы мәселелерінің кең ауқымы талқыланды.

## 13 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан жастарының II конгресіне қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатының негізгі аспектілерін, XXI ғасырда барша қазақстандық қоғам өмірін сапалы әрі жылдам жақсартуға бағытталған экономикалық, саяси және әлеуметтік салалардағы реформалардың мәнін ашып берді.

Президент жастардың алдына шешімі жастарды демократия мен прогреске бағыттайтын сабақтастықты

сақтап қалуға, реформаларды іске асыруға тартуға жәрдемдесетін бірқатар нақты міндеттер қойды.

Н.Ә. Назарбаев: «...біз күрделі заманда өмір сүріп жатырмыз. Ол адамзатқа айтарлықтай қатер төндіретін жаһандық қарама-қайшылықтарға толы...», — деп ерекше атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының ғарышкері Т.А. Мұсабаевты қабылдады.

Кездесу барысында ғылыми, шаруашылық және қолданбалы есептерді шешу үшін ғарыштық зерттеулер мәліметтерін қолдану мен ғарышты игеру саласындағы қазақстандық ғалымдардың жаңа зерттемелері мен халықаралық ғарыштық бағдарламаларға Қазақстанның одан әрі қатысу келешегі туралы тыңғылықты пікір алмасу өтті.

## 14 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты О.А. Әбдікәрімовті қабылдады.

Өңгімелесу барысында Сенат қарауында жатқан заң жобалары, сондай-ақ сенаторлардың ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясының жұмысына қатысуының негізгі қорытындылары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №352-II, «Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы бекіту туралы» №353-II, «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны бекіту туралы» №354-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Түрік Республикасы Үкіметінің Бағдарламаларды үйлестіру кеңсесінің қызметі туралы келісімді бекіту туралы» №355-II, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі

түбінің ара жігін ажырату туралы келісімді және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара жігін ажырату туралы келісімге Хаттаманы бекіту туралы» №356-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №357-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазандағы №713 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №972 Жарлығына қол қойды.

## 15 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының IX сессиясына төрағалық етті.

Сессияны аша отырып, Президент «Қазақстан халықтары Ассамблеясын дамыту стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық әлем» баяндамасын жасады (Қосымшаны қараңыз).



*Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығына сәйкес Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесшіл орган ретінде құрылды.*

*Этносаралық мәселелер бойынша қоғамдық институт құру идеясы Мемлекет басшысымен Қазақстан халықтары форумында 1992 жылы айтылған болатын.*

*Қазақстанда этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, рухани-мәдени жаңаруға жәрдемдесу және теңдік принципін сақтау негізінде оның аумағында өмір сүріп жатқан этностарды дамыту, көптеген этникалық мүдделерді есепке ала отырып, мемлекеттік ұлттық саясат жүргізу бойынша ұсыныстар шығару Ассамблеяның міндеттері болып табылады.*

*Сондай-ақ Ассамблея құрылымына барлық облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдердің жанындағы консультативтік-кеңесшіл органдар мәртебесіне ие Шағын ассамблеялар да кіреді.*

*«Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып қайта аталды, конституциялық мәртебеге ие болып, өз өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсыну мүмкіндігін алды.*

*2007 жылғы 20 тамызда 9 Мәжіліс депутаттары Ассамблея атынан сайланды.*

*2008 жылғы қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.*

*Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.*

Мемлекет басшысы Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бас хатшысы болып сайлануына байланысты Ху Цзиньтаоға құттықтау жеделхатын жолдады және Қазақстан мен ҚХР арасындағы достық және ынтымақтастық қатынастар екі ел халқының игілігі үшін нығайып, дами түсетініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымға мүше болуы туралы» №973, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 ақпандағы №801 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №974 жарлықтарына қол қойды.

## 21 қараша

Мемлекет басшысы Чехия Республикасының астанасы Прага қаласында өткен Еуроатлантикалық серіктестік кеңесіне (ЕАСК) қатысушы елдер басшылары мен үкіметтерінің саммитіне қатысты.



Мемлекет басшысы ЕАСК саммиті жұмысының барысында АҚШ Президенті Дж. Бушпен және Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредермен екіжақты кездесулер өткізді.

Келіссөздер барысында халықаралық және өңірлік қауіпсіздік, халықаралық терроризмге және экстремизмге қарсы күрес мәселелері, есірткі заттары мен қару-жарақтардың заңсыз айналымы, сондай-ақ мемлекетаралық қатынастарды одан әрі дамыту келешегі және экономиканың әртүрлі салаларындағы, сауда және гуманитарлық салалардағы өзара пайдалы ынтымақтастықтарды кеңейту жөнінде пікір алмасу өтті.



## 22 қараша

Мемлекет басшысы Чехия Республикасының астанасы Прага қаласында өткен Еуроатлантикалық серіктестік кеңесіне (ЕАСК) қатысушы елдер басшылары мен үкіметтерінің саммитіне қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев ұйым аясында ынтымақтастықты тереңдетуді және еуроатлантикалық серіктестік елдерін терроризмге қарсы нақты әрі бағытталған әрекеттер жасауға шақырды. «...Бүкіл әлем жаңа қауіп-қатерлермен бетпе-бет келді. Осы заманғы өркениетке қатер төніп тұр. Барлық халықаралық қоғамдастықтың жалпыадамзат құндылықтарын қорғау үшін терроризмге қарсы күресте күш біріктіруі қажет екені ешқандай да күмән тудырмайды...», — деп мәлімдеді Қазақстан Президенті (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы ЕАСҚ саммиті жұмысының барысында Канаданың Премьер-министрі Ж. Кретьенмен, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Т. Блэрмен, Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Х.М. Аснармен, Хорватия Республикасының Президенті С. Месичпен және НАТО-ның бас хатшысы Дж. Робертсонмен екіжақты кездесулер өткізді.

### 23 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №358-ІІ Заңына қол қойды.

### 27 қараша

Мемлекет басшысы Нидерланды Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Амстердам қаласында Беатрикс ханшайыммен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан-голландық қатынастардың жағдайы мен келешегі туралы пікір алмасты.



Мемлекет басшысы Нидерланды Корольдігінің Премьер-министрі Я.П. Балкенндемен кездесті.

Кездесу барысында шағын және орта бизнес кәсіпорындарының өзара әрекет етуі, мұнай-газ саласындағы, терроризмге қарсы күрестегі екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен келешегі талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігінің ара-





сында инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге, сондай-ақ кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара түсіністік және тұрақты әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Нидерланды Корольдігі Парламентінің Сенат және Өкілдер палатасы спикерлері Г. Брокс және Ф. Вейзгласпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар екі ел арасындағы парламенттік қатынастарды нығайту жолдары мен келешегіне қатысты екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

## 28 қараша

Мемлекет басшысы Нидерланды Корольдігіне ресми сапары барысында Гаага қаласында өткен «Қазақстан — инвестиция мен сауда жасауға табысты нарық көзі» атты бизнес-форумға қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан тек шикізат өндіруші ел ғана емес екенін атап көрсетті. Бүгінгі таңдағы №1 міндет — жеке өндірісті дамыту болып отыр. Голландық бизнес топтары үшін Қазақстанда үлкен перспективалар ашылып отыр.

Президентті Нидерландыдағы жерді жеке меншікке беру және жер учаскелерін жалға алу мәселелері қызықтырды. Жетекші голландық экономистер оны ауыл шаруашылығын дамытудың голландық моделімен таныстырды, ауылды мемлекеттік қолдау мен кооперативтер жүйесі туралы айтып берді.



## 29 қараша

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігінде жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Брюссель қаласында Еуропалық Одақ Кеңесінің Бас хатшысы, ортақ ішкі және қорғаныс саясаты мәселелері бойынша ЕО-ның Жоғарғы өкілі Х. Соланамен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен Х. Солана халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін, Қазақстан мен ЕО ынтымақтастығын кеңейтудің келешегін талқылады.



Мемлекет басшысы Еуропалық комиссияның Президенті Р. Продимен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Қазақстанның ЕО елдерімен қатынастарын дамыту мен тереңдетудің, сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтудің жағдайы мен келешегі туралы пікір алмасты.



Мемлекет басшысы Брюссель қаласындағы Қазақстан Республикасы Елшілігіне барып, оның қызметкерлерімен кездесті.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Е.Ә. Ыдырысовты Қазақстан Республикасының Швеция Корольдігіндегі, Норвегия Корольдігіндегі, Ирландия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №975 Жарлығына қол қойды.

# ЖЕЛТОҚСАН



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	31
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29



## 2 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі Тәжікстан Республикасының Үкіметіне берген мемлекеттік несиені қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы» №359-II, «Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шаруашылық дауларды қарау кезіндегі мемлекеттік баждың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы келісімге Хаттаманы бекіту туралы» №360-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қызылорда облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №976, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі №691 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №977, «Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы» №978, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №979, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №980 жарлықтарына қол қойды.

## 3 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі И.Н. Тасмағамбетов пен оның орынбасарларын қабылдады. Олар 2003 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің қабылдануы және елдің басты қаржылық құжатының орындалу шаралары туралы баяндап берді.

Үкімет басшылары сондай-ақ индустриялық саясат тұжырымдамасы және Парламенттегі Жер кодексінің талқылану барысы туралы есеп берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Ж. Қарақұсованы қабылдады.

Кездесу барысында 2003 жылға арналған республикалық бюджет шеңберінде әлеуметтік саясатты одан әрі іске асыру туралы пікір алмасу болды.

Кездесудің қорытындысы бойынша Президент Қазақстанда мүгедектерге, ана мен балаға әлеуметтік қолдау көрсету туралы жаңа заң жобаларын әзірлеуге ерекше назар аударуды тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиевті қабылдады. Ол Қазақстандағы Денсаулық жылы аясында жүргізілген іс-шаралардың қорытындылары туралы баяндап берді.

Н.Ә. Назарбаев министрге ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласын жақсарту турасында жұмысты күшейтуді тапсырды.

#### **4 желтоқсан**

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан дәрігерлері мен провизорларының II съезіне қатысты.

Съезд жұмысын аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Біз ел тәуелсіздігін сақтауымыз керек, біз халық ретінде сақталып қалуымыз керек, өзіміздің көпұлтты мәдениетімізді сақтап, республиканың экономикалық әлеуетін арттыруымыз қажет. Міне, сондықтан да халық денсаулығы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының ең маңызды басымдықтарының бірі ретінде белгіленді», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» №361-II Заңына қол қойды.

#### **5 желтоқсан**

Мемлекет басшысы «Газпром» ААҚ Басқармасының төрағасы А.Б. Миллерді қабылдады. Ол екі мемлекеттің газды өндіру және өңдеу, сондай-ақ «Орталық Азия — Орталық» бағытында газды тасымалдаудың басым келешегіндегі ынтымақтастықты кеңейту және нығайту үшін құрылған «КазРосГаз» біріккен кәсіпорны қызметінің бірінші нәтижелері туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Chevron-Техасо» корпорациясының Басқарма төрағасының орынбасары П. Робертсонды қабылдады. Ол Қазақстан экономикасына инвестицияларды ұлғайту жөніндегі корпорация жоспарлары туралы ақпарат берді.

Мемлекет басшысы «LNM Group» төрағасы Л.Н. Митталды қабылдады.

Өңгімелесу барысында «LNM Group» құрамына енетін «Испат-Кармет» ААҚ-ның негізгі көрсеткіштері, сондай-ақ Қарағанды металлургия комбинатында жаңа домна пешін іске қосудың барысы қаралды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №982, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №983–984, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №985–986, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №987, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №988–990, «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын, қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №991 жарлықтарына қол қойды.

## 6 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласының мешітіне барып, Қазақстан мұсылмандарын Ораза айт мерекесімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің VIII отырысына төрағалық етті.

Осы мәжілістің басты мәселесі жаңа салымдар жасау үшін елді тартымды ете алатындай шаралар іздестіру болды.



*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған.*

*Кеңес кеңесшіл-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады.*

*Кеңес шеңберінде салық салу, заңнамалық мәселелер, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады. Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.*

Мемлекет басшысы Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьерді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстандағы инвестициялық климатты жақсартудың келешегі туралы пікір алмасты және экономиканың, шағын және орта кәсіпкерліктің жылдам дамуына жәрдемдесетін банктік жүйе мен нормативтік-құқықтық базадағы сапалық өзгерістерді ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы «British Gas» компаниясының атқарушы директоры Ф. Чапмэнді қабылдады.

Әңгімелесу барысында компанияның Қазақстандағы қызметін кеңейтудің келешегі, атап айтқанда, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын игеру туралы пікір алмасу өтті.

Мемлекет басшысы «BAE Systems» компаниясының басшысы сэр Р. Эвансты қабылдады. Ол «BAE Systems» құрылтайшысы болып табылатын «Air Astana» авиакомпаниясының даму келешегі туралы, сондай-ақ ұшқыш және техникалық құрамдарды даярлау үшін Қазақстанда авиациялық курстар ашу жөніндегі жаңа жобалар турасында мәлімдеді.

Сол күні Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Президент құрыш құю өндірісін қолға алған «Кастинг» ЖШС-ның павлодарлық филиалында; Павлодар қаласының бірқатар денсаулық сақтау объектілерінде, оның ішінде перинаталдық орталық пен жаңа диагностикалық орталықта; «Қазақстан алюминий» АҚ-да болды, онда Н.Ә. Назарбаевты таза алюминий шығаратын электролиз зауытының құрылыс жоспарларымен таныстырды.

Күннің соңына қарай Президент облыс бизнесмендерімен кездесті.



*Үздіксіз балқыту және илемделген темір бұйымдарын өндіру бұрынғы Павлодар трактор зауытының цехы негізінде құрылды. Бұрын шетелге шикізат ретінде кететін металл сынықтары енді «Кастингте» өңделіп, басқа елдерге импортталады. Құрыш жобасының бірінші партиясы Иранға және басқа да шетел тапсырыс берушілеріне жөнелтілді. Жаңа кәсіпорынның жалпы құны — 40 млн. доллар. Бұл — отандық инвесторлармен іске асырылған Қазақстандағы ең ірі жоба.*



## 7 желтоқсан

Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапары барысында Қазақстан Азаматтық партиясының III съезіне қатысты.

Президент Азаматтық партия бағдарламасын қолдап, съезд делегаттарына табысты жұмыс тіледі. Ол партияға өз аясын кеңейтуді және оған басқа салалардың жұмыс қозғалыстарын — мұнайшыларды, ауыл адамдарын, теміржолшыларды, жеңіл өнеркәсіп қызметкерлерін тартуды ұсынды.



*Қазақстан Азаматтық партиясы (ҚАП) 1998 жылдың 17 қарашасында құрылып, 1999 жылдың 29 желтоқсанында тіркелді. Партия ОК-ның бірінші хатшысы — А.Т. Перуашев.*

*1999 жылғы парламенттік сайлаудың қорытындылары бойынша Парламент Мәжілісінде 2-уі партиялық тізім бойынша және 14 орын бір мандатты округтар бойынша, барлығы 16 орынды иеленді. 1999 жылдың желтоқсан айында парламенттік фракциясын құрды.*

*2004 жылдың парламенттік сайлауына ҚАП Қазақстанның Аграрлық партиясымен бірге (Еңбеккерлердің аграрлық-индустриалдық одағы) АИСТ сайлау блогы құрамында қатысты. 2006 жылы ҚАП-тың 2006 жылғы 10 қарашадағы VII съезінде қабылданған шешімі негізінде «Отан» республикалық саяси партиясының құрамына кірді.*

Сол күні Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Ақмола облысына аттанды. Онда ол Бурабай көлінің жағасындағы «Оқжетпес» санаториі жаңа ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

## 10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы Ә.А. Смайыловты қабылдады. Ол мемлекеттік статистиканың дамуы және осы саладағы заңнаманы одан әрі жетілдіру туралы баяндап берді.

Әңгімелесу барысында ауылды дамыту мониторингі жүйесін тез арада енгізу және агенттіктің жарияланым қызметін кеңейту айрықша атап өтілді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы Б.А. Бұлғақбаевты қабылдады. Ол экономикалық қылмысқа қарсы күрес барысы туралы баяндап берді. Кәсіпкерлерді шенеуніктердің заңсыз араласуынан қорғау шараларын күшейту қажеттігіне ерекше назар аударылды.


Президент агенттік басшысының назарын отандық тауар өндірушілердің контрабандалық өнімдерден қорғалмау мәселесіне аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековті қабылдады. Ол ведомствоның 2002 жылғы жұмысының алдын ала қорытындысы және заңдылықты сақтау бойынша қадағалауды жетілдіру жөніндегі жоспарланып отырған шаралар туралы баяндап берді.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасы Сыртқы істерінің бұрынғы министрі Х. Четинді қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевты Түркияның бұрынғы Президенті С. Демирельдің және өзінің атынан елорданың Астана қаласына ауыстырылғанына 5 жыл толуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы елорданың Астана қаласына ауыстырылғанына 5 жыл толуына арналған «Астана жылнамасы» салтанатты концертіне қатысты.

Концерт басталмас бұрын Президент «Ұлы көшпенділер алауы» тақырыптық фотокөрмесі мен вернисажды аралап көрді.



Мемлекет басшысы «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы» №992, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөніндегі Қоғамдық кеңес құру туралы» №993 жарлықтарына қол қойды.

## 11 желтоқсан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Өтпелі Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Саид Захир Шаха Акбаридан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Ж.Ә. Құлекеевті қабылдады. Ол бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына сараптау жүргізу барысы туралы, туберкулез бойынша бағдарламасын іске асыруға бюджет

қаражатын пайдалану жөніндегі ауқымды зерттеу жұмыстарының аяқталуы туралы баяндап берді.

## 12 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.И. Черкашинаны қабылдады.

Өңгімелесу барысында А.И. Черкашина білім саласындағы және зағип жандарды кәсіби даярлау бағытындағы мәселелерді шешудегі өз көзқарасын білдірді, сондай-ақ шағын кәсіпорындарды, азық-түлік өнімдерін және дәрі-дәрмектерді сататын нысандарды, шағын медициналық мекемелерді тексеруге салынған мораторийдің қолданылуын тоқтату туралы ұсыныс жасады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары басшыларымен, елорда активімен, сәулетшілер және құрылыс компаниялары өкілдерімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев Есіл өзенінің сол жағалауы құрылысының толық жоспарлы жобаларымен, көлік және инженерлік сызбаларымен, сондай-ақ тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардың көлемді үлгілерімен танысты.

Президент елорда орталығын су тасқынынан, сыртқы сулардан және жер асты суларынан суға кетуден қорғау мәселесіне ерекше назар аударды. Н.Ә. Назарбаев қала басшылығына және елдің Ғылым академиясына Астана қаласын көгалдандыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «2003 жылға арналған Республикалық бюджет туралы» №362-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру туралы» №995, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасына және кейбір судьяларына жоғары біліктілік сыныбын беру туралы» №996, «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №997, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы» №998, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №999 жарлықтарына қол қойды.

## 13 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары төрағаларының, Үкіметі мүшелерінің, облыстары, қалалары мен аудандары әкімдерінің, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары басшыларының және фермерлердің қатысуымен Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің даму мәселелері бойынша республикалық семинар-кеңес өткізді.

Президент экономиканың өзекті мәселелері мен оның алдағы жылдарға арналған басым міндеттеріне назар аударды: «...Біріншіден, басқарудың әрбір деңгейінде, ол бүтін мемлекет не облыс болса да, өз мүмкіндіктерін мұқият таразылай отырып, өсім қарқынын болжамдағыдан да артық қамтамасыз етуі қажет. Осы көрсеткіштен көбінесе Үкіметтің де, облыс әкімдерінің де қызметі көрінетін болады.

... Екінші міндет біріншісінен туындайды. Бұл мемлекеттік, жеке меншік, отандық және шетелдік инвестициялардың өсу қарқыны. Бұл тұрғыда Үкімет пен әкімдерге көп жұмыс атқару қажет болады.

... Үшіншіден, ауылды жерлерде ғана емес, жалпы бүтін ел бойынша әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруда күш жинау.

... Төртінші міндет шағын және орта бизнеске қатысты. Ол қыркүйек айында қойылған болатын, ал оның орындалуына баға келер жылдың күзінде берілетін болады.

... Бесіншіден, келер жылы жергілікті өзін-өзі басқаруды кеңейту, әлеуметтік-экономикалық даму және басқару міндеттерін тікелей жергілікті жерлерге ауыстыру міндеттерін іс жүзінде іске асыру бойынша ауқымды дайындық жұмыстарын жүргізу қажет...».



Мемлекет басшысы «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №1000, «Д.Ә. Бердалиевке II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1001 жарлықтарына қол қойды.

## 14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Тәуелсіздік күніне орай қазақстандықтардың үлкен бір тобына Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Президент қолынан марапатталғандардың қатарында «Отан» орденін «Өскемен титан-магний комбинаты» ААҚ Президенті Б.М. Шаяхметов; III дәрежелі «Барыс»

орденін Алматы облысының әкімі Ш.Қ. Құлмаханов; «Парасат» орденін Премьер-министрдің орынбасары — Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімов, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары С.С. Қалмырзаев және ақын Т. Әбдірахманова алды.

Н.Ә. Назарбаев марапатталғандарды құттықтап, олар бұдан кейін де Отанға абыройлы қызмет атқаратынына сенім білдірді.



1



2



3



4



5



6



«Отан» ордені (1 сурет) 1993 жылы бекітілген. Онымен мемлекеттік және қоғамдық қызметте айрықша еңбек еткен, экономиканы, әлеуметтік саланы дамытуға, ғылым мен мәдениетке, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметке, демократия мен әлеуметтік прогреске айрықша үлес қосқан азаматтар марапатталады.

«Барыс» ордені 1999 жылы үш дәрежелі болып бекітілді. I, II, III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі.

I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан (2-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (3-сурет), II дәрежелі «Барыс» ордені тақтасашындағы белгіден (4-сурет), III дәрежелі «Барыс» ордені мойынға асатын лентадағы белгіден (5-сурет) тұрады.

«Парасат» ордені (6 сурет) 1993 жылы белгіленді. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградалады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

## 15 желтоқсан

Мемлекет басшысы елордада «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» ЖАҚ-тың жаңа кеңсесінің және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің Әскери және арнайы дайындық орталығының ашылу рәсіміне қатысты.



## 17 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ага Хан Қорының Президенті, шеіт мұсылмандарының мұрагер имамы К. Ага Хан ханзаданы қабылдады және оған халықтар арасындағы достық пен бейбітшілікті нығайту ісіне қосқан үлесі, гуманитарлық мәселелерді шешудегі белсенді қызметі үшін Дүниежүзілік мемлекеттік сыйлығы және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы лауреатының дипломын, куәлігі мен төсбелгісін табыс етті.



*Ага Хан Қоры әлеуметтік, экономикалық даму және мәдениет салаларының жобаларына қолдау көрсетеді. Қазақстанда Ага Хан Қорының қолдауымен БҰҰ есірткіге бақылау жүргізу бағдарламасының және Семей полигонын оңалтудың жобалары іске асырылды. 2000 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Исмаил имамдығы арасында Орталық Азия Университетін ашу туралы шартқа қол қойылды. Университеттің негізгі миссиясы — ауылды және таулы жерлерде тұратын жастардың білім алуына мүмкіндік беру, сондай-ақ Орталық Азиядағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу болып табылады.*

Сол күні Мемлекет басшысы Атырау облысына жұмыс сапарымен аттанды.

## 18 желтоқсан

Мемлекет басшысы Атырау облысына жұмыс сапары барысында Атырау қаласында өткен шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесуде машина жасау саласын және өңдеу өнеркәсібін дамытудың маңыздылығын, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болатындай өнімдерді шығару қажеттігін мәлімдеді.

«Agir KCO» компаниясы Н.Ә. Назарбаевқа Қашаған кен орнын игеру бағдарламасын ұсынды. Алғашқы мұнайды 2005 жылға қарай алуды көздеп отыр, ал 2014 жылға мұнай өндіруді жылына 60 млн. баррельге дейін жеткізу жоспарлануда.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен аттанып, онда ресейлік БАҚ жетекшілерімен — «Известия» газетінің бас редакторы М.М. Кожокинмен, «Комсомольская правда» газетінің бас редакторы В.Н. Сунгоркинмен, «ИТАР-ТАСС» бас директоры В.Н. Игнатенкомен және басқаларымен кездесті.

Өңгіме барысында Қазақстан-Ресей экономикалық ынтымақтастығы мәселелері, ТМД елдерін ықпалдастыру, келер Ресейдегі Қазақстан жылының бағдарламасы сөз болды.

## 19 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Мәскеу түбіндегі Королев қаласында орналасқан Ұшуды басқару орталығына барды.

Президент Ресей ғарыш-авиациялық агенттігінің (Росавиакосмос) бас директоры Ю.Н. Коптевпен бірге 15 жыл бойы «Мир» ғарыш станциясымен басқарылған залда болды, бірінші қазақ ғарышкері Т.О. Әубәкіровтің 1991 жылғы 2 қазандағы ұшуы туралы фильмді тамашалады.

Н.Ә. Назарбаев халықаралық ғарыш станциясының экипажымен тікелей ғарыштық байланыс сеансына қатысып, ғарышкерлер Н. Бударин және К. Бауэрсокс-пен сөйлесті.

Сондай-ақ Президент «Энергия» зымыранды-ғарыштық корпорациясына барып, кәсіпорын басшылығымен кездесті.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-ресейлік қатынастар, халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылады, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, АӨСШК аясындағы ынтымақтастықты дамытудың келешегі туралы пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша екі мемлекеттің басшылары 2003 жылды Ресейдегі Қазақстан жылы деп жариялау туралы шешім қабылдады.

## 21 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №363-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Алматы қаласының шекарасын өзгерту туралы» №1003 Жарлығына қол қойды.

## 22 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен аттанды.



## 23 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапар барысында осы елдің астанасы Бейжің қаласында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастардың толық спектрі бойынша, сондай-ақ халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу өтті.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жақсы көршілестік қатынас, достық және ынтымақтастық туралы шартқа, сондай-ақ терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы; қауіпті әскери әрекеттерді тоқтату туралы; екі елдің ауыл шаруашылығы министрліктерінің шегірткеге және басқа да ауылшаруашылық зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте өзара ынтымақтастығы туралы келісімдерге қол қойылды.



Сол күні Мемлекет басшысы ҚХР-дағы Қазақстан Республикасының елшілігіне барды, онда қытай тілінде шығарылған «Бейбітшілік кіндігі» кітабының тұсаукесері өтті.

Тұсаукесер рәсімінде сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев кітапта Қазақстан тағдырындағы күрделі, қайғылы және тарихи ұлылыққа толы беттерін ой елегінен өткізуге мүмкіндік берілетінін айрықша атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Қытай профессорлары Ван Денцю және Ван Чанмаоға кітапты қытай тіліне аударғаны үшін, сондай-ақ «Испат-Кармет» ААҚ басшылары мен гонконгтік бизнесмен Вон Севқа кітап шығаруға жәрдемдескені үшін шын жүректен алғысын білдірді.

«Бейбітшілік кіндігі» кітабының тұсаукесер рәсіміне Үкімет мүшелері, министрлер, Қазақстан Республикасы ұлттық компанияларының басшылары, Қытайдың заң шығарушы және атқарушы билік органдарының басшылары, қытайлық және гонконгтік бизнесмендер, ғылым және шығармашылық зиялы қауымының және ҚХР-дағы қазақ диаспорасының өкілдері қатысты.



## 24 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапар барысында ҚХР Мемлекеттік



кеңесі Премьерінің орынбасары Ли Ланьцинмен бірге Бейжің университетіне барды.

Университеттің студенттері мен оқытушылары алдында сөз сөйлей келе, Н.Ә. Назарбаев оның қызметін жоғары бағалағаны үшін сенім білдіріп: «... Менің сіздердің тамаша елдеріңізге бірінші келуім емес. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің шақыруы бойынша мемлекеттік сапармен тағы да қуана келіп отырмын және біздің елдер арасындағы достық қатынастар қарқынды және табысты дамып келе жатқанын бірден атап өткім келеді», — деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының Тұрақты комитетінің төрағасы Ли Пэнмен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын одан әрі нығайтудың келешегі жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы ақпараттық және консалтингілік қызмет көрсету есебінен екі елдің сауда-экономикалық байланыстарын нығайтуға жәрдемдесетін Бейжің қаласындағы Қазақстан-Қытай ақпараттық-консалтингілік орталығының ашылуына қатысты.

Президент орталықтың құрылтайшы-компанияларының басшылары: «Бипек-Авто» ЖАҚ Бас директоры А. Балушкинмен, «Испат-Кармет» ААҚ Бас директоры Н. Чаудхаримен, «Интеграция-China» ЖСШ Бас директоры Н. Терещенкомен, «Mintemals steel» компаниясының Бас директоры Сюй Сывзмен, «Dinli» Корпорациясы басқармасының төрағасы Сюй Минцзинмен, «Чжунши» Халықаралық Қытай сауда-өнеркәсіптік корпорациясының президенті Ван Тяньмен кездесті.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-Қытай іскерлік форумының жұмысына қатысты. Оған қатысушылардың алдында сөз сөйлей отырып, Президент біздің елдер арасындағы тауар айналымының өсуіне қарамастан, қарым-қатынас жасаудың пайдаланылмаған әлеуеті бар, екі ел бизнесмендері арасындағы тікелей байланыстардың жоқтығы сезіледі деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бас хатшысы Ху Цзиньтаомен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев Ху Цзиньтаоны бас хатшы қызметіне сайлануымен құттықтап, соңғы жылдары Қытайда болып жатқан оң өзгерістер Қазақстан үшін үлгі боларлықтай екенін айтты.

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің премьері Чжу Жунцзымен кездесті.

Кездесу барысында тараптар экономиканың әртүрлі салалары, сауда және гуманитарлық салалардағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын дамытудың жағдайы мен келешегі туралы пікір алмасты.

## 26 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласында дәстүрлі түрде өткізілетін жаңа жылдық Президенттік шырша думанына қатысты.

Елдің басты шыршасына Қазақстанның әртүрлі қалалары мен облыстарынан оқу озаттары, халықаралық фестивальдар мен чемпионаттардың жеңімпаздары, конкурстардың лауреаттары — барлығы 200 бала қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №364-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржылық ынтымақтастық туралы келісімді (2000 ж.) бекіту туралы» №365-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржылық ынтымақтастық туралы келісімді (1998–1999 ж.ж.) бекіту туралы» №366-II, «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенцияны (182-конвенция) бекіту туралы» №367-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы 2002 жылғы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы» №1004 Жарлығына қол қойды.

## 27 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ОАЫҒ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.



Ресей Федерациясы, Түрік Республикасы және Украина өкілдері кездесуге бақылаушылар ретінде қатысты.

Мемлекет басшылары өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Орталық Азиядағы ықпалдастық үдерістерін күшейту мәселелері бойынша Душанбе қаласында өткен алдыңғы саммитте қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалу барысын талқылады.



*«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы (ОАЫ) — халықаралық өңірлік ұйым.*

*2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында ОАЫ құру туралы шартқа қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылып, қазірде таратылған «Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы» (ОАЭҚ) ұйымының құқығын қабылдаушысы болды. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан енді.*

*2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.*

*Мемлекет басшылары мен премьер-министрлерінің кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ұлттық үйлестірушілер комитеті және қауіпсіздік қызметі мен күш құрылымдары басшыларының тұрақты кеңесі ОАЫ органдары болып табылады.*

*2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ-ны ЕурАзЭҚ-қа қосу туралы шешім қабылданды.*

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа қоғамдастығы комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы меморандумды бекіту туралы» №368-ІІ Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Оңтүстік Қазақстан облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1005 Жарлығына қол қойды.

## 28 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге көптеген адам шығындарына әкелген Грозный қаласында орын алған қайғылы оқиғаларға байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтем жасау туралы» №1006, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1007, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1008 жарлықтарына қол қойды.

## 29 желтоқсан

Мемлекет басшысы бірқатар мемлекеттік БАҚ өкілдерімен кездесіп, оларға елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары туралы айтты, сондай-ақ өтіп бара жатқан жылдың қоғамдық-саяси оқиғаларының ең маңыздыларына баға берді.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының әдебиет, өнер және сәулет өнері салаларының өкілдері М.Қ. Айтқожаға, Ә.У. Әшімовке (Тарази), Ұ. Есдәулетке, Н.М. Оразалинге, И. Оразбаевке, З. Серікқалиға, Ж.Ж. Әубәкіроваға, Р.С. Андриасянға, И. Лебсакқа, В.И. Кужельге, Ю.Н. Капустинге, С.Р. Погосянға және А. Түзелхановқа Мемлекеттік сыйлықтарды табыстады.

Н.Ә. Назарбаев дипломанттарды еңбектерінің жоғары бағалануымен құттықтап, оларға шығармашылық жолындағы жаңа табыстарға жетуге тілектестік білдірді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №369-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы №188 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №1009, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» №1010 жарлықтарына қол қойды.

## 30 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Думан» ойын-сауық орталығын аралап көрді.

## 31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан жаңа 2003 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

# ҚОСЫМШАЛАР

## Қазақстанның облыс, қалалары және аудандары әкімдерімен кеңесінде сөйлеген сөзі

Астана қаласы, 2002 жылдың 25 қаңтары

### Қадірлі депутаттар! Құрметті әріптестер!

Бүгінгі бас қосу — біздердің биылғы жаңа жылдағы бірінші мәжілісіміз. Әдетте, өзімізде қалыптасқан дәстүр бойынша, жыл басында жүздесіп, өткеніміз бен алдағы күндерімізге бағыт-бағдар жасап алу — болашақ жаңа істердің негізгі міндеттерін көрсетпек.

Барлық проблемалар, әсіресе халықтың талап-тілектері мен өтініштері, арыз-шағымдары дер кезінде қаралып және олар жұртшылықтың назарына беріліп, лауазымды адамдар нақты жауап беріп отырулары тиіс.

Қоғамда қазіргі таңда орын алып отырған, әр түрлі ойлар мен пайымдауларға жетелейтін бұл әңгімелер нақты назар аударып, салқын ақыл, сарабал пайыммен қарауға шақырады.

Бүгін осы жерде баршамыз бас қосып, еліміздің алдында тұрған аса зор міндеттерді, халықтың көкейін күмән мен күдікке алдырған мәселелерді ашық талқылауға міндеттіміз.

### Уважаемые участники совещания!

Мы нечасто встречаемся в таком представительном составе — руководство и члены Парламента, Правительства, правоохранительных органов, Администрации Президента, акимы, — словом, здесь основной костяк нашего государства, все те, от кого в основном зависит положение дел в стране. Такие совещания надо проводить чаще, чтобы они стали своего рода государственным советом по решению основных проблем страны.

Итоги ушедшего года, в экономическом плане, неплохие. Мы подтянули многие кризисные участки, закрепили тенденцию роста экономики. Восстановили многие предприятия, создали новые рабочие места. Неплохо поработали над благоустройством городов, районных центров и сел.

Серьезно занялись импортозамещением. В основном вернули людям социальные задолженности, повысили заработные платы и пенсии. Растут золотовалютные резервы страны. Казахстан лидирует по реформам среди всех государств СНГ.

Исполнительная власть поработала неплохо. Промышленный рост ожидаем на уровне 13%. И, тем не менее, никогда нельзя успокаиваться на достигнутом. Сейчас важно определиться с нашими главными проблемами и задачами на 2002 год.

О них в общих чертах было сказано в моем Послании народу и докладе, посвященном 10-летию независимости нашей страны. Сегодня поговорим конкретнее.

Первое. Правительству необходимо усилить внимание вопросам более глубокой переработки сырья, увеличения добавочной стоимости. Надо развивать нефтехимию, прокат, изделия из металлов, пищевую промышленность. На это нацелены все компании, работающие в стране.

В последние годы идет хороший процесс технического перевооружения производства, возвращения в строй наших промышленных предприятий и цехов, созда-

ния рабочих мест, закрепления людей на производстве. Мы улучшаем свои позиции и в горнодобывающем, традиционном для нас секторе экономики.

В решении этой крупной задачи все более важную роль должны занимать глубокий экономический анализ и планирование, четко поставленная система и иерархия концепций и программ, и четкое ответственное исполнение.

Надо серьезно, обдуманно и нестандартно подойти к политике импортозамещения. Это особенно касается нефтегазового комплекса, и, прежде всего 3 проектов — ТШО, ОКИОК и Карачаганак. Надо сделать все возможное, чтобы миллиарды долларов приходящих сюда инвестиций оставались в экономике страны в виде новых и модернизированных заводов по нефтехимии, нефтегазовому машиностроению, промышленности строительных материалов.

Сюда должны быть стянуты лучшие интеллектуальные силы, созданы все необходимые структуры, чтобы эта работа шла на постоянной основе при мощной политической поддержке и сильной координации работы Правительства и акимов.

Необходимо приложить дополнительные усилия для импортозамещения в пищевой промышленности, а также готовиться и к более агрессивному освоению близлежащих рынков.

Второе. Параллельно с этим надо развивать инфраструктуру и соответствующие отрасли — транспортную, коммуникационную, финансовый сектор, геологоразведку, производство удобрений, стройматериалов, машин и оборудования.

На этот счет есть программы, но нужна современная работа.

Оның ерекшелігі мынада: біріншіден, мен әр жылды белгілі-бір салаға немесе қызметтің бағытына арнау тәжірибесінен бас тартып, басымдықтарды үш жылдық мерзімге белгілеуге көшуді ұсынар едім.

Екіншіден, Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы тұңғыш рет бюджет атқарылғаннан кейін емес, бюджетті қалыптастыру барысында жария етіліп отыр.



Алдағы кезеңді, яғни 2003–2005 жылдарды ауылды (селоны) түлетуге арнау үшін көптеген себептер бар. Менің Жолдауым да, міне, нақ осы мәселеге арналып отыр. Кеңестік экономиканың кембағалдығынан зардап шеккен де нақ сол ауыл

шаруашылығы, ең алдымен дәл сол ауыл еңбеккерлері, нарыққа көшу кезеңінде оның залалын жон терісімен сезінген де солар.

Ауыл дегеніміз — сайып келгенде, халықтың тұрмыс салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары. Осынау саяси-моральдық және әлеуметтік факторлардың өзі-ақ бізден ауылға барынша байсалды қарауымызды талап етеді. Кез келген революциялық сілкіністер кезінде ауырсындыратын өзгерістер ауырталпығының ауылға түсетіні мәлім, әрі мұны тарих та дәлелдеп отыр. Мұны Қазақстан да бастан кешті.

Біз кез келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз. Бәрінен бұрын тұрақтылық пен байсалды эволюциялық дамуға нақ осы жұрттың ықыласты екені де аян. Тәуелсіздік пен қуатты мемлекет мұраттарын айрықша қастерлеп, терең сезінетін де осы жұрт, өйткені оның қаны мен жанында бабаларымыздың арманы мен үміті қаттаулы қалпында жатыр.

Сонымен қатар, таза экономикалық себептер де бар. Экономикамыздың ішкі құрылымын, таяу және шеткері жатқан рыноктарды мұқият саралау Қазақстанның агроөнеркәсіптік мамандануын тереңдету хақында зерделеп ойлануға жетелейді. Мұның өзі таңданарлық жәйт, бірақ шындық: бізге таяу және шалғай жатқан рыноктардың бәрі де астық пен етке зәру. Алайда Қазақстанның азық-түлігі солардан өзіне орын таба алмай тұр, өйткені сапасы төмен әрі шығасысы жоғары, сондай-ақ оған көрсетіліп отырған мемлекеттік және дипломатиялық қолдау да әлсіз. Ол — ол ма, ішкі рыногымыз өзінің бірқатар тұғырлары турасында сырттан азық-түлік тасып әкелудің үдей түсуінен ұтылысқа ұшырай бастады.

Елімізде қуатты ауыл шаруашылығы секторы болуының айрықша маңызы бар, мұның өзі оған ілесе жүретін салаларды: минерал тыңайтқыштар, ауылшаруашылық машиналарын жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, оның ар жағында технологиялық желі бойынша басқа да салаларды мықтап көтеруге мүмкіндік берер еді. Демек, мұның ел экономикасы үшін беретін сан алуан тиімділігі орасан зор. Біздің ауылға деген ерекше көзқарасымыздың демографиялық, көші-қон және әлеуметтік астарлары жөнінде айтпау да мүмкін емес. Ауылдық жерлерге адамдарды қоныстандыру Қазақстанда тарихи тұрғыда, әсіресе, әміршіл экономика кезеңінде нарық экономикасы жағынан да, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық пайым жағынан да барынша сәтсіз жүргізілгенін айтқан жөн. Соның салдарынан көптеген ауылдық аудандарда тоқыраушылық экономика тамыр тартты. Жерінің сапасы жағынан, сондай-ақ табиғи және әлеуметтік өлшемдері жағынан алғанда да миллионға жуық адам өзіндік жетімділіктің ең төменгі қалыптары жағдайында өмір сүріп жатқанын еш бүкпесіз тілге тиек етуге болады. Біздің мынадай бір ерекшелікті барынша байыпты екшеуіміз керек.

Қазақстанда ауыл жұрты 43 процентті құрайды. Ауыл жұртының көптігінен аудандардың көпшілігінде жұмыссыздық дендеді, ал мұның өзі ауылдағы еңбек рыноктарын әлсіретеді, сөйтіп оны елдегі ең төмен деңгейге дейін арзандатады. Соның салдарынан ауыл жұрты аудан орталықтары мен қалаларға жаппай көше бастады. Айталық, 2000–2001 жылдары келешегі күмәнді, сол себепті адамдар тастап кеткен 186 мекен тарады, биыл тағы да сондай 93 мекен таратылатын сыңайлы. Бұл құбылысқа өзіміз де, өзге жұрт та қаншама тосырқай қарағанмен, оны объективті процесс ретінде пайымдағанымыз дұрыс. Мәселе мұның атқарушы биліктің ырқынан тыс, стихиялық сипатта жүруінде ғана болып отыр. Он жыл ішінде біз

экономикадағы тұғыры тұрлаулы мемлекет ретінде аяғымызға нық тұрдық. Ендеше жеткен биігіміз бен жинақтаған тәжірибемізге сүйеніп, ауылдағы ағайынымызға өмірдің жаңа сапасына жетуіне қол үшін беретін уақыт туды.

Менің нақты ұсыныстарым қандай?

Бірінші. Біздің бәріміз алдымен ауылға (селоға) қолдау көрсету дегеніміз кез келгенді және көрінгенді оңды-солды мемлекеттік қаржыландыруға келіп тіреліп тұрмағанын мықтап ұғынып алуымыз керек. Біз бәз баяғыдай масылдық және мемлекеттік бйек болушылық тәжірибесін қайта түлете алмаймыз және олай істемейміз. Алдағы уақытта да адамның өзі үшін және өзінің отбасы үшін ырзығын теруіне қажетті жағдай туғызу бағытын нысаналы жүргізу керек, жұмыс істей білетін, өзінің еңбексүйгіштігін көрсеткен адамдарға қолдау көрсету керек. Мемлекеттің халықтың және оның болашағының алдындағы жауапкершілігі де, міне, осында жатыр. Мемлекеттің бүкіл қаржы-экономикалық, соның ішінде әлеуметтік және ауыл шаруашылығы саясаты саралау арқылы адамның тіршілігі мен нарықтық қатынастардың іске қосылуы тұрғысынан келешегі бар аумақтарға бағытталуы керек.

Екінші. Мен Үкіметке ауылдық аумақтардың тұрғындарын келешегі болатындай етіп қоныстандыру үлгісін жасауды тапсырамын. Тұралауға ұшыраған бірсыпыра шағын қалалардың тағдырын да жалтақтамай шешу қажет. Елімізге ішкі көші-қонды келешегі бұлдыр өңірлерден дамып келе жатқан аудан орталықтары мен шағын қалаларға қарай ойыстыруды көтермелейтін мемлекеттік саясат қажет.

Әлбетте, бұл саясат көші-қон легін жоспарлау мен басқару, қоныс аударушыларды жермен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мамандықтарға бейімдеу мәселелерін ескеруі шарт. Барлық адамдардың экологиялық таза ортада өмір сүруге, жақсы әлеуметтік қызмет көруге ұмтылатыны белгілі. Бұл ниетті қолдау керек. Шұрайлы жері, іргесінде өнім өткізу рыноктары, қолайлы көлік желілері бар өңірлерде ауылдың қалыпты тіршілік етуге жағдайы толық екені айдан анық. Ауыл шаруашылығы министрлігіне аумақтық істер жөнінде қосымша уәзіпалар беру мәселесінің де пісуі жетті.

Үшінші. Мен Үкіметтің алдына барынша қысқа мерзімнің ішінде Қазақстан агроөнеркәсіп кешенін дамытудың үшжылдық президенттік бағдарламасын әзірлеу міндетін қоямын. Сонда бұл бағдарламаны қандай көздерден және қандай шарттармен қаншалықты шамада қаржыландыруға болатыны анықталады. Біздің еліміз әлемдік және өңірлік дәстүрлі азық-түлік өнімдерін беруші болып келді және болып қалуға, ал агроөнеркәсіп кешенінің өзі еліміздің экономикалық өрлеуінің, сауда және төлем балансын жақсартудың қосымша қайнары болуға тиіс. Біз осыған жету үшін барлық күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек.

Ауылды өркендетудің басты факторы агроөнеркәсіп кешенін тұрлаулы әрі серпінді дамыту және оның экономикасын осы заманғы нарық қағидаттары негізінде шапшаң ілгерілету болып қала береді. Бұл мәселенің мынадай тұтқалы тұстарын атар едім. Заңында экономикалық және, ең әуелі, жер мен су қатынастары реформаларын байыбына жеткізу шарт.

Жуырда қабылданған Жер туралы заңның елімізді өркениетті нарыққа қарай ілгерілете алмағанын мойындауымыз керек. Ендеше бірлесе жүріп жіберген қателігімізді тез арада бірлесіп түзейік, осы заңды сындарлы қалыпқа келтірейік. Бұл заңның түпкі мәні өміршең маңызы бар: «Ауыл шаруашылығы жеріне жеке

меншік керек пе?» дейтін сауалға қайтаратын жауабы болуға тиіс. Осы сұрақтың жауабын іздегенде біз, әдетте, жерді сату — «Отанды сату» дейтін тоғышарлық тұжырымға ойыса береміз, ал жерге деген меншіктің шаруаның ендігі жерде өз жерін ешкімнің алып қоймайтынына деген сенімі мен үміті екенін ескере бермейміз. Керек десеңіз, жерге деген меншік — оны абаттандыруға, өз балаларына шұрайлы қалпында мирас етуге деген ынта-ықылас. Иесіз жер жетім. Экологиялық апатқа алдымен ұшырайтын да сол иесіз жер. Қазақстан жағдайында жерді нарық айналысына қосу дегеніміз — пайдаланылмай жатқан орасан зор ресурстарды экономикаға қосу деген сөз. Парламенттің дәл осы құрамының «Жерге жеке меншік туралы» заңды қабылдау арқылы өзінің осынау тарихи парызын орындайтынына сенемін. Үкіметке басқа елдердің тәжірибесін зерделеп, «қолдаймын» мен «қарсымынды» қатар таразыға тарта келіп, осы заңның жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуді тапсырамын.

Сайып келгенде, су қатынастарында да тәртіп орнататын кез жетті, мұнда да ұйымдық-құқықтық былық жетіп жатыр. Гидромелиорациялық құрылғыларды жаңалаудың әбден толғағы жеткен түйіндерін де дәйекті түрде шешу керек.

Егіншілік пен мал шаруашылығында экспортқа және ішкі ірі мемлекеттік сатып алымдарға бағдарланған орта және ірі тауарлы өндірістер ұйымдастыруға кірісу керек, бұған экономикалық шараларды кіріктіру қажет.

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің жедел өсімін және өзіндік құнның төмендеуін қамтамасыз ету үшін қайтарымды, бірақ жеңілдікті негізде мемлекеттік жәрдем көрсеткен тиімді.

Экономикалық тәсілдер арқылы шаруаларды осы заманғы агротехнологияларды енгізуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату салаларын дамытуға бағдарлаудың, сөйтіп қазақстандық өнім өндірушіге, жоқ дегенде, көрші елдерге тең келетіндей экономикалық жағдайлар туғызудың маңызы зор. Өнім сапасына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтіп, едәуір жақсарта түсетін уақыт туды. Үкімет малдәрігерлік және санитарлық қадағалау, мал мен өсімдік дерттеріне қарсы күрес жүйесін тәртіпке келтіруге, стандарттар мен технологиялық нормаларға қатысты жұмысты күшейтуге, сөйтіп оларды жедел әрі дәйекті түрде әлемдік шарттарға жақындата түсуге тиіс. Ауылды ғылыми және ақпараттық қамтуды қалпына келтіру керек. Ауылшарминінің жүйесінде ауылшаруашылық институттары жұмыс істеуге тиіс, ал Статистика жөніндегі агенттіктің бастапқы ақпарат мәселесімен мықтап шұғылдануы керек. Барлық деңгейдегі әкімдерге келсек, олар ақпараттық маркетинг жүйесін өрістетуге жәрдемдесуге тиіс, әзірге мұндай жүйе 36 ауданда ғана жұмыс істеп тұр.

Үкіметтің сыртқы өткерім рыноктарын кеңейту жөнінде тиімді шаралар қолдануы шарт. Сыртқы рыноктарға шығатын көлік жолдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс та көңіл көншітерлік емес, сондай-ақ сауда жолдарының бойындағы басы артық тарифтік және тарифтік емес жүктемелер де қиындық туғызып тұр. Ауылға несие және қаржы қызметін көрсететін түрлі шағын несиелеу және өзара несиелеу институттары түріндегі неғұрлым көп тарамды қаржы желісі де қат.

Ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандырумен де ден қоя шұғылдану қажет. Үкіметтің сыртқы займдардың, әсіресе, халықаралық банктер желісі бойынша түскендерінің едәуір бөлігін жеңілдікті және үйлесімді негізде ауыл шаруашылығына бағыттау жөніндегі бүгінгі іс-тәжірибесінен жазбағаны жөн.

Лизинг орталықтарының, несие серіктестіктерінің мүмкіндіктерін күшейте беру міндеті де алда тұр.

Төртінші. Мен Үкіметке әлеуметтік салаға ерекше назар аударуды тапсырдым. Мұнда ауылға қатысты жаңа саясат маңызды орын алуға тиіс. Бұл — келешегі кемел өңірлерді өркендету саясаты, әлбетте мұның қаржымен жете қамтуды қажетсінетіні белгілі. Ең алдымен, біздің шаруаға кедергі келтірмеуіміз керек, оған өз шаруашылығын көтеруге еркіндік беріп, несие алуына, консалтинг жөнінде, өнімін сатуына жәрдемдесуіміз керек. Осы үш жылдың бюджеті ауыл үшін басымдықты сипатта болуға тиіс. Әлеуметтік салаға жұмсалатын қаражатта алдымен ауыл тұруға: бәрінен бұрын, ауылға арналған жолдар мен сутартқыштар тұруға; бәрінен бұрын, ауыл мұқтажын өтейтін ауруханалар тұруға; бәрінен бұрын ауылға арналған мектептер тұруға тиіс.

Мен Үкімет пен әкімдерге 2003–2005 жылдардың ішінде жыл сайын ауылда білім беруді, денсаулық сақтауды қаржыландыру әрі ауыз суға арналған әрі облысаралық және ауданаралық ауылдық автомобиль жолдарын салу мен жаңалауға арналған қаражат көлемін 10 млрд. теңгеге ұлғайтуды тапсырамын. Алайда, бұл қаражат ақылмен жұмсалуға тиіс, айталық, жадап-жүдеп, жұрты азайып кеткен жерлерде жаңадан мектептер салудың қажеті бар ма? Мұндай жағдайларда келешегі бар аудандарда мектеп-интернаттар салып, балаларды сонда ауыстырған жөн болмақ. Мұның осы заманғы ауруханаларға да қатысы бар.

Сонымен қатар, жалпы алғанда 2003 жылдан бастап, жыл сайын ауыл шаруашылығын дамытуға қосымша 8-10 млрд. теңге қарастырып отырған дұрыс. Мен білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді стратегиялық міндет санаймын. Еліміз үшін мұғалім мәртебесін арттыру, ең алдымен, ауылды жерде арттыру ең бір өзекті мәселе. Бірінші кезекте мұғалім еңбегіне ақы төлеу мәселесін шешу шарт. Биылдың өзінде мұғалімдердің жалақысын бұрын жоспарланғандай 25 пайызға емес, 30 пайыздан астамға ұлғайту мүмкіндігі бар деп санаймын. Үкіметке және әкімдерге бұл үшін қажетті қаржы көздерін табуды тапсырамын.

Бесінші. Көші-қон стратегиясы, әсіресе ауыл мен әлеуметтік салаға ерекше мән беру, тегінде, белгілі бір деңгейде, сірә, бюджетті орталықсыздандыруды талап етуі мүмкін. Дегенмен бұл тұста Үкіметтің де, Парламенттің де ауыл тұрғындарын қоныстандырудың ұтымды үлгісін жасау үшін, мұның өзі ауылдық аудандар мен округтер ауқымында белгілі бір әкімшілік-аумақтық қайта құруларға әкеліп соқпай қоймайтынын ескеріп, салмақтылық пен салиқалылық көрсетулері керек. Енді ең соңғы айтпағым.

Алдағы уақытта меншікті, дәлірек айтқанда, қалаларға ауылдан көшкендер мен ұсақ кәсіпкерлердің жері мен жылжымайтын мүлкін жария ету жөнінде тұтас шаралар кешенін қолдану қажет. Адамдардың осынау тобының меншігі жасырын және жартылай жасырын болып келетініне, әрі тиісінше ресімделмеуіне байланысты, оны капиталға айналдыру, сату немесе кепілге беру мүмкін емес. Сөйтіп, олар ашық есеп жүйесінен де, жаңа экономикалық қатынастар аясынан да тыс қалады. Бұл орасан зор әлеует.

Әлемдік сарапшылардың пайымынша, көптеген кедей елдер қазірдің өзінде ілгері серпіліс жасауға мүмкіндік беретіндей активтер мен ресурстарға ие болып отыр. Біз экономикалық дамудың аралық өңірінде тұрмыз. Экономист сарапшылардың есебі бойынша шағын және орта бизнесті қоса алғанда, экономикалық өсімнің 25-тен

35%-ға пайызға дейінгі активтері мен ресурстары астыртын айналыста жүр. Ендеше оларды нарық айналысына қосу бүкіл еліміздің экономикасы үшін орасан зор тиімділік береді.

Міне, осыған сүйеніп, шағын және орта бизнесті жан-жақты нығайта беру қажет, сол үшін кезең-кезеңімен:

- салық ауыртпалығын азайту;
- меншік пен активтерді жария ету;
- несие ресурстарына жол ашуды жеңілдету;
- әкімшілік ресімдер мен рұқсат беруді оңайлату;
- бюрократиялық бейбастақтық пен бақылау-тексеру органдарынан қорғау;
- шағын және орта бизнесті қолдайтын аймақтық орталықтар құру, маркетингтік зерттеулер жүргізуге, біліктілікті арттыруға, орталықтандырылған бухгалтерия құруға көмектесу сияқты өзекті міндеттерді шешу қажет.

Үкіметке осы мәселелер бойынша арнайы комиссия құруды тапсырамын. Ауылды өркендету жөнінде алға қойылған міндеттерді орындау парызы Үкімет пен әкімдердің бірлесіп, зор жауапкершілікпен жұмыс істеуін талап етеді. Мұның өзі атқарушы билікті бүкіл жүйесі үшін салмақты сын болуға тиіс.

Осы Жолдауда мен ауылдағы біздің жаңа саясатымыздың бір ғана, алайда аса маңызды мәселесіне әдейі ерекше назар аудардым. Демек, Үкімет пен Бюджет комиссиясы келесі жылға тиесілі басымдықтарды тиісінше нақпа-нақ анықтауы керек.

Сонымен қатар мемлекеттік құрылыс пен қоғамды демократияландырудың негізгі бағыттарына байланысты бірқатар мәселелерге тоқталғым келер еді. Орта мерзімді келешекке арналған тиісті шаралардың кешені мақұлданды. Ол негізгі Заңымыздың бұлжымайтынына және конституциялық құрылысымыздың мызғымайтынына негізделеді. Көптеген сарапшылардың, соның ішінде халықаралық сарапшылардың пікіріне сайсақ, Қазақстанның 1995 жылы қабылданған Конституциясы өзінің мәні жөнінен еліміздің даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін демократиялық конституция болып табылады.

Осы Негізгі Заңымыздың әлеуеті көп ретте әлі де толық жүзеге асырылған жоқ. Мен бұл көзқарасты қолдаймын. Біздің халқымызға ең басты керегі — бірлік, ұлтаралық татулық пен саяси тұрақтылық. Мен мұны жақсы білемін.

Демократия — мен сіздерге ұсынған, ал сіздер қабылдаған әрі өз парасатымызбен қалап алған дамуымыздың даңғыл жолы. Біздің баршамыз осы үдерімді одан әрі орнықтыра беру үшін халқымыздың даналығына сүйеніп, тарихи, экономикалық, саяси, этноәлеуметтік факторлар мен қоғамдық пікірді ескере отырып, жұмыс істеуге тиіспіз. Біз негізіне сан ұлттар адамдарының өзара көмегі, ықыласы, ынтымағы, өзара құрмет сезімі қаланған төл мәдениетіміздің құндылықтарын сақтай отырып, байыппен біртіндеп алға жылжи береміз. Бөтен ұсыныстар бізге залалын тигізуі мүмкін.

Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау ісінде мемлекетіміз бен қоғамымыздың күш-жігерін еселей беретін, нақты іс-қимылымызбен орталықтағы, сондай-ақ жер-жерлердегі бюрократиялық жолсыздықтарға қарсы күресетін боламыз. Бізде партиялық саяси құрылысты, ең алдымен оның заңнамалық негіздерін жетілдіруге бағытталған резервтер аз емес. Партиялардың қызметінде саяси экстремизмге жол бермейтін құқылық нормалар енгізу; этностық немесе діни

қауымдастық қағидаттары негіздеріндегі партиялық құрылысқа ырық бермеу; олардың қызметінің қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету сияқты мәселелер баяғыда пісіп-жетілді. Бұл ретте мен депутаттар тобының партиялық заңнаманы өзгерту жөніндегі бастамашылығын қолдаймын.

Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесі мен құқықтары туралы заңның әзірленуіне Үкіметтің өзі ұйытқы болуға тиіс. Біз мемлекеттік құрылысты жетілдіру, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін өзі басқаруды дамыту, сот пен сайлау жүйесін жақсарту жөніндегі жұмысты алдағы уақытта да табанды әрі жігерлі жүргізетін боламыз.

Менің тапсыруым бойынша Үкімет Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеп жатыр. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік уәзипалардың, басқару деңгейлері бойынша оларды ажыратудың оңтайлы тізбесінің жобасы әзірленеді. Бұл құжат 2004 жылдың басында-ақ мемлекеттік әкімшілік жүргізудің жаңа қағидаттарына және бюджетаралық қатынастардың тиісті үлгісіне көшудің іргелік шарттарын жасауға негіз болады. Мұнда өкілеттіктер мен жауапкершіліктің бір бөлегін орталықтан өңірлерге беру мәселелерін шешу қажет. Сонда биліктің өзінің құрылымы да айқындалып, әрі басшыны қай жерде сайлау, қай жерде тағайындау керек екені анық болып шығады.

Тұжырымдама міндеттерінің бірі — ауылдық басқару деңгейінде мемлекеттік биліктің нағыз өтімді институттарын қалыптастыру. Ауылдық жерлерде биліктің белгілі бір босандығы білініп жүр. Жер-жерлердегі әкімдердің қолында жеткілікті өкілеттіктер, ал ең бастысы қаржы ресурстары жоқ. Сондықтан Үкімет және облыстар әкімдері төменгі буындарда ұтымды мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға тиіс.

Биылғы тамыз айында ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі тәжірибеге мұқият талдау жасалып, соның негізінде халықтың осы санаттағы басшыларды сайлауының тиімділігі хақында шешім қабылданады. Сонымен бір мезгілде бізде басқарудың қанша деңгейі болуы керек екенін анықтап алу керек. Мемлекеттік басқарудың барлық негіз қалайтын қағидаттарын айқындап алғаннан кейін ғана жергілікті өзін өзі басқарудың үлгісі мен заңына құлық қоюға болады. Биыл Мемлекеттік қызмет туралы заңға да елеулі өзгерістер енгізіледі.

Бұл — мемлекеттік қызмет сатылары бойынша жылжудың конкурстық жүйесінен мансаптық жүйесіне көшу, сондай-ақ қолданылып жүрген заңда орын алған қиғаштықтардан арылу.

Соттар саласындағы кадр саясатын жетілдіру мен судьялар қатарындағы сыбайластықты шектеу, құқық қорғау тетігіндегі адвокатураның рөлін күшейту жөнінде шаралар қолданылады. Биылғы жылдың соңына қарай алқабилер (присяжные заседатели) институтын енгізу тұжырымдамасы әзірленеді. Ендігі жерде өлім жазасына кесу үкімін кідіртуді енгізуден бастап, оны толық мансұқ етуге дейінгі мәселені де мұқият зерделеу қажет. Бұл үшін қажетті жағдайлар туғызу керек екенін түсінем. Мұның өзі қаржыландыру мен уақытты талап етеді. Бұл жайында қоғамымызда да сан түрлі пікір бар. Алайда бұл мәселені шешуді қолға алу керек. Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жетілдіру жөнінде де бірқатар шаралар белгіленіп отыр. Таяу уақытта радиожиліліктерін бөлу жөніндегі тендерлік комиссияның құрамы қайта қаралып, кеңейтілетін, оның құрамына



жұртшылық өкілдері енгізілетін болады. Қазіргі кезде Мемлекет басшысының жанында ақпарат саясаты жөніндегі қоғамдық кеңес жасақталу үстінде. Өзінің даму барысында біздің мемлекеттілігіміз Парламент өзіне Конституция берген өкілеттіктерді, соның ішінде Үкіметке қатысты өкілеттіктерді барынша толық пайдаланатын шепке сатылап жақындай түсті.

Парламент пен Үкіметтің арасындағы тұрақты диалог, олардың бірлескен заң шығарушылық жұмысы — мемлекеттілікті нығайтудың аса маңызды шарты. Алдағы жылы да күрделі міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олардың қатарында «Үкімет туралы» Конституциялық заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беру тетігін кіргізуді заңнамалық дәйектеу, «Баламалы әскери қызмет туралы» заң жобасын әзірлеу және басқалары тұр.

Сөзімді қорытындылай келе, біздің сыртқы саясатымыз туралы бірқатар принципті қағидаларды ортаға салайын. Біздің халықаралық қатынастарда әуелден-ақ дұрыс бағыт таңдап алғанымызды өмірдің өзі де, іс-тәжірибеміз де қуаттап отыр. Ядролық қарудан бас тарту жөніндегі шешіміміз күні бүгінге дейін қауіпсіздігімізге қызмет етіп, еліміздің беделін биіктетіп келеді.

Қазақстан — кеңестен кейінгі кеңістіктегі барлық елдермен өзінің стратегиялық мүдделеріне нұқсан келтірмей, тұрақты жақсы қатынастар орната білген азын-аулақ мемлекеттердің бірі. Біз алдағы уақытта да Қазақстанның геосаяси орналасуы мен экономикалық әлеуетіне толығымен сай келетін нақ осындай көп бағытты екшенді саясатты жүргізе беретін боламыз. Өйткені, нақ осындай саясат — өзіміздің ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту кілті.

Сонымен бірге біздің Қазақстанның көрші мемлекеттермен қарым-қатынасындағы болжамдылық пен тұрлаулылық тұғырларын нығайта беру үшін бұдан да көп күш-жігер жұмсауымыз міндет. Біздің дипломатия ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы сияқты басымдығы бар ұйымдарды нығайтуға айрықша ден қоюға тиіс. Сонымен қатар біз АҚШ-пен, Батыс Еуропамен және басқа елдермен ынтымақтастықты да дамыта береміз.

Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру жөнінде нақтылы нәтижелерге жетуіміз керек. Мемлекет пен жеке бизнестің сыртқы рыноктарда берік тұғырға орнығуға бағытталатын күш-жігерін ұштастыру арқылы біз өзіміздің сыртқы экономикалық саясатымызды нығайта беруге тиіспіз. Нарық экономикасын жасақтай білген Қазақстан жаһандану үдерімінің ажырағысыз бөлегіне айналды.

Біздің әлемдегі өз орнымызды табуымыз, өз іс-қимылымыздың шығасыға жол бермей, керісінше кіріс түсіруімізге мүмкіндік беретін стратегиясын түзуіміз өте мөте маңызды. Осы орайда Үкімет Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге әзірлік жұмысын барынша ширата түсуге міндетті.

Осы Жолдауда қозғалған мәселелерді өмірдің өзі алдымызға тартып отыр. Олардың көпшілігін менімен кездескен кезде өздеріңіз көтерген едіңіздер, оларды адамдар алдымызға қойып отыр.

Жыл өткен сайын мемлекет пен қоғамның қызметі көбінесе заңдармен реттелетін бола бастады. Сондықтан Парламенттің де, Үкіметтің де осы заңдар бойынша өмір

сүруге тиіс жандармен көбірек кеңескені жөн. Әрине, бәрін бірден шешіп тастау мүмкін емес, сондықтан төзімділік таныту керек, ұсақ-түйекке шашыла бермей, күш-қуатымызды қалап алған басымдықтарымызға жұмылдыруымыз керек.

Біздің, атқарушы және өкілді биліктің халық сайлаған өкілдері ретінде маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу барысында сезім жетегіне ілесіп кетпей, салмақтылық көрсетіп, парасатқа жүгінгеніміз ләзім.

Мен осы Жолдаудың қағидаларын іске асыруда сіздердің қолдауларыңызға үміт артамын.

Ықылас қойғандарыңызға рахмет.

## **АӨСШК-тің I саммитінде сөйлеген сөзі**

*Алматы қаласы, 2002 жылдың 4 маусымы*

**Уважаемые главы государств!**

**Уважаемые руководители и члены делегаций стран мира, руководители международных организаций!**

**Дамы и господа!**

Позвольте выразить всем вам искреннюю признательность за участие в работе Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, которое с сегодняшнего дня становится непреложным фактом, одним из институтов мировой политики.

10 лет назад, участники 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН с пониманием и одобрением отнеслись к моему предложению о созыве постоянно действующего совещания руководителей азиатских государств для обсуждения насущных проблем современности, выработки мер, адекватных вызовам XXI века.

Это понимание основывалось на реалиях, уже обозначившегося тогда нового миропорядка, при котором перспективы устойчивого развития и процветания народов планеты определяются не только глобальными системами безопасности, но во многом и региональными.

Все наши страны стали активными участниками кропотливой, но достаточно динамичной подготовительной работы, завершившейся формированием своеобразного «ядра» этой новой структуры. На данный момент свое твердое намерение участвовать в ее работе подтвердили 16 государств, включая ведущие страны нашего континента.

Я с удовлетворением отмечаю тот факт, что созыв Совещания на высшем уровне поддержали государства, занимающие 90% территории всей Азии. Их население составляет около 3 млрд. человек, то есть половину населения земного шара.

Впечатляет и является весомым фактором глобальной экономики совокупный экономический потенциал азиатских государств. Валовый внутренний продукт стран Азии в долларовом эквиваленте составляет около 13 трлн.

Развивается быстрыми темпами и экономика государств, принимающих участие в работе данного совещания. Наши государства демонстрируют высокую привлекательность для иностранных инвестиций.

Один только Китай за годы реформ смог привлечь более 450 млрд. долларов иностранных инвестиций. Хорошие инвестиционные возможности демонстрируют российский и индийский рынки, другие государства региона. Неплохие позиции имеет и Казахстан.

Государства-участники СВМДА уверенно занимают ведущие позиции в мире по запасам нефти, которые составляют 40% «черного золота» на земном шаре. Поистине огромны транспортно-коммуникационные возможности нашего субконтинента.

Недавний азиатский кризис имел серьезные последствия для экономик азиатских стран, но он не смог подорвать их основы. Азия вновь продемонстрировала свою способность к саморегуляции, восстановлению в сложных условиях глобализации экономических процессов.

Вместе с тем, в современных условиях невозможно с уверенностью говорить об экономическом процветании нашего континента без защитных механизмов, которые могли бы содействовать более безопасному существованию народов Азии.

Поэтому считаю, что данный форум является чрезвычайно важным не только с точки зрения обсуждения насущных политических проблем, но и в плане необходимых гарантий для обеспечения устойчивого экономического роста наших стран.

Безусловно, перед нами стоят чрезвычайно сложные задачи. Азия неоднородна как в политическом, так и в экономическом отношении.

Вероятно, мы столкнемся с более сложными препятствиями, нежели в Европе, при создании институтов безопасности. Хотя свой путь мы проходим вдвое быстрее.

И подписание Алматинского акта вовсе не означает, что уже завтра мы получим структуру, подобную ОБСЕ. Впереди у нас большая политико-дипломатическая напряженная работа по сближению долгосрочных, зачастую не совпадающих интересов азиатских стран, созданию договорно-правовой базы.

В то же время данный акт открывает дорогу к конкретным консультациям и переговорам, нацеленным на создание организационных основ СВМДА.

Мы должны иметь в виду, что взаимодействие и меры доверия включают в себя целый спектр измерений, определяющих критерии политической, военной, экологической, гуманитарной безопасности. По всем этим направлениям предстоит экспертная работа, медлить с которой нельзя.

Полагаю, что начинать с нуля нам не придется. Многое уже сделано в рамках Шанхайской организации сотрудничества. И эта организация может стать действенным инструментом обеспечения безопасности, доверия на обширной территории азиатского континента.

Наверное, будет целесообразно использовать возможности и Договора о коллективной безопасности в рамках СНГ, потенциал которого далеко не исчерпан.

Казахстан приветствует подписание договора между Россией и США о дальнейшем сокращении стратегических наступательных вооружений.

Реализация этого фундаментального соглашения, безусловно, позволит значительно оздоровить военно-политическую ситуацию и на азиатском континенте.

Мы призываем всех участников процесса СВМДА к проявлению сдержанности и ответственности во взаимоотношениях друг с другом во избежание масштабных конфликтов, эскалации напряженности в Азии.

Военные конфликты на нашем континенте чреватые десятками миллионов человеческих жертв.

Всех нас тревожит конфликт между Индией и Пакистаном. Мы хотим и призываем наших соседей найти мирное решение проблем. Важно для региона и решение Ближневосточного регулирования.

Казахстан считает, что такие документы, как Договор о нераспространении ядерного оружия и Договор о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний являются прочной основой построения более безопасного мира, играют важную роль в обеспечении стабильности, безопасности и доверия в Азии.

Задачи обеспечения мира и стабильности в Азии являются тем более актуальными в контексте последних событий в Афганистане и вокруг этого многострадального государства.

Отрадным является то обстоятельство, что все азиатские страны выступили решительно против международного терроризма как глобального зла.

Мы с удовлетворением отмечаем успехи антитеррористических операций международной коалиции во главе с США. Это позволило вывести Афганистан из состояния затянувшейся войны, создать условия для строительства гражданского мира.

Но было бы политически наивно считать, что проблема обеспечения безопасности, как в самом Афганистане, так и в центрально-азиатском регионе полностью решена. Здесь, к сожалению, вопросов больше, нежели ответов.

Например, не получила своего разрешения проблема распространения наркотиков, крупнейшей мировой базой распространения которых остается Афганистан.

Объем наркотрафика после известных событий в этой стране не сократился, а наоборот, увеличился. Это серьезный вызов безопасности на всем азиатском континенте. Это является предметом особого внимания наших государств.

Мы также не должны закрывать глаза и на тот факт, что на азиатском континенте постоянно увеличиваются масштабы незаконной торговли оружием.

Еще одним опасным следствием нестабильности обстановки, в частности вокруг Афганистана, проявлением новых угроз в нашем регионе стало такое явление как нелегальная миграция. Вызывают серьезную тревогу ее возрастающие масштабы, ее сращивание с такими негативными явлениями как наркотрафик, экстремизм, незаконный оборот оружия.

Полагаю, что наши государства должны выработать согласованную политику в этой области, четко координировать ее с соответствующими международными организациями, чтобы эффективно противостоять этой угрозе и стоящим за ней криминальным структурам.

Считаем, что принятие на нашем форуме Заявления о совместных действиях в борьбе с международным терроризмом имеет чрезвычайно важное значение. На пресечение международного терроризма должны быть направлены политические, финансовые, интеллектуальные усилия всего мирового сообщества.

На наш взгляд, важную координирующую роль в обеспечении безопасности на азиатском континенте должна играть Организация Объединенных Наций. Все судьбоносные решения должны приниматься сообществом государств в рамках ООН.

### **Уважаемые главы государств, руководители делегаций!**

Сегодняшний саммит, знаменующий собой начало работы Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии — исключительно важная веха.

Но это только начало длинного пути к искомой цели — к созданию институтов безопасности в Азии.

И здесь чрезвычайно важной представляется роль крупнейших государств Азии и мира — Китая, России, Индии, других государств-участников СВМДА. Мы надеемся, что эти государства, как и прежде, будут активно содействовать практическому воплощению процесса СВМДА.

В Алматинском акте предлагается всесторонне изучить идею создания постоянно действующего Секретариата, который мог бы регулировать работу старших должностных лиц по созданию институтов СВМДА.

Казахстан вместе со своими партнерами готов активно подключиться к решению организационных, финансовых аспектов обеспечения деятельности Секретариата,

в который могли бы войти дипломатические эксперты государств-участников СВМДА.

Следует особо отметить, что Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии открыто для всех государств континента.

Казахстан, как координатор процесса на данном этапе, выражает надежду, что такие государства, наши соседи по Азии, как Япония, Малайзия, Вьетнам, Индонезия, Таиланд и другие страны Юго-Восточной Азии выйдут из группы наблюдателей и станут полноправными членами СВМДА. Это, несомненно, способствовало бы успешной деятельности нашей организации как континентальной структуры.

В заключение я хотел бы поблагодарить экспертов всех стран, принимавших участие в десятилетней работе по продвижению идей данного форума, приближению сегодняшнего саммита.

Я признателен министрам иностранных дел государств-участников процесса СВМДА, которые вели непрерывную координацию этой работы, подготовили все основополагающие документы, условия для данной встречи на высшем уровне.

Особая моя благодарность главам государств, прибывших сегодня на саммит, несмотря на плотный график работы. Благодаря вам стало возможным его проведение, принятие основополагающих, первых исторических документов этого форума.

Благодарю за внимание.

## ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі

*Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласы, 2002 жылдың 7 маусымы*

### **Уважаемые главы государств!**

Многие из нас еще находятся под впечатлением I саммита СВМДА, на котором впервые в истории сделан первый шаг к созданию всесторонней международной системы азиатской безопасности. Но сегодняшняя наша встреча также носит важнейший и, без преувеличения, исторический характер. Мы подпишем Хартию Шанхайской организации сотрудничества — основной уставной документ нашей организации. Отныне ШОС становится полноценной международной региональной организацией.

Символично, что два саммита практически совпали по времени. ШОС и СВМДА не подменяют и не дублируют друг друга. У них разная концептуальная основа и разный формат. Но сегодня именно ШОС, почти все члены которой являются участниками процесса СВМДА, является позитивным примером совершенно нового уровня взаимоотношений между государствами, расположенными на азиатском континенте. Привлечение достижений Шанхайского процесса в СВМДА может стать поворотным пунктом в создании азиатской структуры по безопасности и сотрудничеству и наполнении его новым практическим и конкретным содержанием.

Одним из важнейших факторов, оказывающих влияние на безопасность стран ШОС, является ситуация в Афганистане. Мы приветствуем процессы, которые там происходят при содействии международного сообщества. Но события последнего времени свидетельствуют, что ситуация в этой стране пока очень далека от стабильности. По всей видимости, такое положение вещей будет сохраняться еще долго, пока не будут преодолены послевоенная разруха, чудовищная бедность, пока не будет поставлен надежный заслон процветавшему там долгие годы «бизнесу на смерти». Я имею в виду наркотики и оружие. Необходимо выработать общие позиции в вопросах взаимодействия с Афганистаном. Нет сомнений, что укрепление афганской государственности, сильной законной власти в стране укрепляет и нашу безопасность. Но Афганистан — это также перспективный партнер, и то, что будет туда вложено сегодня, через годы принесет взаимовыгодный положительный результат. Заинтересованность в этом очевидна для всех государств региона. Сегодня к участию в нашей организации проявляют заметный интерес многие страны континента. Мы расцениваем это как положительный факт и заинтересованы в таком сотрудничестве.

ШОС — открытая организация — так записано и в Хартии — и будет поддерживать любые формы диалога и сотрудничества, вплоть до приема в организацию новых членов. Важным критерием здесь будет являться готовность государств разделять наши цели и принципы, зафиксированные в Хартии, а также их желание развивать равноправное сотрудничество на основе высокого взаимного доверия. Чтобы сделать наши идеи реальностью, нам необходимо как можно быстрее разработать концептуальную основу развития диалога и приема в ШОС новых членов.

По нашему глубокому убеждению, это одна из первоочередных задач, и мы могли бы поручить нашим национальным координаторам незамедлительно приступить к выработке таких механизмов.

Хотел бы остановиться на том, как нам видится вступление в ШОС новых членов. Нашими уставными документами предусмотрены разные ступени участия в организации. Это партнер по диалогу, наблюдатель, полноправный член. Нам представляется, что любая страна, пожелавшая вступить в ШОС, некоторое время, пока мы не примем такое решение, станет наблюдателем. Вступление не означает автоматического присоединения, это — аксиома. Решение о приеме новых членов принимать нам следует, видимо, только после детального изучения кандидата. Это нисколько не противоречит открытости организации. Полноправное членство подразумевает не только права, но и связанные с ними определенные обязанности. Необходимо время, чтобы новый потенциальный участник осознал свое место в ШОС и разобрался в механизмах ее функционирования.

Безусловно, до принятия соответствующих документов мы не можем рассматривать заявки на предоставление статуса наблюдателя, партнера по диалогу или члена ШОС. Но кое-что для налаживания диалога мы бы могли сделать уже сейчас. У нас есть опыт приглашения стран в качестве гостя хозяина встречи — что-то подобное мы могли бы предусмотреть и сейчас, причем для встреч на разных уровнях. Что касается сотрудничества с международными организациями, то мы вполне можем поручить, скажем, министру иностранных дел одной из наших стран принять участие в каком-либо форуме, разумеется, предварительно выработав общую позицию.

Очевидно, что в полную силу наша организация заработает лишь тогда, когда вступят в действие подписанные нами документы. Это Хартия ШОС, Соглашение о ПАТС, а также Шанхайская конвенция, которую мы подписали год назад. Казахстан уже ратифицировал эту Конвенцию и делает все возможное, чтобы ускорить присоединение ко всем международным конвенциям, перечисленным в приложении к этому документу. Мы призываем все стороны как можно скорее завершить внутригосударственные процедуры по Хартии и Соглашению о ПАТС. Очевидно, что организация не может полноценно работать без создания постоянно действующих органов. Поэтому нам необходимо как можно оперативнее, не дожидаясь вступления в силу Хартии ШОС, приступить к решению организационных и правовых вопросов формирования Секретариата ШОС в г. Пекине. Думаю, мы это могли бы также поручить нашим национальным координаторам.

Одним из важнейших является вопрос о формировании бюджета ШОС, за счет которого будут содержаться постоянно действующие органы. Мы условились, что финансирование будет основываться на долевом принципе. Какие это будут доли, равные или разные, — об этом нам также следует договориться в самом ближайшем будущем.

Одним из важнейших направлений нашей деятельности на перспективу остается противодействие терроризму, сепаратизму и экстремизму. Развитие событий в мире убедительно свидетельствует о том, насколько дальновидным было наше решение о создании ПАТС — совместного органа, призванного противостоять терроризму. Думаю, мы должны уделить особое внимание этой структуре, тому, чтобы она быстрее заработала. Сегодня соглашение нами будет подписано; следом необ-



ходимо бы поручить «бишкекской группе» руководителям наших правоохранительных органов и спецслужб вплотную заняться реализацией его положений.

Говоря о перспективных направлениях сотрудничества, не могу не затронуть вопросы взаимодействия в экономической сфере. Мы высоко расцениваем итоги первой встречи глав правительств в Алматы в сентябре прошлого года и подписание Алматинского меморандума. Но это только основа для сотрудничества, сейчас необходимо приступать к практической работе. Необходимо активизировать разработку Программы многостороннего торгово-экономического сотрудничества, о которой мы говорим уже не в первый раз, но пока результат не достигнут.

Для стран, входящих в Шанхайскую организацию сотрудничества, часть из которых расположена в глубине континента, а многие перспективные районы государств ШОС удалены от моря, важнейшее значение имеет использование и развитие сети многопрофильных транспортных коридоров, сочетающих железнодорожное, трубопроводное, морское, речное, автомобильное сообщение.

В сфере экономики для всех нас важно активное сотрудничество в высокотехнологичных отраслях экономики, обеспечение свободного доступа товаров на рынки других стран. Предстоит найти взаимоприемлемые формы экономической логики, в том числе открытость по отношению к партнерам.

Стремление к экономическому сотрудничеству требует совместного решения вопросов торговли нефтью, электроэнергией и газом, рационального использования трансграничных рек, создания добросовестной конкуренции и устранения торговых барьеров при осуществлении взаимной торговли. С этой целью к уже действующему совещанию министров внешней торговли следовало бы добавить встречи руководителей транспортных ведомств, таможенных служб, министров энергетики, сельского хозяйства, руководителей ведомств, осуществляющих регулирование использования водных ресурсов. Важно провести в текущем году встречу министров экологии и охраны окружающей среды, о чем мы договорились год назад. Необходимы консультации по вопросам участия в ВТО и выработке общей тарифной политики между нашими странами, с учетом того, что некоторые члены ШОС являются членами ВТО, а другие — только готовятся к вступлению.

Одним из наиболее важных вопросов, стоящих перед Шанхайской организацией сотрудничества, несомненно, является обеспечение стабильности и безопасности наших стран. Эти цели неделимы и должны достигаться на глобальной основе.

ШОС — не военный блок, и любая страна, входящая в организацию, вправе сама выбирать формы и методы обеспечения собственной безопасности, сотрудничать с любыми государствами. Это ее неотъемлемое суверенное право.

Цель здесь должна быть одна — укрепление региональной стабильности, обеспечение условий для мирного и достойного существования своих народов. Все мы стремимся к этому. Разрушительную силу для основ государств и общества в целом несут национально-этнические конфликты, агрессивный национализм, сепаратизм. К сожалению, большинство этих конфликтов происходит именно в Азии. И здесь у каждого государства-участника Шанхайской организации сотрудничества прочные позиции, которые делают их практически обязательными собеседниками в азиатских делах. Любые проекты общеазиатской безопасности, на наш взгляд, нефункциональны без включения в них России, Китая, Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана и Узбекистана.

В современном мире, испытывающем процесс глобализации, все взаимосвязано, и все расстояния становятся ближе. Вот почему нас беспокоит обострение кризисной ситуации в зоне израильско-палестинского конфликта, эскалация насилия. Мы хотим видеть мир на Ближнем Востоке, мир, справедливый и построенный на принципах доброй воли, на основе соответствующих резолюций Совета Безопасности ООН и решений Генеральной Ассамблеи. Мы приветствуем положительную динамику в ситуации вокруг Ирака, развитие диалога между Северной и Южной Кореей, а также странами Запада. Все эти факторы оказывают значительное влияние на ситуацию в нашем регионе.

У стран ШОС есть уникальный опыт решения пограничных и военных проблем. Основу Шанхайской организации сотрудничества составляют важные, доказавшие свою необходимость и значимость Шанхайское (1996 года) и Московское (1997 года) соглашения об укреплении доверия в военной области и о взаимном сокращении вооруженных сил в районе границы, которые успешно реализуются. Недаром мы считаем принципы, заложенные в этих документах, базовыми для наших отношений. Сегодня это могло бы стать положительным примером для многих стран азиатского континента, сталкивающихся с подобными проблемами. Вот почему еще ШОС привлекает к себе столь пристальное внимание государств региона. За годы своего существования позитивная роль «шанхайской пятерки», а затем ШОС получила высокую оценку мирового сообщества как пример налаживания и углубления отношений добрососедства, взаимного доверия и дружбы между государствами, принадлежащими к разным цивилизациям и являющимися носителями разных культурных традиций. Мы закладываем новую архитектуру взаимоотношений на азиатском континенте, взаимоотношений, основывающихся на взаимном доверии, безопасности и сотрудничестве, на том, что мы называем шанхайским духом.

Хотелось бы пожелать государствам-участникам Шанхайской организации сотрудничества плодотворного сотрудничества, а нашим народам — мирного неба и благополучия, доброй и искренней дружбы.

## Қазақстан Республикасының Конституциясы Күніне орай салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Астана қаласы, 2002 жылдың 29 тамызы

### Қымбатты қазақстандықтар! Қымбатты достар!

Бүгін өз мемлекетіміздің ең басты мерекелерінің бірі — Қазақстан Республикасы Конституциясы Күнін атап өткелі отырмыз.

Осыдан 7 жыл бұрын Қазақстан халқы еліміздің жаңа негізгі заңын мақұлдап дауыс беріп, қуатты құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құруды қолдаған тарихи тандауын жасаған еді.

Конституцияның қабылдануы — егемен Қазақстанның қалыптасу тарихындағы, сөз жоқ, аса маңызды жарқын оқиға. Мұның алдында нендей халді басымыздан кешкеніміз баршаңыздың естеріңізде. Дегенмен еске сала кетудің артықтығы жоқ.

Әлем өтпелі кезеңнің теориясы мен әдіснамасының өткен ғасырдың соңындағыдай үлгісін көрген емес. Алайда басқа елдердің тәжірибесі бар болатын.

Сингапурды тұйықтан алып шығып, дамыған елдердің қатарына қосқан таны-мал стратег-экономист Ли Куан Ю «қытай ғажабын» туындатқан Дэн Сяопиннің кеңесші бола жүріп: «алдымен экономика, содан кейін ғана саясат» деген сөздерді аузынан тастамайды екен.

Өздеріңізге мәлім, КСРО, одан кейін Ресей, оның соңынан біз соныға тартпай, соңыраға қарай бастық. Ол жылдардың не бергені бәріңізге де белгілі. Содан кейін біз байыптап жатпай батыс құндылықтарының жадына жармастық, оның да құдай бере салған дүние емес, біршама ұзақ әрі оңайға түспейтін тарихи үдерімнің үлесі екенін де ескергіміз жоқ. Осының барысында қолымызға не тиді? Аса қатаң экономикалық дағдарысқа ұшыраған тұрлаусыз елде заң қабылдау ісін жайына қалдырып, саяси күрестен көз аша алмай қалған Парламент тиді.

Жабайы, қылмыстық капитализм дәуірлеп кетті. Бұқаралық ақпарат құралдары болса, өзінің негізгі парызы — адам ақыл-санасына әділ ақпарат жеткізіп, халықтың бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңірудің орнына отқа май құя түсті.

Біртұтас ел болып келген КСРО ыдырап тынды.

Экономикалық байланыстардың үзілуі себепті кәсіпорындар тоқтап жатты, жұмыссыздық үдеп кетті, әуелгі қажет тауарлардың жаппай тапшылығы пайда болды.

Тәуелсіздігімізді жариялаған тұстағы біздің жағдайымыз, міне, осындай болатын. Биліктің босандығы да сақталып қалды.

Осындай алмағайып кезеңде адамдардың сенімі мен сезімін табан асты еткен, сан түсті саясаткерсымақтар мемлекеттіліктің іргесін шайқалтпақ болып, мемлекеттің тұтастығына қатер төндіріп билікке ұмтылды.

Елімізді сақтап қалу үшін осындай қилы кезеңде біздің көкейге қонымсыз шешімдер шығаруға баруымызға тура келді.

Кей кездерде олардың жартыкеш ымырашылдық сипатта болғаны да жасырын емес. Қателіктерге де жол берілді. Кез келген жаңа істе жаза баспау да мүмкін емес.

Мұның бәрі де айналып келгенде, сол кездегі мемлекеттік институттардың қызметінен де, айқын өтпелі кезеңдік сипатта болған сол кездегі заңнамадан да көрініс тауып жатты.

Біз мұның бәрін де еңсере білдік. Әлбетте достарымызды сүйіндіріп, қастарымызды күйіндіріп еңсере білдік.

### **Уважаемые казахстанцы!**

Это наша принципиальная и последовательная политика. Она направлена на обеспечение внутренней стабильности. Без нее бессмысленно говорить об устойчивом развитии и экономических успехах.

Бедность и нищета являются питательной средой для международного терроризма, регионального и политического экстремизма, а также наркомании.

Несмотря на очевидный успех антитеррористической операции, Афганистан по-прежнему остается источником распространения экстремизма и наркотиков. Наркотрафик проходит через государства Центральной Азии в Европу.

Мы считаем, что в этой тревожной ситуации необходимо срочно разработать программу ООН с целью системного противодействия наркобизнесу в Центральной Азии.

Эта задача представляется чрезвычайно актуальной, так как война с международным терроризмом теряет смысл, если корни этого явления продолжают подпитываться извне.

Центральная Азия является своеобразным индикатором успеха или провала борьбы с негативной глобализацией, каковой считается международный терроризм и транснациональная преступность.

В этих условиях особое значение имеет создание современной архитектуры безопасности в Азии. На достижение этой цели был направлен I саммит Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, прошедший в нашей стране в июне этого года. На нем ведущие азиатские государства приняли документы, предусматривающие создание мер доверия и приложение совместных усилий по обузданию международного терроризма.

Я призываю ООН приступить к созданию реестра глобальных экологических проблем с конкретными рекомендациями по привлечению масштабных инвестиций для их решения. Во главу угла необходимо поставить задачу предотвращения необратимого ущерба окружающей среде с тем, чтобы сохранить для наших потомков необходимые жизненные ресурсы.

Казахстан считает, что все мировое сообщество должно проникнуться пониманием стоящих перед ним проблем и вызовов. Устойчивое развитие — это не просто набор слов, а формула выживания человечества.

## Кенесары ханның 200 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

*Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, 2002 жылдың 21 қыркүйегі*

### **Ардақты ағайын! Қадірлі отандастар!**

Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың.

Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәске тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген ор тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да — тарих.

Былыр мамыр айында Астанада Кенесары ханға ескерткіш орнатылғанда, мен ойға шомып, тарихтың тылсымына қайран қалған едім...

Көзге елестетіп көріңіздерші...

Міне, енді XIX-ғасырдың 30-шы жылдарында, дәл былырғыдай көктем күндерінің бірінде Ақмоланы қоршаған Кенесары хан Есілдің дәл сол бір кезде өзі тұрған жағалауында тас тұғырға қондырылды.

Халқының жоғын жоқтап, намысын қуған хас батырдың алғашқы азат етуге тырысқан мекенінің бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің Астанасына айналуында да тағдырдың жазуы жатқандай.

Оның өмірі мен күресі тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау керектігін ескертіп тұрған тәрізді. Тәуелсіздігіміздің оңайлықпен келмегенін басынан кешкен баянымен ескертіп кеткендей. Тәуелсіздіктің қадірін білу керектігін, оны ауыз бірлікпен, жасампаздық ісімізбен нығайту керектігін ойға салып тұрғандай.

Бұл оқиғаны біз Кенесарының халқына оралуы деп пайымдағанымыз жөн. Бұл сөзіміздің сыры неде?

Кенесары кім? Ол мемлекеттігімізді қалпына келтіру, халқының басын біріктіріп, халықтық қалпын сақтау, бодандықтан құтқарып, қолын азаттық пен бостандыққа жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскербасы.

Алайда, ол — кешегі тоталитарлық жүйе есімін ауызға алуға тыйым салған, халықтың санасынан өшіруге тырысқан тұлға.

Ендеше, еске түсіріңіздер. Оны халықтың жүрегіндегі ардақтысы етіп бейнелеуге әрекет жасаған бетте, Сәбеңнің, Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» хиқаясының қырқылғаны, Кенесарының іс-қимылын ұлттық азаттық қозғалысы ретінде бағалаған белгілі ғалым Ермұқан Бекмахановтың тарихты бүкпесіз, бүркемелеусіз көрсетуге тырысқаны үшін жала жабылып, 25 жылға бас бостандығынан айрылғаны белгілі.

Қырқыншы жылдардың соңын ала басталған бұл сүреңнің елуінші жылдардың басындағы парасатты қазақ зиялыларының басына бұлт үйіріп, әуре-сарсаңға салған кезекті қудалау науқанымен жалғасқаны да бүгінгі ұрпаққа мәлім.

Сыңаржақ идеология мен астамшыл ой-сана басқаша пайымдауға бейімдік білдірген жандардың бәрін жазалап келгені де ақиқат. Бірақ шындықты құртуға ешкімнің құдыреті де, құрығы да жетпеген. Бұл сөздің ақиқаттығына біз бүгін тағы да көз жеткізіп отырмыз.

Тарихтың тағлымы да, ақиқатқа қайтып оралатыны, шын асылды жасықтан өзінің айырып беретін құдыреті де, міне, осында жатыр.

Осы орайда данышпан Мұхтар Әуезовтің бір сөзі көкіректе жаңғырады: «Ер — ел тарихының белі дейміз. Ол өзі тірісінде бір танылады. Өзі өткен соң, кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады... Бір кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен енді бел ғана емес, биік тұрғы боп, асқар тау боп көрінеді...».

Қазақтың соңғы сайланған ханының тағдыры осы сөздерден көрініс тауып тұрғандай. Ұлы жазушы осы сөздерін Кенесары бабамызға дәл қазір айтып тұрғандай.

### **Уважаемые соотечественники!**

В истории казахского народа среди славных имен храбрых батыров и мудрых правителей особое место занимает хан Кенесары.

Кенесары первым осознал изменение политики царизма, перешедшего в XIX веке от патронажа и вассалитета к прямой колонизации. Свою дипломатическую и политическую активность он направлял на принятие царским правительством решения упразднить военно-административные центры и форпосты, усиленно насаждавшиеся в то время. Политическая ситуация не оставляла ему иного выбора, кроме борьбы. Движение Кенесары было последней отчаянной, по сути, трагической попыткой объединить народ и сохранить государственность. Вот почему, как заметил Алихан Бокейханов, слава хана Кенесары затмила в народных сказаниях даже славу популярного деда Абылай хана. Объясняется это тем, что движение Кенесары Касымова как никакое другое политическое движение XIX века не могло сравниться по своей мощи своего воздействия на патриотическое сознание казахов, их естественного желания единения и независимости. Возглавляя восстание, Кенесары вел борьбу на два фронта — как против царских реформ на севере, так и против среднеазиатских ханств, поработивших часть казахов на юге.

Народ в знак признания справедливо избрал Кенесары ханом. Он стремился создать все необходимые институты государственности, и сохранить территориальную целостность казахских земель. Он мечтал о том, чтобы у казахов было свое собственное независимое государство. Но в тот временной отрезок мечта осталась несбыточной. И тем не менее, Кенесары борьбы не прекращал, как и не останавливал процесс начатых им реформ. Во время своего правления он провел ряд административных и судебных реформ, направленных на усиление централизации власти и создание прочного тыла для продолжения борьбы. Были организованы ведомства, отвечающие за сбор налогов, военную подготовку, дипломатическую переписку. Реформировал хан и свою армию. При нем появилась артиллерия, казахи начали осваивать пеший строй, развивалась военная тактика. Он впервые ввел знаки отличия и систему награждения отличившихся воинов. Хану удалось создать дисциплинированное, мобильное войско, численность которого доходила до 20 тысяч человек. Такие реформы нелегко давались Кенесары. Он испытал немало поражений, разочарований, предательства и непонимания даже среди своих соплеменников. Но никто не мог его лишить искреннего желания помочь своему народу. Ведь он мог смириться с давлением со стороны имперского самодержавия

и отказаться от борьбы, получить неплохое содержание и соответствующую должность, различные привилегии, но Кенесары этого не сделал, за что и лишился жизни.

Объективную оценку борьбы Кенесары, прежде всего, дали народные акыны-сказители в своих песнях и сказаниях. Есть все основания полагать, что былины участника походов Кенесары Нысанбая, высказывания Суюнбая в айтысе с кыргызским акыном Катаганом, сказания Жамбыла, приоткрывают малоизученные страницы в истории национально-освободительного движения. Автор известного труда «История Туркестана» Николай Павлов писал: «Кенесары по природе своей относится к типу неутомимых степных рыцарей... Сохранение свободы детей степи стало его девизом, смыслом жизни».

Воздавая должное памяти Кенесары, извлекая уроки из его политического наследия, из его прозрений и поражений, необходимо безо всякой тени сомнения занести его имя в «пантеон национальной славы» сделав это с чувством ответственности перед духом предков и перед памятью потомков. Мы, твердо встав на путь развития демократии и правового общества, решительно отвергаем столь бесчеловечную идеологию, подобную историческую несправедливость, которые пыталась насильственно внедрить в наше сознание тоталитарная система.

Суверенный Казахстан объявляет и признает самой высокой ценностью человека его жизнь, его свободу, его неотъемлемые права и достоинства и будет защищать его гражданские и общественные интересы. Наш общий, священный долг — утверждать и укреплять нашу независимость, умножать мощь и богатство нашего государства, высоко нести знамя нашей чести и достоинства в мировом обществе, честно и преданно служить Родине. Для этого каждый гражданин нашей страны обязан всей душой осознать свою большую историческую ответственность в сохранении единства нашей земли, нашего народа, в сбережении межнационального мира и согласия.

Дорожа независимостью, доставшейся нам без кровопролития, мы должны отдать дань уважения памяти Кенесары и всех борцов, сложивших головы за свободу. И во имя этой светлой памяти оградить себя от скороспелых суждений и недобрых намерений. Потому что в каждой капле их пролитой святой крови заложены наши сегодня и будущее.

## Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

*Жамбыл облысы, Тараз қаласы, 2002 жылдың 26 қыркүйегі*

**Армысыздар, ардақты ағайын!  
Орта толсын, қадірлі тараздықтар!  
Хош келдіңіздер, құрметті меймандар!**

Бүгінгі мерекелі жиында бас қосқан баршаңызға ыстық ықыласты сәлем жолдап, Сіздерді еліміз тарихының ежелгі куәсі — қарт Тараздың, мәңгі жас Тараздың 2000 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіздер.

Тараздың тойы — қара ормандай халқымыздың ежелден бергі ұзақ тарихындағы ұлан-асыр қуанышы. Тарихи тойы! Өйткені, Тараздың шежіресі — біздің халқымыздың өткені мен бүгінін жалғап тұрған, мәңгілікке жалғастыра беретін алтын өрмек іспетті.

Ақын Қадыр Мырза Әлінің: «Біздің тарих — бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақтағы», — дейтіні бар еді. Біздің бүгінгі тойымыз, керек десеңіз, сол жұп-жұқа оқулық жойып жіберген қалың тарихымызды қайтып оралту жолындағы талпыныстардың бірі. Бәлкім — ең үлкені де шығар.

Кезінде осы өлкеге келген сырткөз саяхатшылар мен жылнамашылардың айтуынша, ежелгі Тараз — ертеден әмбеге аян қала. Тани білген кісіге, Тараз тұрған Талас алқабы тұнып тұрған тарих.

Сол кездегі көшпенді дүниенің ең ірі мемлекеті — Ұлы Ғұн империясы еді. Қытай шежірелерінің айтуынша, Талас бойындағы алғашқы қаланы Ғұн шәниюлерінің соңғыларының бірі — Шөже біздің дәуірімізге дейінгі 40 жылдың шамасында салдырыпты. Оны араға үш-төрт жыл түспей жатып, қытайдың қалың қолы келіп талқандап кетіпті.

Ғұн бекінісі талқандалғанмен арадағы сауда жолының тармағы жойылмапты. Көшпенді дүниенің сол жолдан айрылғысы келмеген тайталасы тыйылмапты. Сол тайталас Тараздың талай өшкен отын талай рет қайта жағыпты. Оның айырықша дәуірлеуі, әсіресе, түркі мемлекеттерінің жер-жаһанға атын шығарып, шарықтай күшейген тұстарымен сәйкес келеді.

Ол VI ғасырдан бастап, батыс пен шығыс саяхатшыларының ауызына жиі ілігеді. VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда қалаларының біріне айналады.

Мұның бәрі, әрине, Тараздың саудадағы ғана емес, саясаттағы ықпалын да арттыра түсті. Оған 508 жылы Византия елшісі Земархтың Естеми ханмен келіссөзі Таразда жүргізілгенін айтсақ та жеткілікті. Ал түргештер мемлекеті тұсында әуелі кіші астана, артынан басты астанаға айналғаны мәлім.

Тараз бұл мәртебесін одан кейінгі самани, қарахан, қидан, оғыз, қыпшақ, хорезм үстемдігі тұсында да сақтай алған.

Олай болуы заңды еді. Тараз — қай заманда да геосаяси маңызын жоғалтпайтын аса мәнді стратегиялық қонысқа жайғасқан қала. Сондықтан да, бұл ежелгі қаланы әлемдік діндердің барлығы да өздерінің шарықтау кезеңдеріндегі үлкен тірегі еткен. Мұнда зороастризм, христиан, манихей, будда діндерінің ірі орталықтары болған. VI ғасырдан бастап, оған батыстан арабтар, шығыстан қытайлар мықтап көз тіккен.

Бұл текетіретің түйіні де Тараздың түбінде шешілді. 751 жылы Тараз маңындағы Атлах түбіндегі шайқас арабтар мен қарлұқтардың пайдасына шықты.

Бұл қат-қабат оқиғалар Тараздың гүлденуіне себепші болмаса, кедергі келтірген жоқ.

Сол кезең мен олардан кейінгі Қарахан дәуірін бұл өлкенің үлкен рухани шарықтау кезеңі деп атаған жөн сияқты. Өйткені, Әбу Нәсір әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашғари сол кезеңде шықты. Сол кезден бастап Тараз исламның ірі орталығына айналды.

X–XII ғасырларда Тараз түркі дүниесінің аса ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болып табылды. Маңайындағы Хамукет, Төменгі Барсхан, Жиқыл, Адаккент, Дех Нуджикент, Құллан, Меркі, Аспара, Баласағұн, Барсхан қалаларымен жалғасып жатты.

Оның мәдениетінің шарықтап өскені сонша, сол кезде пайдаланылған су құбыры табылып отыр. Жоғары сапалы қыш, шыны, фарфор бұйымдарын шығарды. Қала төңірегінде алтын, мыс кеніштері өркендеді.

Осынша құлпырған Тараздың түбіне де өз тұсындағы геосаяси гегемонизм жетті. Оның мұншама шарықтауын батыстағы Хорезм мен шығыстағы бой көтеріп келе жатқан моңғол мемлекеті бірдей жақтырмады.

Сол өшпенділік оның түбіне жетіп тынды. Ол сол күйреуден соң қайтадан еңсе көтере алмады.

Тек Қоқан билігі кезінде ғана қайтадан қорған тұрғызылып, жаңа бекініске айналған тәрізді.

Одан беріде ол да Ресей отаршылдығының қамытын киді. Кешегі кеңестік кезең тұсында ежелгі қаланың едәуір өскені рас.

Алайда жаңа отаршылдық та ескі отаршылдық сияқты шет аймақтардың байлығы мен игілігін тонаушылық қағидасынан шыға алмады. Тараз да, ол тұрған аймақ та мейлінше дамып кете алмай, саяси, экономикалық, экологиялық шет-қақпайлық көрді.

Дегенмен, біз бұл жерге талайғы Тараздың талайсыз тағдырына кінәлілерді жауаптауға жиналып тұрған жоқпыз. Өткен өреуіл, қалған салауат.

Тәуелсіз ел болдық, ендігінің жауапкершілігі өз мойнымызда. Оны ойдағыдай сезінуіміз үшін барымызды бағалап, өз қадірімізді өзіміз қапысыз ұғынуымыз керек. Бүгінгі жиынның ең басты міндеті — сол. Толыққанды тарихи сана дегеніміз де осы.

Демек, біздің өзімізді өзіміз танып, ежелгі заманнан дәуірлей дамып келе жатқан өркенді өркениеттің нағыз мұрагерлері екенімізді түйсінудің үшін де бізге Тараз қажет еді.

Арғы-бергімізді қапысыз сарапқа салатын таразы керек еді. Құдайға шүкір, ондай таразымыз бар.

Тараз — шын мәнінде де, біздің тарихымыздың таразысы, ғажайып айнасы, бұлтартпас айғағы екені анық. Біз көшіп-қонып жүре берген, ырызығын малдан ғана айырған халық емеспіз, өзіндік төлтума сәулеткерлік пен құрылысшылық дәстүрі бар, сайын далада сан алуан қала тұрғызған, егін егіп, бақ өсірген, сан тарам мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан торабында өмір сүріп, үлкен өнеге көрген өсімтал елміз.

Әрине, бүгінгі дүниеде бұндай шындықты мойындағысы келмейтіндер әлі де аз болмас. Осыған мынадай бір ғана мысал келтіргім келеді.



Сексенінші жылдардың басында Мәскеу баспаларынан танымдық тағлымы мол екі кітап жарық көрді. Бірі — Игорь Можейко деген автордың әлемнің жеті ғажабына және сәулет өнерінің басқа да жауһар туындыларына арналған «7 и 37 чудес мира» деген кітабы. Мінеки, осы автор Үндістандағы Тәжі-Махал кесенесін үнділік сәулетші салған деген үкім шығарып, оны сырттан келген сәулетші тұрғызған деген дәстүрлі пікірді үзілді-кесілді теріске шығарады.

Ал енді «Под звуки мириданга» деген жинаққа көз салсаңыз, мүлде басқа дерекке ұшырасасыз. Осы тұста бұл кітаптың да Мәскеудегі басқа бір баспадан шыққанын айту орынды. Бір қызығы: мұнда үнді жазушысы Ранджит Десаи Тәжі-Махалды Түркістан жағынан келген Иса деген сәулетші тұрғызғанын айтады.

Бұл екі пікірдің осы арада ойға оралуының өзіндік себебі бар. Бірінші пікір — дәйекті дәлелі жоқ, болмайды деген соң болуы мүмкін емес дейтін астамшыл түсінік. Екіншісі, сол топырақтың төл перзентінің аузынан шыққан, аржағында дәйекті дерегі бар, әрі сол елдің ғылымы мен білімі жете мойындаған пайым. Таласқа түспейтін тағы бір дәйек — кесенені салдырған адам Ұлы Даладан барған Бабурдың тарихта аты қалған атақты ұрпағы Жаһан шах.

Сөйтіп, біздің пікірімізше, соңғы тұжырымның қай жағынан қарасаңыз да, әбден жаны бар. Себебі дейсіздер ғой. Ең басты айғақ, адамзат өркениетінің тым әріден басталып, бүгінге дейін ізін жоғалтпай жалғасып келе жатқан ең ежелгі сілемі — Ұлы Жібек жолы.

Екінші айғақ — Тәжі-Махалдың Үндістанның тек Бабурлар билеген аймағында тұрғандығы.

Бұл елдің басқа аймақтарында оған ұқсайтын ғимараттар ұшыраспайды.

Осындайда атақты ағылшын жазушысы Самюэл Батлердің: «Өткенді өзгертуге құдайдың құдыреті жетпесе де, тарихшылардың құдыреті әбден жетіп жатыр» деген сөзі еске түседі.

Өткенді таразылауға келгенде, мұндай қиғаштықтар мен кереғарлықтар, тіпті көрер көзге қиянаттар, әсіресе, біздің тарихымыз хақында көп жасалғаны белгілі.

Одан әлемдік сана біржолата арылып немесе айығып болды деуге әлі ерте.

Біз өз тарихымыздың адамзат тарихымен, күллі өркениет тарихымен тереңнен астасып жатқанына, біздің мүдделеріміздің де адамзаттың бүгінгі және ертеңгі мүдделерімен етене төркіндес екеніне өзіміздің де, өзгелердің де көзін әбден жеткізуіміз керек. Солай екендігін бүгінгі істерімізбен, өткенге деген түсініктерімізбен дәлелдеуіміз керек.

Демек, халықтың рухын аласартпай, асқақтатып, жанын жасытпай, жадыратып тұратын, тіршілігіне мән беріп, нәр беріп тұратын нысаналарын, пір тұтатын біртуар тұлғаларын тарих төріне қайтарғанымыз абзал.

Сол үшін біздің пәрменді шаралар қолданғанымыз, атап айтқанда, 1998 жылдың менің Жарлығыммен Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы деп жарияланғаны баршаңызға мәлім.

Мен сол кезде бұл шараның, ең алдымен, кезекті науқаншылдыққа айналып кетпей, келелі кемел іске арна тартарын ойлағам. Өйткені, өткені өшкен халықтың болашағы бұлыңғыр екені аян.

Сондықтан да бұл шара бірінші кезекте халқымыздың жылнамасындағы «ақтаңдақтардың» орнын толтыруға, тоталитарлық жүйе тұмшалған сананы оятуға, мұқалған намысты қайрауға бағытталды.

Бүгін мен көкірегімнің терең түкпіріндегі сол ойымнан шықтым, көксеген мұратыма жақындадым деген пікірдемін.

Себебі, осы пәрменнің аясында нысаналы жұмыс жүргізіліп, халықтың зердесіне нұр құятын көптеген қомақты істердің іске асырылғаны өздеріңізге аян.

Әсілінде, қай істе де, ең бастысы, түрен тарту, қозғау салу екен. Істің барысы сол жылдың төңірегімен тұйықталып қалған жоқ.

Ойға алған ісіміз күннен күнге өріс алып, тереңге тамыр тартып келеді.

Мінеки, бұл шараның басты жемісі — бітелген қуатты қайнардың көзін ашып берді.

Мен осы салтанаттың алдында кезінде тәуелсіздік жолындағы жанкешті күресі қарақшылық қарекетке телінген қазақтың соңғы сайланған ханы — Кенесары Қасымұлының туғанына 200 жыл толуын тойлаған Көкшетау өңірінде болған едім.

Сол тойда жүргенде өзіміз бала кезімізде көрген «Его время придет» деген Шоқан Уәлиханов туралы фильм есіме түсті. Фильмнің қазақ тілінде әртүрлі айтылып келуіне байланысты мен орысша атауын айтып тұрмын.

Сонда осы Тараздың — сол кездегі Әулие-Атаның түбінде полковник Черняевтің жазалаушы отрядының қосынында болған Шоқанның Кенесары бабамыздың кенжесі Сыздық сұлтанмен кездескен кезі есіме түсті.

Естеріңізде болар, Шоқан мен Сыздықтың рөлдерін атақты актерлеріміз Нұрмұқан Жантөрин мен Құрманбек Жандарбеков ағаларымыз орындаған еді.

Шоқанның өз бастығының екіжүзділігіне, керек десеңіз, самодержавиенің екіжүзділігіне қапаланып, әскерден кетуі, Сыздық сұлтанның ағайынымен тіл табыса алмай қайсарланып жөніне кетуі есте қалыпты.

Сонда мені қайран қалдырған жәйт — «оның сағаты соғады, уақыты келеді» деген көріпкелдің аузымен айтылғандай осы фильмнің атауы еді. Тағдырдың талайын қараңызшы...

Міне, сол уақыт келді, ағайын!

Бұдан біраз уақыт бұрын ежелгі Мысыр елінде он жеті жыл бойы патшалық құрған батыр, баһадүр бабамыз Бейбарыс Сұлтанның көрнекті ескерткішін Атырау қаласында сомдадық. Абылай мен Әбілқайырдың, Қабанбай мен Бөгенбайдың, Кенесары мен Қарасайдың, олардан ілгері-кейінді ғұмыр кешкен ардақты, аруақты перзенттеріміздің құрыш бейнелерін халқымыздың назарына ұсындық.

Қаладағы мемлекеттік университет ғимараты алдында тұрған әйгілі бабамыз Мұхамед Хайдар Дулатидың еңселі ескерткіші сол ұлы бабаларымызды бастап, осы біздің бүгінгі қуанышымызға құтты болсын айтып тұрғандай әсер етеді маған.

Кашмирдің қоңыр топырағында сүйегі жатқан Мұхамед Хайдар бабамыз «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінде «Байдаған бектен» таратып, өзінің арғы тегін айта кеткен. Сол атақты шежіреде есімі зерделенген қасиетті бабаның туған топырақта бой көтерген бұл ескерткіші — мәңгілікке жалғасқан қазағымыздың да киелі тарихы.

Қираған қалаларымыздың, құм басқан далаларымыздың тарихын көнеден жеткен жәдігерлер мен арғыдан жеткен асыл ескерткіштер жазады. Біз ұлы тұлғаларымызға ескерткіш қою арқылы санамызды сергітіп, рухымызды көтеріп, мерейімізді тасытамыз.

Бүгінгі күні Бәйдібек бабаның ескерткішін аша тұрып, біз өзіміздің аруақты ұлы бабаларымыздың рухын қайта тірілту арқылы халқымыздың жады мен зердесін оятып, имандылық пен адамдықтың алтын арқауын қоса өреміз.

Кейбір деректер бойынша, Тәшкен шаһарының жанында дүниеге келген бабамыз, қазіргі тілмен айтқанда, Үкімет басшысы деңгейіне дейін көтеріліп, халқы аузына қараған қайраткер.

Сан ұлтты ұлысты ұрыстырмай, тегі бір, тіні бір бауырлас халықтарды бір тудың астына жинай білген бұл бабамыз — біздің бүгінгі заманға да тағылымы мол перзент.

Қысылтаяңда қол бастаған, даулы жерде сөз бастаған, билікті жерде бой көрсетіп, білімді жерде ой көрсеткен бабамызға сомдалған бұл ескерткіш тараздықтардың, күллі Жамбыл облысы жұртшылығының осы айтулы мерекеге ең үлкен сыйы деп ойлаймын. Сол үшін де Сіздерге көп рахмет, бауырлар!

Бұл қуанышқа сан ұлтты тоғыстырған еліміз тегіс ортақ. Береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың, өзара түсіністік пен сыйластықтың туын бірге көтерген халқымызды Тараздың тарихи тойымен құттықтай отырып, осы керемет үрдіс пен кемел күндеріңіз ұзағынан болсын деп тілек айтамын.

### **Кымбатты ханымдар мен мырзалар!**

#### **Ардақты ағайын!**

Тараз тарихы туралы толымды шежірені тарихшылар жаза жатар. Біздің міндет — тарихтың тағлымын зерделеу.

Өткенімізді түйсіну арқылы қазіргімізді нықтау, келешегімізді сомдау.

Былтырғы жылы ежелгі қазақ хандығының қара шаңырағы, иісі түркі жұртының киелі мекені — қасиетті Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өткен біз еліміздің ендігі бір ежелгі шаһары екі мың жылдық ерен шежіресі бар — қарт Тараздың салтанатына жиналып тұрмыз.

Бұл екі салтанаттың да әлемдік өркениеттің тарихындағы бірде-бір татымды оқиғаны жадынан қалт жібермеуге тырысатын ЮНЕСКО-ның аясында аталуы — біз үшін үлкен ғанибет. Тараздың басты тағлымы да, міне, осында жатыр.

Ендеше, біздің бүгінгі тойдың бұдан да тереңірек тағлымына үңілгеніміз жөн. Біз, ең алдымен, осы оқиғаның ішкі мәнін терең түсінуге, өткеннің сабақтарын терең қорытып, жаңа заманымызға лайық менталитет қалыптастыруға тиіспіз.

Біз бұл салтанатты кешегісінен, яғни өткендегі ізгі дәстүрлерінен қол үзбейтін, жаңа заманаға лайық жаңғырта алатын, келешегін кемел ойлайтын рухани орта қалыптастыру үшін пайдалануымыз керек.

Шындығында мұнда, осы Тараз төңірегіндегі және онымен тағдырлас қалаларда, ғажайып қуатты рухани орта болғаны баршаға аян.

Менің бұл тұста айтпағым: Бүгінгі Тараздың бойынан, міне, осындай қуатты рух есіп тұруға тиіс.

Ол бедерлі баяғысы мен берекелі бүгінгісі астасып жатқан, тұрғындарының бойынан білімділік пен инабаттылық, іскерлік және осы Тараздай қалаға лайық биік мәдениеттің лебі есіп тұратын өзіндік бітімі, салауатты тұрмыс салты бар ХХІ ғасырдың хас сұлу қаласына айналуға тиіс.

Солай болатынына менің көзім жетеді. Мен осы тойдың үстінде көнелерін қадірлеп, тарихи жәдігерлер Қарахан, Айша бибі, Баба ажы хатун кесенелеріне, Қали Жүніс моншасына және Тектұрмастың басында жүргізілген жаңғырту жұмыстары үшін тараздықтардың қажыр-қайратына деген ризашылық сезіміне бөлендім.

Осы бүгін пайдалануға берілген қала орталығындағы Жастар кешенін, жаңадан тұрғызылған тұрғын үйлерді, бірсыпыра орындарға ине-жіптен жаңа шыққандай етіп, мұқият жүргізілген жөндеу жұмыстарын көріп, мен қала жұртшылығына шынайы ақ алғысымды арнаймын!

Алдағы уақытта Таразды абаттандыра түсетін, халқының жұмыспен қамтылуын, тұрмысын жақсартта түсетін жаңа кәсіпорындар салынып, әртүрлі себептердің ығытымен тоқтап қалған бірсыпыра бұрынғы кәсіпорындар қайтадан іске кіріседі, кәсіпкерліктің өрісін кеңейтуге мықтап бағыт ұсталады. Оның бәрі де өздеріңізге мәлім.

### **Ардақты ағайын!**

### **Қадірменді меймандар!**

XXI ғасырдың бізге жүктеп отырған міндеттері де үлкен!

Ең алдымен, біз барлық күш-жігерімізді тәуелсіз мемлекетімізді барынша нығайтуға, жаңа ғасырдың талаптарына лайық демократиялық, азаматтық қоғам құруға, қауіпсіздігімізді нығайтуға, экономикамызды өркендетуге жұмылдыруымыз керек. Солай істейміз де!

Той тойға ұлассын, ағайын! Бұл тойымыздың ырысы еліміздің жаңа тойларына жұғысты болсын!

## Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің I отырысында сөйлеген сөзі

Астана қаласы, 2002 жылдың 22 қазаны

### Уважаемые участники заседания!

Сегодня мы проводим первое заседание консультативно-совещательного органа при Главе государства — Национального совета Республики Казахстан. Поскольку это, в какой-то мере, новое явление в нашей жизни, хотел бы сказать по этому поводу несколько слов.

Как вы видите, в состав Совета входят руководители Правительства, Парламента, Администрации, отдельных министерств и ведомств, областей, многих городов и районов страны, представляющих как представительную, так и исполнительную власть. В нем участвуют также представители деловых кругов, профсоюзов, средств массовой информации, науки, культуры, социальной сферы, общественности страны. Этот состав по мере необходимости, как это и предусмотрено положением, может периодически изменяться или пополняться. Национальный Совет призван обсуждать на своих заседаниях наиболее важные вопросы государственного строительства, экономического и социального развития, политических и общественных проблем. Вырабатываемые по итогам этих обсуждений рекомендации будут учитываться при принятии государственных решений как Главой государства, так и всем политическим руководством страны. Но главное, представляя собой некий срез общества, Совет позволит более полно и широко учитывать мнение народа, обеспечивать открытость и гласность в работе высшей власти страны, более полно обеспечивать взаимодействие и согласованное функционирование всех ее ветвей с обществом. Первое заседание Национального совета объявляю открытым.

Учитывая общественно-политическую значимость возрождения села, роль сельского хозяйства, как системообразующей отрасли, в обеспечении дальнейшего экономического роста страны, мы решили на это заседание вынести вопрос «О проекте Земельного кодекса».

Иными словами, сегодня мы должны обсудить вопрос о введении частной собственности на землю. Предваряя обсуждение, отмечу, что этот вопрос для нас является ключевым. И от того, насколько далеко мы решим пойти в вопросах земельной реформы, будет зависеть судьба не только собственно села, но в целом перспективы развития страны.

Без всяких преувеличений можно сказать, что сегодня мы с вами обсуждаем вопрос, который может открыть новый политико-экономический этап в жизни страны. Еще на праздновании 40-летия поднятия целины я сказал, что вскоре не будет колхозов и совхозов. Тогда многие всерьез не восприняли эти слова. Но время меняется. Были скептики и при проведении приватизации, и при переносе столицы, но мы это сделали. Теперь наступила очередь земли. Крестьянин должен стать хозяином, а земля не должна остаться сиротой. Главное в этом вопросе — не сделать ошибки, постараться учесть все нюансы. Нам надо сделать этот важный шаг. За прошедшие 11 лет это один из самых фундаментальных вопросов наших реформ. Он затрагивает интересы не только нынешнего, но и будущих поколений.

Нужно сказать, что правовые основы введения института частной собственности на землю у нас имеются. Они заложены в пункте 3 статьи 6 Конституции страны, где записано: «...Земля может также находиться в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом».

Да, можно было бы еще раньше предусмотреть и даже провести более радикальные статьи о частной собственности. Но тогда мы не стали этого делать по многим соображениям как политического, так и чисто экономического свойства. Мы считали, и время показало правильность наших предположений, что сначала надо принять кардинальные меры по оздоровлению сельскохозяйственного сектора экономики. Потребовались годы, чтобы наделить крестьян землей, осуществить разгосударствление хозяйств, да и, образно говоря, мышления. Необходимо было время, чтобы крестьянин освоился с самостоятельностью, проникся ответственностью, научился сам решать свои проблемы, почувствовал себя хозяином и собственником своей продукции, научился считать деньги и наладил собственные хозяйственные связи.

Потом пришло время финансового оздоровления хозяйств. И тем не менее, мы продолжаем дотировать сельское хозяйство, списывали долги с крестьян. Наступило время для кардинального изменения и улучшения ситуации на селе. Как вы знаете, предстоящие 3 года посвящены развитию аула и туда будут направляться значительные государственные средства. Всех призываю направить свою работу на село, в том числе и наших скептиков. Уже пришло время принять аксиому, гласящую, что любое законодательство меняется сообразно поступательному развитию общества, и этот процесс особенно характерен для стран с переходной экономикой. Из множества целевых установок, в силу которых, как мне кажется, нам надо идти на следующий решительный шаг в серьезном ускорении развития агропромышленного комплекса, я бы выделил три.

Во-первых, в качестве приоритета у нас должно быть обеспечение продовольственной самодостаточности и увеличение поставок на экспорт.

Во-вторых, сельское хозяйство, как цельный агропромышленный комплекс, может и должно стать и стабилизирующим звеном, и стимулирующей точкой дальнейшего роста экономики страны, наряду с другими системообразующими отраслями.

В-третьих, создание на селе достойной среды обитания, предусматривающей и решение производственных задач, и повышение благосостояния, и соответствующий уровень культуры, здравоохранения, образования, предоставляющей все возможности реализации гражданских прав и свобод.

Всего этого можно быстрее добиться при условии введения института частной собственности на земли сельскохозяйственного назначения, формирования земельного рынка. Это снимет многие преграды на пути развития производительных сил на селе, позволит создать здесь слой истинных и рачительных хозяев, даст им возможность свободно распоряжаться плодами своего труда, укреплять благополучие своих семей. Именно на этом пути мы сможем расширить финансовые возможности возрождения сельского хозяйства, привлечь в отрасль широкие инвестиции.

Тема частной собственности на землю, создания ее рынка достаточно часто становится предметом опасных политических спекуляций, способных расколоть общество. При этом нередко в роли «народных радетелей» в большинстве случаев выступают не сами сельские труженики, а люди весьма далекие от проблем села.

По данным социологического опроса, проведенного Министерством культуры, информации и общественного согласия, 70% фермеров выступают за введение частной собственности на землю. И я уверен, что они будут работать с удесятеренной энергией на земле, если станут подлинными ее хозяевами. Они будут покупать новую технику, удобрения, нанимать агрономов, заниматься семенным делом, племенным скотом. Пришло время привести законодательство в соответствие с требованиями рынка.

Совершенно правильно, что наряду с правом частного владения сохраняется институт аренды. Предусматривается достаточно гибкая система выкупа земельных участков, а также определяются меры по изъятию и перепродаже земли, если она не обрабатывалась или использовалась незначительно. Поставлены справедливые ограничения для иностранных граждан и лиц без гражданства. Определены предельные размеры выкупаемых земельных участков для физических и юридических лиц. Согласно проекту Кодекса приоритетное право выкупа земли имеют крестьянские хозяйства и граждане, которые сегодня уже трудятся на этой земле и другие граждане, постоянно проживающие на селе. Все это надо доходчиво объяснять людям.

Нужно учитывать, что по данным социологических исследований около 20% опрошенных выступают или против введения частной собственности на землю, или относятся к этому шагу настороженно. Это говорит о том, что следует внимательно изучить причины такого отношения. Всем акиматам надо заняться разъяснительной работой. Если необходимо, то опубликовать проект закона. Я согласен даже пойти на рассмотрение вопроса о проведении референдума, но стоит ли идти на такое дорогостоящее мероприятие, когда есть Парламент.

Весь этот комплекс вопросов мы и должны обстоятельно обсудить на сегодняшнем заседании.

## Бүкіләлемдік қазақтардың II құрылтайында сөйлеген сөзі

*Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, 2002 жылдың 23 қазаны*

### **Ардақты ағайын! Құрылтайдың құрметті қонақтары!**

Бүгінгі күн — жұмыр жердің бетіндегі қазақ атаулыға айтулы күн екені күмәнсіз. Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қаңдастарымыздың 400-ге жуық өкілдері әлем қазақтарының екінші құрылтайына жиналып отыр. Міне, көңілдері Атажұрт деп алып ұшқан алыстағы ағайындарымыз киелі Түркістан төрінде мәре-сәре күйге бөленген тамаша мерекенің куәсі болуда. Қуаныштарыңыз құтты болсын, бауырлар!

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы аса бір қуанышты жағдайда өткені баршамыздың есімізде. Тәуелсіздік туын желбіреткенімізге бір-ақ жыл толып, жас мемлекетіміз тұсауын кескен сәби тәрізді аяғынан енді басқан сол бір уақыттың қиындығына қарамастан, тағдырдың тәлкегіне ұшырап, туған топырағынан көз жа-зып қалған бауырлардың басын қосқан жөн болар деген ұйғарымға келгенбіз.

Содан бері, мінеки, 10 жыл өтті. 10 жыл тарих үшін қас қағым сәттей болуы мүмкін. Бірақ, жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Соңғы 10 жылда 10 ғасырға татитын оқиға болды десек артық айтқандық болмас.

Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болып қадам ба-сты. Әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және әлемдік қауымдастықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болып, өз егемендігін заң жүзінде де, іс жүзінде де дүниежүзіне тегіс мойындатты. Қысқасы, дүние картасында Қазақстан атты өз билігі өзінде, өзгелермен терезесі тең жас мемлекет пайда болды.

Әлем дамуының бүгінгі қарқыны тым тегеурінді. 70 жыл бойы айдарынан жел есіп келген алып ел — Советтер Одағының өзі де оған төтеп бере алмай, әлем картасынан жоғалып тынды. Сол күйреген алып империяның аумағында Тәуелсіздікке ие болған біз сияқты елдердің өткен 10 жылдықта басынан кешкендері, тағдыр талайы әрқилы.

Біреулері экономикада бауырын әлі жазып кете алмай катса, біреулері ел ішіндегі бірлігін сақтай алмай, бір-біріне қарсы қару жұмсауға дейін барды. Біреулері тұрмыс жағдайының нашарлығынан халқының босқын атанып, өз жерінен өзі безіп кетуіне жол берсе, енді біреулері реформаны желеу еткен желсөз иелерінің көшедегі айқай-сүреңінің шырмауынан шыға алмай келеді. Шүкір, біздің еліміз, ондай-ондай сорақы жағдайлардан атымен аулақ.

Ата заңымыздың қабылдануы, мемлекеттік рәміздеріміз — елтаңба, ту және әнұранымыздың бекітілуі, ұлттық валюта — теңгенің енгізілуі Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасуының аса маңызды кезеңдері болды.

Кейін 1995 жылы жаңа Конституция қабылдау қажеттілігі елімізде болған сая-си және әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістерге байланысты туындады. Сондықтан да жаңа Конституция — бүкіл халық болып таңдап алған демократиялық даму жолының түпкілікті жеңісі болып табылады.

Мемлекеттіліктің бір күнде орнамайтыны және оны бір ұрпақ құра алмайтыны белгілі. Қазақ мемлекеттілігін құруға сан ұрпақтың сан ғасырлық ғұмыры мен күш-жігері кетті.



Бірақ тарих жолы қашанда тайғанақ. Тарихта талай дәуірлеген кездеріміз де болған. Талай басымыздан бақ ауып, кер кетірген кер замандарға да кез келгенбіз.

Сол себепті де осы кезге дейін елдігіміздің жолында қан төккен қайраткерлердің есімін айрықша құрметпен еске аламыз.

Алайда, шын мәнінде толық қанды тәуелсіздік пен толық қанды мемлекеттілік орнату абыройы біздің ұрпаққа ғана тура келгенін мақтанышпен айта аламыз.

Ата-бабаның арманы болған осы тәуелсіздікті ойдағыдай орнықтыру үшін қыруар шаруа тындыруға тура келді. Қазақ елі соңғы 10 жыл ішінде тағы да көп қиыншылықтардан өтті.

Бірінші міндет — кеңес билігінен кейін тұңғыш рет өз мемлекетімізді құру болды. Тарихымызға қанша үңілсек те қазақ елі өз тарихында дәл бүгінгі ауқымда, дәл бүгінгі бүкіл дүниеге танымал мемлекет құра алған емес. Қазақтың осындай мемлекеттігі бүгін бар!

Екінші. Тәуелсіздікті жариялау бар. Бірақ сол тәуелсіздікті сақтап қалу, оны нығайту одан да қиын. Біз сақтап та қалдық, экономикамыз тұрақтап, нығайып, дүние жүзіне силы мемлекет те бола білдік. Қауіпсіздігімізді нығайту үшін өз әскерімізді құрдық. Шекарамызды анықтадық.

Үшінші. Біз саясатты өзгертіп, өркениетті елдер қатарына қосылуға қадам бастық. Демократиялық жүйеге бет бұрдық. Тарихында соққы мен жаншу астында тұншыққан қазаққа бас бостандығын әперіп, азат еттік, сөз бостандығын, бас бостандығын алып бердік.

Төртінші. Қазақстан экономикасын осы аз жылдың ішінде нарықтық экономика ретінде бүкіл дүние мақұлдады.

Әр адамға шаққанда біз ТМД-да ең көп инвестиция тарта білдік (көлемі 20 млрд. доллардан астам). Соның арқасында елдің алтын қорын жинақтап, болашақ ұрпаққа арнап ұлттық қор аштық. Экономикамыз жылына 8–12% өсіп келеді. Жағдай да түзеліп келді.

Бесінші. Ғасырлар бойы шешілмеген ұлы Қытай мемлекетімен шекара мәселесін шешіп, достық шарт жасастық. Жаңа Ресеймен мәңгілік достық шартқа қол қойдық. Орталық Азиядағы ағайын көршілермен достықты нығайттық. АҚШ-пен стратегиялық әріптес бола білдік.

Алтыншы. Ең асылы — біз көп ұлтты бола отырып, халықтар достастығын, ел байлығын сақтай білдік.

Жетінші. Көне тарихымыздан бері тұңғыш рет өз Астанамызды, өз Ел Ордамызды 4–5 жылда орнатып, бүкіл дүниені таң қалдырдық. Астананы ғарыштан қазақ — ғарышкер Талғат Мұсабай құттықтады.

Бұл жеті жетістік, тек қысқаша қорытынды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш. Танылған қазақ елмен бірге байып келеді. Кедейдің жағдайы түзеліп келеді, шүкір. Бұл бәріміздің жетістігіміз. Сонымен біз тарихымызда өшпес істер жасап, қазақтың еңсесін көтердік.

Әрине, жасай алмай жатқан нәрселер әлі де жетеді, бірақ ілгері жылжу басталды. Біз үшін бұл үлкен жетістік.

Қазақ жерінің қақ ортасынан Астана секілді елорданың бой көтеруі жаңа кезеңге аяқ басқанының белгісі деп қараған жөн. Жаңа астананың болашағымыз үшін стратегиялық мәні өте зор.

Алайда жаңа мыңжылдық басталған бетте-ақ тап онша мамыражай бейбіт мінез көрсетпеді. Қырғын соғыс, құлақ естіп, көз көрмеген террорлық әрекеттер, әлемдік деңгейдегі текетірес, ұлтаралық, мемлекетаралық қақтығыстар толастар емес.

Нашақорлық пен маскүнемдік те оңай жау болып тұрған жоқ. Мінеки, осындай қырық пышақ заманда от пен суға ұрынбай, қатерлі өткелдерден аман өту тек ел билейтін бір адамнан ғана емес, бүкіл баршамыздан айрықша естиярлықты талап етеді.

Оның үстіне бүгінгі әлемдік дамудың қарқыны өте үлкен, оған ілесу оңай емес. Ал өркениет кеңістігінен өз орныңды табу одан да қиын. Ол үшін биік мәдениет керек. Биік мәдениетті күшті ұлттар ғана жасай алады. Ал күшті ұлт болу үшін ең алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық, татулық керек.

Ел бірлігін нығайтуда ұлттық мәдениеттің, әдебиет пен өнердің, дәстүр мен әдет-ғұрыптардың орыны ерекше. Бірақ бұл мәселеде де бір орында тапжылмай тұрып қала алмаймыз. Біз әлемдік мәдениеттің құндылықтарымен үндесіп жатқан жаңа заманғы қазақтың озық мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

Бұл арада мен еліміздегі мемлекеттік тіл — қазақ тілінің айрықша маңызын атап өткім келеді. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі, әрине, тіл. Өйткені толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес.

Қазақ тілін дамытудың мемлекеттік жоспары жасалған, енді соны жүзеге асыру жағына қатты көңіл бөлуіміз қажет.

Біз қазақ халқы — мемлекеттің негізін құрушы, оның тағдырына жауап беруші, ішіміздегі өзге ұлт өкілдеріне өнеге көрсететін, барлық істе бастамашы болуға тиісті ұйтқы халықпыз. Сондықтан үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсете білген жөн. Тағдыр бізді осындай көп ұлттылыққа еріксіз алып келді.

Өзге ұлт өкілдерімен кикілжіңді болдырмауды да, өз ішімізде орыс тілді немесе қазақ тілді болып бөлінуге жібермеуді де қазақтардың өздері қадағалаулары керек. Рас, өз тілінен көз жазып қалғандар арамызда баршылық. Бірақ бұған олардың жеке бастары кінәлі емес.

Ел бірлігі туралы сөз болғанда, біз өз дініміз исламға тоқталмай кете алмаймыз. Әрине, исламның рухани әлемі өз алдына жеке әңгіме. Біз бұл арада исламның тарихи тұрғыда қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі жұртының қалыптасуына игі ықпал жасағанын тілге тиек етпекпіз. Діннің тұтастығы — қашанда елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан белгілі.

Бірнеше дін өкілдерінен тұратын халықтардың мұсылман, христиан болып, ал бір дінді ұстанып отырып-ақ, оның тармақ-тармағына бөлініп, өзара алақөз болған елдердің бастан кешіп отырған тауқыметтерін көріп те, біліп те жүрміз.

Сондықтан қалыптасқан дінге өзгеріс енгізбек болып, өздерінше жаңашылдық танытпақшы болып жүргендерге отпен ойнауға болмайды деген ескерту жасағымыз келеді.

Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі — данышпан Ахмет Ясауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырды. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырып келеді. Сондықтан ұлттық сипатқа айналған дәстүр мен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келетіндерге жол бере алмайтынымызды ашық айтамыз.

Жалпы екі заттан — діни фанатизм мен діни дүмшеліктен бірдей сақтанған жөн.

### Ардақты бауырлар!

Сіздер сыртта жүрсеңіздер де, туған елдің тұғырының биіктей беруіне тілектес екендіктеріңізді жақсы білеміз.

Ал, ол тұғыр қайткенде биіктей бермек? Ол үшін не қажет? Ол үшін халқымыздың уыздай ұйыған ынтымағы қажет. Ал ондай ынтымақ бізде бар! Бұған — республиканың он жылда саяси-әлеуметтік, экономикалық өміріміздің барлық салаларында қол жеткізген табыстары айғақ.

Ынтымақ, бірлік болмаса, өтпелі кезеңнің алғашқы жылдарында жамбастап жатып қалған өнеркәсіп алыптары қайтадан бой көтермес еді, еліміздің экономикасына, халқымыздың күнделікті тұрмысына қажет өнімдерді шығара алмас еді, елімізде соңғы 5 жылда ішкі жалпы өнімінің нақты өсімі 26%, ал кейінгі 3 жылда 36% деңгейіне жетпес еді.

Мұндай табыстардың қайнары — Қазақстанның әуел бастан-ақ өзінің даму бағытын айқын белгілеп алуында жатыр.

Ол — «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясында межеленген шептерге қарай бекем қадам жасап келе жатқанымыздың көрінісі. Оның қабылданғанына бұл күндері 5 жыл толды. Отандық және шетелдік сарапшылардың бұл бағдарламаның өміршеңдігін ерекше атағаны бәрімізді мақтаныш сезіміне бөлейді.

Экономика мәселелерін түбегейлі шешу үшін, ең алдымен, замана талабына сай қарымды, ойы ұшқыр, зерек те зейінді мамандар керек. Оларды даярлау қажет. Еліміз білгір де білікті мамандар даярлау үшін қажет қаржыны тауып отыр.

Республика көлемінде бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жаңа мамандар тәрбиелеп шығаратын жоғары оқу орындары жүйесі жұмыс істейді. Бұған қосымша «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде көптеген жастарымыз білім алып жатыр. Оқуды ойдағыдай аяқтап, елге білікті маман болып оралып жатқандар қаншама?!

Бұл жетістікке жоғары оқу орындары лайықты үлес қосып келеді. Оларда 200-ден астам университеттерімізде мұнай мен газ, кен-металлургия, ауыл шаруашылығы сияқты жетекші өндіріс салалары мен әділет және құқық қорғау органдары үшін нарық экономикасының талаптарына, бүгінгі күннің қажетіне сай мамандар даярланады. Мұндай оқу орындарының республиканың белді қалаларында, облыс орталықтарында шоғырлануы заңды. Өрине, бұл игі дәстүр жалғаса береді.

Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы — барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да — бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық.

Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, Қазақстандағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс.

Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа. Тәуелсіздікке ие болған кезден бері қарай бұған тиянақты назар аударыла бастады.

Қазақтар тығыз мекендеген Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Моңғолия тәрізді елдердің халық арасындағы, мұра-жайларындағы қазақтың тарихына, мәдениетіне,

әдебиеті мен өнеріне қатысты қазына-байлық барша халқымыздың игілігіне қызмет етуі керек.

Бұл орайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қолға алып, жүзеге асырған істер кеңінен қолдауға тұрарлық.

Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің, олардың жергілікті басшылығының қазақ диаспорасына деген көзқарастары да көршілерге тән сыйластық рухына толы. Біз мұндай қарым-қатынас белгілерін қатты құрметтеп, мақтан етеміз. Бауырлас өзбек елінің тұңғыш Президенті И. Каримов қазақ пен өзбек бір халық, қазақтың жауы «өзбектің де жауы» деген сөзін біз ұмытпаймыз. Қырғыз бен қазақ бір туған деген А.Ақиевті біз қолдаймыз.

Мәселен, Ресей Президенті В.В. Путин Қазақстанды ең жақын ел деп санайды. Ресейдің Астрахань, Омбы облыстарының губернаторлары А.П. Гужвин мен Л.Н. Полежаевтың Қазақстан Президентінің «Бейбітшілік және рухани татулық» сыйлығымен марапатталуы — олардың екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту ісіне қосқан үлесіне берілген лайықты баға.

Мен Елбасы ретінде Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайларына байланысты туындап жататын көптеген мұрат-мақсаттарды орындау мүддесіне сай Еуропа мен Азияның, Америка мен Африканың бізбен саясат пен экономиканың әр саласында ынтымақтастық орнатқан белді-белді елдеріне ресми сапарларға жиі шығып тұрамын. Осындай сапар барысында қазақ диаспорасы бар елдерде өз ағайындарымызбен кездесу мүмкіндігін әркез пайдаланып жүрмін. Осы жүздесу кезінде диаспора өкілдері өздерін толғандырып жүрген мәселелерін алға тартады.

Әсіресе, олардың соңынан ерген ұрпақтың атамекенде оқып, білім алуына, тіл мәселесіне қатты алаңдап жүргендерін сезінемін. Бұл — өте-мөте зәру мәселе. Мұны ықтияттықпен шешуіміз керек.

